

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



ISSN 2311-9551



ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

№1 (21)
2021

ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ ЖУРНАЛЫ
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ

Қызылорда

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

ISSN 2311-9551



ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

**ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ ЖУРНАЛЫ
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ**

**№1 (21)
2021**

Қызылорда 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНДЕ 13.02.2014 ж.
ТІРКЕЛГЕН, КУӘЛІК № 14158-Ж

Бас редактор – Досманбетов Б.С., ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор;

Бас редактордың орынбасары – Дауренбеков Қ.Қ., техника ғылымдарының кандидаты;

Жауапты редакторлар – Жусупова Г.А., экономика ғылымдарының кандидаты;
Насимов М.Ө., саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Журнал 2014 жылдан бастап жарық көреді және 2017 жылдан бастап жылына 2 рет шығады.

«Болашақ» университетінің Хабаршысы іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелері мен ғылыми-әдістемелік мақалаларды, сондай-ақ ғылыми конференциялар материалдарын жариялайды.

Редакция алқасы:

Ким И.Л., экономика ғылымдарының докторы, профессор;

Досманбетова З.Р., PhD докторы;

Өтесінов Ж.Ө., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор;

Жанзақов М.М., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент;

Тайманова С.Т., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Байдаулетова А.Ө., филология ғылымдарының кандидаты;

Еспенбетова А.Т., тарих ғылымдарының кандидаты;

Арғынбекова Г.И., заң ғылымдарының кандидаты;

Райымбекова А.Т., экономика ғылымдарының кандидаты;

Шураева С.Н., экономика ғылымдарының кандидаты;

Шумейко Н.Е., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Нұрсұлтанқызы Ж., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Әлібекова Ғ.Б., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент;

Байтасов К.Б., техника ғылымдарының кандидаты;

Есқараева А.Д., филология ғылымдарының кандидаты;

Төлепбергенова А.Ү., педагогика ғылымдарының магистрі.

Техникалық редактор: Алтынбеков Ш.Ғ.

Жауапты шығарушы: Алтынбеков Ш.Ғ.

«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

№1 (21), 2021

Басуға 03.06.2021 жылы қол қойылды. Пішімі 70x106 1/6. Көлемі 7,6 б.т. Офсетті қағаз. Тапсырыс №218. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді. 120000, Қызылорда қаласы, Сол жағалау. «Болашақ» университеті баспаханасында басылды.

МАЗМҰНЫ

ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ, ӘЛЕУМЕТТАНУ, ДІНТАНУ, ТАРИХ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАНУ

Жанбатыр А.С. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МӘТІН: ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ МӘТІНДЕРІН ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН ҮЗІНДІ.....	4
Әпенев Б.М. СЫР СҮЛЕЙЛЕРІНІҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ.....	11
Әпенев Б.М., Байхадамова Г.М. ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТЕГІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ.....	17
Жусупбекова Б.А. ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ІСКЕР ӘЙЕЛДЕРІ.....	27
Камалова Ф.Б. ДІНИ-ФЕНОМЕНОЛОГИЯДАҒЫ КИЕЛІ КАТЕГОРИЯЛАРЫ: ДІНТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ.....	35
Нарымбаев Қ.Д. ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСУДАҒЫ РУХАНИ ТӨРБИЕНІҢ РӨЛІ.....	43
Нұрпейсова Н.Р. АҒЫЛШЫН РЕФОРМАЦИЯСЫ ЖӘНЕ АНГЛИКАН ШІРКЕУІ.....	51
Бимаханов Т.Д., Сыздыкова М.Б. ТРУДОУСТРОЙСТВО ВЫПУСКНИКОВ ВУЗОВ КАЗАХСТАНА: ТЕОРИИ И РЕАЛЬНЫЕ ПРАКТИКИ.....	56
Әбдіраманова А.Т. ТҰЛҒА ФИЛОСОФИЯСЫ ЖӘНЕ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР.....	66
Амитов Ш.Е., Аргинбекова Г.И., Қындыбаева Р.Р. ҚЫЛЫМЫСТАРДЫ АШУ МЕН ТЕРГЕУ ҚЫЗМЕТІН АҚПАРАТТЫҚ ТАЛДАУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.....	69
Амитов Ш.Е., Аргинбекова Г.И., Қындыбаева Р.Р. ҚЫЛЫМЫСТАРДЫ АШУ МЕН ТЕРГЕУДЕ АҚПАРАТТАРДЫҢ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	73
Қаржаубаев Е.Қ., Аргинбекова Г.И., Пиржанова А.С. 1917 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІНЕН KEЙІНГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ.....	77
Жұмаділда Н.Т. АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК: ТАРИХИ ТАЛДАУЛАР.....	81

ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ДЕФЕКТОЛОГИЯ

Қыдырбаева К., Ескараева А.Д. БАЛАЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ ҚАРАЙ ОЛАРДЫҢ ДАУЫСТАРЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ МҮМКІНДІКТЕРІ.....	84
---	----

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ

Ермаханов З., Балымбетов К., Жанзаков М.М. ОЦЕНКА СОСТОЯНИЯ ЗАПАСОВ ОСНОВНЫХ ПРОМЫСЛОВЫХ ВИДОВ РЫБ ОЗЕРА ЖАНАЙ КАЗАЛИНСКОГО РАЙОНА КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	90
Ермаханов З., Балымбетов К., Жанзаков М.М., Алибекова Г.Б. ПРОМЫСЛОВЫЕ ВИДЫ РЫБ ОЗЕРА ТОРТКУЛАК КАЗАЛИНСКОГО РАЙОНА КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	97
Ермаханов З., Балымбетов К., Жанзаков М.М., Баширова Ж.Е. ПРОМЫСЛОВЫЕ ВИДЫ РЫБ ОЗЕРА ТУЗДЫКОЛЬ КАЗАЛИНСКОГО РАЙОНА КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	104
Ермаханов З., Балымбетов К., Жанзаков М.М. ГИДРОХИМИЧЕСКИЙ РЕЖИМ И СОСТАВ ЗООПЛАКТОНА НЕКОТОРЫХ ОЗЕР КАЗАЛИНСКОГО РАЙОНА КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	111

САЯСАТТАНУ, ӘЛЕУМЕТТАНУ, ДІНТАНУ **ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАНУ**

ӘОЖ 801:008(574)

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МӘТІН: ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТИ МӘТІНДЕРІН ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН ҮЗІНДІ

Жанбатыр Амангелді Сапабекұлы,
гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті

Қазақ мәдениеті сан ғасырлар бойы туған халқының дүниетанымын, болмыс-бітімін, тұрмыс-тіршілігін дүние жүзіне паш етіп, қазақ халқының мүддесі үшін қалтқысыз қызмет етіп келеді. Көне дәуірлерден бастау алған мәдениеттің өсіп-өну жолында тарихтың талай бұралаңдары мен соқпақтары кездесті. Сондай қиын-қыстау замандарда мәдениет өзінің адамгершілік, танымдық, көркемдік принциптерінен ауытқымай, мүмкіндігінше халқына адал болуға бар күш-жігерін салып бақты. Оған тарих пен халық куә.

Мәдениеттің өзегі - тіл десек, тілді мәдени құбылыс, рухани қазына деңгейіне көтеретін – көркемсөз, әдебиет. Әдебиет үшін тарихтың берері мол, тарих үшін де әдебиеттің ұсынары аз емес. Әдебиет тарихтан құлашын кеңге сермейтін тақырып, сөз құдыретімен баяндап, суреттеп беретіндей тарихи оқиға іздесе, тарих әдебиет нұсқаларын зерттеу арқылы адамзат тарихының беймәлім қатпарларын ашып, оның өткен жолындағы күңгірт тұстарын анықтайды. Қазақ мәдениетінде осылайша нақты тарихи оқиға мен оның әдеби интерпретациясы мәдениеттанулық тұрғыдан айтқанда *мәтінде* тоғысқанын байқаймыз.

Барлық ізгі рухани белсенділік басылып қалатын бодандықжағдайдан шығып, шынайы еркіндікке қол жеткізу үшін қазіргі жаһандастырудың қатаң бәсекелестігі жағдайында саяси, әлеуметтік-экономикалық дербестікпен қатар, рухани, мәдени тәуелсіздікке де ие болуды да қажет етеді. Бұл үшін замана ағымына лайықты сырттан келген соңғы, бірақ барлық руханилықтан жүрдай жалаң технологияларды енгізу жеткіліксіз, мәңгірттік және маргиналдық жағдайдан арылу үшін ұлт тәрізді күрделі жүйенің қалыпты өмірқамын қамтамасыз ететін төлтума мәдениеттің өзегін құрайтын ұлттық дүниетанымды, рухани бастауларды қайта қалпына келтіру арқылы қоғамның өзіндік мәдени-тарихи санасын қалыптастыру өте өзекті мәселе деп ойлаймыз.

Біздің мақаламыздың зерттеу аясы патшалық Ресейдің отарлау кезеңіндегі қазақ мәдениетін қамтыды. Соның ішінде патша үкіметінің отарлау саясатының бір қыры – жаңа жерлерді, яғни қазақ жерлерін отарлау қазақ халқының мәдениетінде қандай зардабын қалдырды, қазақ мәдениетінің мәтіндерінде сол дәуірлерден қалған қандай белгі,із,ақпарат бар деген сауалға мәдениеттанулық тұрғыдан жауап іздеп, баға беру болды.

Қарастырылып отырған мәдени-тарихи кезеңге жататын қазақ жері, оның отарлануы туралы әдеби, поэзиялық, публицистикалық, ғылыми т.б. шығармаларды қазіргі мәдениеттану ғылымындағы ұстаным бойынша біз *мәдениет мәтіндері* деген концептуальды ұғым аясында қарастырып зерттеуді мақсат тұттық.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген «Әлемдік мәдениет ой-санасы» атты іргелі еңбектің «Тіл мен Мәдениет» деп аталатын томында мәтіннің жаңа мәдени-тарихи контекске түскендегі жағдайы былайша түсіндіріледі: «Жаңа тарихи мәдени контекске түскен мәтін жасалған кезіндегі мағынадан ерекше жаңа мағынаға ие болады. Сонымен дәуірден дәуірге қарай мәдениет туындысының түсінігі өзгеріп отырады. Ол ешқашан түпкілікті, «жалғыз дұрыс» түсінік болмайды. Мәтіндер тарихта өмір сүреді және солармен сұхбаттасқан жаңа буындар олардың мазмұнын жаңадан пайымдап, өмір қоятын сауалдарға жауап іздейді. Осылайша мәтіндердің объективацияға түсуіне байланысты мәдени құндылықтар жойылмайды, өйткені олардың мән-мағынасы үнемі жаңарып отырады» [1, 10 б.].

Жоғарыда келтірілген үзіндіден өз тақырыбымызға орай түйгеніміз: патша отаршылдығы кезінде пайда болған мәтіндер қазіргі заман тұрғысынан ескірген, көне, бұрынғы оқиғаларды суреттейтін, біз өмір сүріп жатқан дәуірге тікелей қатысы жоқтай, онша өзекті емес сияқты көрінуі мүмкін, алайда ол мәтіндермен танысып, ретроспективті түрде болса да сұхбаттасқан жаңа заман оқырманы сол қиын- қыстау кезеңдерді өз ақыл-ой, сезім, қиял елегінен өткізіп, өзі де сол ауыр замандарда болып қайтқандай әсер алып, олардың мазмұнын жаңаша пайымдап, көптеген сауалдарына жауап табады анық. Әлбетте, қазіргі қазақ пен бұрынғы қазақтың арасы жер мен көктей деп те біреулер айтуы мүмкін,дегенмен олардың замандарын байланыстырып тұрған екеуіне де ортақ мәдени көпір – *мәтін* екендігінде дау жоқ деп ойлаймыз.

«Мәдени мұра» бағдарламасымен жарық көрген «Әлемдік мәдениет ой-санасы» іргелі еңбегінің «Тіл мен мәдениет» деп аталатын томынан жоғарыда келтірген кесек үзінді қазіргі мәдениеттану ғылымында мәтін ұғымын қандай кең мағыналы

екенін меңзейді, әсіресе «мәдениетті тану мәтінді тану» деген көзқарас жеке өзіме үлкен ой салды.

Зерттеуші ретінде қазақ халқына ауыр тиген ол тарихи-мәдени кезенді саралауда біз сол дәуірлерден жеткен, халқымыздың рухани, мәдени мұрасына айналған ауыз әдебиеті, поэзиялық, жазба, көсемсөз (публицистикалық) туындыларының ішінен тақырыбымызға қатысы бар мәтіндерді сараптаудан өткіздік, себебі кез келген отарлау саясаты белгілі бір мәдениетте, - біздің жағдайда ол қазақ мәдениеті, өз ізін қалдырмай қоймайды, *отарлаудың барлық зардаптары қазақ халқының ана тілі - қазақ тілі арқылы мәдениет мәтіндеріне түсіп, көрініс тауып, бейнеленіп, сақталып, отарлаушылардың жасаған озбырлығы көрсетіліп, болашақ ұрпақтар мен буындарға жеткізілді.* Осы айтылған ойымыздың дәлелі – жұмыс барысында зерттеліп қарастырылған мәтіндер мазмұны.

XVIII-XIX ғасырларда қазақ рухани мәдениетінде ұлттық тәуелсіздік тақырыбы айрықша мағынаға ие бола дамыды. Бұл патша үкіметінің отарлау саясатының қарқынды жүріп жатқан кезеңі мен ұлттық мәдениетте азаттық, тәуелсіздік, жер мәселесінің көтерілген кезеңі еді. Осы тарихи кезеңде отаршылдыққа қарсы күрес идеясы, жер мәселесі қазақ мәдениетінде қойылып, талқыға түсті, көзі ашық, ұлтжанды зиялы қауым өкілі болсын, өз шаруасымен күн көрген қыр қазағы болсын туған жердің ел уысынан кетіп бара жатқанын көзімен көрді. Бірақ тек жатпады. Біреулер білегімен күресіп жатса, келесілері білімімен отарлаушылармен тартысқа түсті. Себебі, бұл ауыртпалық бір ғана ауыл, ру-тайпаға емес, бүкіл Қазақ елінің басына түскен еді. *Жер үшін жанталас өлең, жыр, мақала болып мәтінге түсіп, отаршылдық дәуіріндегі қазақ мәдениетінің негізгі өзекті тақырыбына айналды.*

Беймәлім тұстары көп көне ғасырлар қойнауына үңілмей-ақ, бергі тарихқа танымал Ресейлік патша үкіметінің Қазақ Елін отарлау заманынан түйдегімен жеткен мәдениет мәтіндерінің үлкен шоғырының өзі-ақ әлем алдында қазақ мәдениетінің отаршылдыққа қарсы сөз құдыреті арқылы күресін айғақтар төлқұжаты іспеттес. Өз басым осы дүниелерді парактай қарап отырып, осындай жырларды, өлеңдерді, мақалаларды, әдеби, саяси, ғылыми шығармаларды хатқа түсірген әр заманда өмір сүрген қазақ мәдениеті өкілдерінің елдік сана-сезіміне, туған жеріне деген махаббатына, қазіргі замандағыдай емес, жеке басынан гөрі ұлт мүддесін бірінші қойып, соған қалтқысыз қызмет жасауына таңдандым. Ұлылық деген, білім кеңдігі деген осы-ау деген ойға кетемін. Бұлар - ұлағатты үлкен мәдениеттің, тарихы терең далалық, даналық таным мектебінің өкілдері еді. Олардың

көбісінің академиялық білімі, ғылыми атақ-мансаптары болған жоқ, алайда оларда имандылық пен адамгершіліктің, туған елі мен жеріне, ұлтына сүйіспеншіліктің тектілік деңгейіне жеткен биік үлгісі болды. Халқымыздың рухани жаңғыруы осындай өз жеріне деген шынайы сезімдерді риясыз дәріптейтін мәтіндерді оқып білуден, көркем ой-санамыздың шығу тегін танудан басталуы тиіс деп ойлаймын. Көненің көзіндей болып жеткен осындай асыл қазыналар халық игілігіне жаратылып, жаңа Қазақстанның азаматтарын тәрбиелеуге қызмет етуі қажет.

Ғасырлар бойы жалғасып, ұлттың жадында сақталып келген рухани қазыналарды жаңғыртпай, жетпіс жылдай жабулы қазан күйін кешкен қазақ мәдениеті өкілдерінің мұрасын ғылым, білім айналымына шығармай, тек басқа ұлттар мен ұлыстардың рухани байлығымен көсегеміз көгереді деу болашақта космополиттер мен мәңгірттер тәрбиелеуге бастар жол болар еді деп есептейміз.

Қазақ ауыз әдебиетінің мәтіндерінде болсын (тарихи өлең-жырлар, «зар заман»), Шоқан, Ыбырай, Абайдан бастау алған жазба мәдениетінде, одан кейінгі Алаш қайраткерлерінің әлеуметтік-мәдени қызметінде болсын қазақтың жері мәселесі жан-жақты сараланды. Дегенмен қазақ жерін отарлау мәселесіне байланысты зерттеулер тарихи, әдеби, экономикалық, саяси-әлеуметтік көзқарастармен шектеліп келді. Патша үкіметінің қазақ жерлерін отарлау саясаты салдарынан қазақ халқының мұң-зарынан пайда болған мәтіндерді мәдениеттанулық тұрғыдан саралау енді ғана қолға алына бастады.

Алайда қазақ мәдениетінің сан алуан проблемалары түрлі зерттеулерде толық қамтылды, бірнеше ғасырларды қамтыған отаршылдық сияқты құбылыс толық айқындалып, өзекті мәселелері шешімін тапты деп айта алмаймыз, өйткені зерттеле түсетін мәселелер ұшан теңіз. Қазақ мәдениетінің мәтіндеріндегі жер мәселесінің қыр-сыры тек қана тарихи, әдеби, этнографиялық әдебиетпен шектелмей, философиялық және мәдениеттанулық ізденістерде көрінуі тиіс деп есептейміз.

Қазақ мәдениетінің сан-салалы мәселелерін жан-жақты, объективтік көзқарас негізінде тәуелсіз сана тарапынан жаңаша зерттеу егемендік алған жылдары ғана мүмкін болды. Қоғамдық ғылымдар саласында мәдени-тарихи үдерістер көп жағдайда марксистік қоғамдық-экономикалық формация, таптық теория тұрғысынан түсіндіру үрдісіне байланысты болғаны белгілі. Қазақстанды отарлау жайлы ғылыми ізденістердің, қоғамдық ой-пікірлердің кеңестік идеологияға тікелей сай келмейді деп есептелгендері ондаған жылдар ғылыми ізденіс ауқымынан тыс қалды. Белгілі тарихшы Е. Бекмахановтың «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты еңбегін және оның авторын

сондай тағдыр күтіп тұрған еді. Десе де, қазақ рухани элитасының кейбір ой-пікірлері ғылымда басшылыққа алынған ұстанымдарға, ізденістерде қойылған мақсаттарға сәйкес, ғылыми сын нысанасы ретінде келтіріліп отыратын. Қазақ рухани мәдениетінде жерді отарлау мәселесін танып-білу, зерттеу ісіне алғашқы кіріскендер – тарих, әдебиет, құқық мамандары мен мәдениет қайраткерлері болды. Мысалы, белгілі тарихшы Б. Сүлейменовтың 1963 жылы Алматыда жарық көрген «Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX - начала XX века» атты көлемді зерттеу еңбегі қазақ жерін патшалық отарлаудың «қызып тұрған» 1867-1907 жылдарын, орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныстандыру саясатын қамтыды. Профессор Ғ. Сапарғалиевтың 1966 жылы жарияланған «Карательная политика царизма в Казахстане» атты еңбегі, атауы айтып тұрғандай, патша үкіметінің қол астындағы Қазақ еліне жазалау саясатын қалайша жүзеге асырғанын жеткізді.

Тәуелсіздік алғаннан бері қазақ жер мәселесін өзінің қоғамдық-саяси зерттеулері мен көсемсөз мақалаларының тақырыбына айналдырған жазушы, ғалым Сапабек Әсіптің шығармашылығын атап өтпесек те болмайды. 1994 жылы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген «Қазақ қасіреті» кітабы еліміздің зиялы қауымы мен қалың оқырмандардың лайықты бағасын алған еңбек болды. Содан кейін шыққан «Қатерлі дерт, қалжыраған халық» (1998), «Танталовы муки Степи» (2001), «Қауқарсыз қазақ мәселесі» (2009) атты еңбектерінде қазақ жерінің отарлану тарихы, оның қазақ халқына әкелген зардаптары, жер мәселесінің бұрынғы және қазіргі жағдайы жан-жақты зерттелді.

Сонымен қатар, біз жер концептісінің қазақ мәдениетіндегі орнын анықтауға, осы ұғымның бұрынғы және қазіргі мәдени маңызын білуге талпыныс жасадық. Жер концептісі «өмірлік маңызға ие», «тіл иегерлерінің ұлттық жады қоймасында сақталған» қазақ мәдениетінің ең іргелі де тұрақты, мәдени құрылым құраушы сипаты басым, қазақтың төл ұжымдық салт-санасының бедерін айқындайтын нақты мәдениеттанулық категория деген болжам төңірегінде ой өрбіттік.

«Ұлттық мәдениеттің тоқырау немесе оның орны толмас ауыр зардаптарға ұшырауы қоғамдық-саяси жағдайларға және т.б. тікелей байланысты екендігін дәлелдеп жатудың қажеті болмас, өйткені «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының өткен тарихы бұл сөзімізге нақты дәлел бола алады. Аз халықтардың немесе тұтастай өркениеттердің құрып кетуі отаршылдықпен, табиғи апаттармен, эпидемиялармен, маскүнемдікпен, нашақорлықпен және т.б. тығыз байланысты болды» [2, 174 б.].

Отарлаушы мәдениеттің отарлануға түсетін мәдениетке түсіретін ауыртпалығы жайлы мәдениеттанушы Т.Х. Ғабитов

мынандай пікір айтады: «Кеңістік аясындағы мәдениеттің табиғи қалыптасқан тұтастығын бұзу осы мәдениетті терең күйзеліске ұшыратады. Мұны Еуразияны Ресей отарлауынан анық байқаймыз. Орыс казактары көшпелілер үшін табиғи кедергі болып табылатын өзендерге бекініп алды. Скандинав теңізшілерінің навигациялық әдістерімен таныс казактар өзендерді орыстың байырғы жерлерімен байланысу артериясы ретінде шебер қолдана білді. Көшпелілерден салт атпен соғысуды жақсы үйренген казактар қайықтарын да тастамады. Осының нәтижесінде көшпелілік этномәдени кеңістіктің буыны үзілді, тұтастығы бүлінді» [3, 76 б.].

Біздің ойымызша, келтірілген үзіндідегі зерттеушінің негізгі идеясы – мәдениеттің қалыптасқан тұтастығын бұзу оны терең күйзеліске әкеліп соғады. Мұндағы мәдени тұтастыққа қол сұғушы ретінде патшалық Ресейдің отаршыл саяси мәдениеті, ал терең күйзеліске ұшыраған – дәстүрлі қазақ мәдениеті деп есептейміз.

Мәдениеттанушы А.Т. Құлсариева: «Адамзаттың рухы мен келбеті,оның ерік-бостандығы мен тарихи зейін-есі, философиялық жүйелері мен рәміз-таңбалық өсиеттері,орны толмайтын шығындары мен өмірлік сабақтары, діні мен тілі,ділі мен мұраттары – осының бәрі мәдениетпен бірге біте қайнасқан. Тіл мәдениетті танытушы құрал. Өзінің өміршеңдік қызметін ол тек өз бойынан ғана емес, мәдениеттің де болмысынан табады», - дейді [4, 50 б.].

Олай болса, патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты да қазақ мәдениетінің болмысында қазақ тілі арқылы өз ізін қалдырғаны ащы да болса шындық екенін мойындаймыз және оған сол дәуірлерден жеткен қазақ мәдениетінің мәтіндері айғақ-дәлел болуға жеткілікті.

ӘДЕБИЕТ

1. Әлемдік мәдениет ой-санасы. 6 т. Тіл мен Мәдениет. – Алматы: Жазушы, 2005. – 568 б.
2. Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Раритет, 2004. – 320 б.
3. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы. - Алматы: ҚазҰУ, 1998. - 202 б.
4. Құлсариева А.Т. Аударма және өркениет. – Алматы: Нұрлы бейне, 2006. – 184 б.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается текст как один из культурообразующих факторов в казахской культуре. Автор приходит к выводу, что этот текст имеет фундаментальное значение для казахской культуры, и воспроизводится как один из

базисных, неотчуждаемых ценностей культуры казахского народа.

SUMMARY

This article examines the text as one of the culture-forming factors in Kazakh culture. The author comes to the conclusion that these texts are of fundamental importance for the Kazakh culture, and is reproduced as one of the basic, inalienable values of the culture of the Kazakh people.

СЫР СҮЛЕЙЛЕРІНІҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Әпенев Болат Мейрамұлы,
философия ғылымдарының кандидаты
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Адам және қоғам өмірінде білім мен ғылымның ролі мен маңызын жоғары бағалайтын ағартушылық идеясы адамзат тарихындағы ең бір ізгілік идеяларының бірі болды. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы адамзат қоғамының қарқынды дамуы, өркениеттілікке аяқ басуы қазақ даласының да көзі ашық азаматтарының ой-толғамына жаңа серпін берді. Олар қазақ қоғамының әлемнің өркениетті елдерімен тең болуының басты алғышарты қоғамның ғылым мен білімге белсенді бет бұруы екенін түсіне білді және өз еңбектерінде қоғамды, жастарды ағартушылыққа үндеп, білім алуға шақырды.

Тұрмағанбет ақынның да өмір сүрген заманы қазақ даласына батыста пайда болып, орыс мәдениеті арқылы қоғам өміріндегі ғылым мен білімнің ролін жоғары бағалайтын ағартушылық идеясының кеңінен ене бастаған кезең болатын. Әр адам өз заманының тумасы. Сондықтан оның ой-толғамдарының өз заманы шындығымен үндесетіндігі заңдылық. Тұрмағанбет те заман ағымынан қалыспай, өз жырларында жастарды білім алуға, оқуға, адамгершілікке, жаман мен жақсыны тануға бірлікке үндейді:

Шәкірттер, бір-біріңмен ұрыспандар,
Мінездің мінін алып, дұрыстандар!
Жолына жамандықтың жақын бармай,
Күтініп күн ілгері жылыстандар!
Күшіктей күжірейіп бір-біріңмен,
Ұстасып, от басында жұлыспандар!
Себепсіз сотанақты қылғандарды
Тезге сап қызыл тілмен, «қылыштандар!»
Жасыңнан оқу оқып, үлгі үйрен де,
Ел билеп ұлғайған соң тыныстандар!
«Болайын жақсы жігіт!» дегендерің
Ұстаздың осы айтқанын шын ұстандар!

Гректер де сезімге бой бермей, оны ақылға жеңдіру адамның басты қасиеті санаған және «дана адам ешқашан билікке ұмтылмайды, өйткені ол өз сезімінің құлы емес» -деген даналық сөз қалдырған. Тұрмағанбет нәпсіге бой алдыру ақымақтың ісі екенін, оның орнына білімге бет бұрып, халық арасындағы қараңғылықпен күресуге шақырады.

Ілімге ықыласты шын қойсаңдар,
Аз болсын ұйқы менен тамақтарың.
Ілімнің құлпын қолға ұстасандар –
Басқаның байқарсыңдар бар ақпарын...
Болсаңдар, балаларым, хатқа ұста,
Төрден жай аларсыңдар, тұрмай тыста.
Төр түгіл, төменнен де тимей орын
Жүрсендер жалқаулықпен жазы-қыста...
Айналған адамдардай құр құнысқа.
Сауалын Сүлейменнің берген шешіп
Білімге бай болған соң бір құмырсқа.
Талабы қайбіреудің оңғарылса,
Иелік ете кетер бақ-ырысқа.
Ақылдың көкірегінде көзі барлар
Шығармас бұл сөзімді надұрысқа.

Байқап отырғанымыздай, ақын жырларында ағартушылық мазмұндағы білімге, сауаттылыққа шақыратын, білімнің адам өміріндегі тигізер жақсы қырларын ашуға, білімге жетудің көп еңбекті қажет ететіндігін түсіндіруге бағытталған өлең жолдары өте көп.

Ұлдарым, қолыңа ал қаламыңды,
Хат үйрен, ойынға қой алаңыңды.
Хатқа ұста қатарыңнан бола қойсаң,
Білерсің жолдас, жора, жараныңды.
Көп оқып, көйіл көзін ашып алсаң,
Жүргізер жұртқа сенің араныңды.
Үгіт сөз осылайша біз – ағаңнан,
Сен түгіл, алты алашқа таралыңды.
«Айтатын ағаң ақыл сен емес бе?» - демей,
Білімге жастай жұмса бар әліңді.

Қазақтың ұлы ақыны Абай өз шығармаларының өзегі болып табылатын «Адам бол» қағидасында адам болмысын «Жан» мен «Тәнге» бөледі. Адамның адамдығы оның «Жанында», яғни рухани дүниесінде екенін тұжырымдаса, Тұрмағанбет өз өлең жолдарында ақыл мен ғылым адам үшін оның адами қасиеттерінің жарқын көрінісі екенін, сондықтан күйбең тіршіліктен арылып, өнер мен ғылымға да ұмтылу қажеттігін баса атап өтеді.

Ақыл-тон, аңлағанға тозбайтұғын,
Ғылым-кен, күнде өніп қоздайтұғын.
Иелік екеуіне еткендердің
Жаны жоқ жүзінде озбайтұғын.
Адамды әрлі-берлі үйірілдіріп
Сияқты тұрмыс-толқын қозғайтұғын.
Өнер мен кен-ғылымға уақыттың барда,

Себеп не сабынып қол созбайтұғын.

Ақынның бұл ойлары, жоғарыда атап өткендей, оның ағартушық идеясын халық арасында айқын таратушылардың бірі болғанын айғақтайды. Надандыққа салынбай, ғылым мен өнерге бет бұру, ел арасында ғылым мен өнердің артықшылығы мен жақсылығын түсіндіру ақын шығармашылығының өзегі болып табылады.

Қимаймын «адам»-«далын» надандарға
Надан көп осы жүрген адамдарда.
Далаға «далдың» әрпін жібермеңдер,
Ғылымға ойдың көзін қалаңдар да!
Кей ақымақ «көкке тіреу боламын» дер,
Кешқұрым көлеңкесін қадамдар да.
«Мен сенен кем бе едім?» деп, айтсаң ақыл,
Қылшиып тұрып алар табандар да.
Ғылымға олай болмай, бой ұрындар,
Сөзімнің сыңайына қараңдар да!
Жинаңдар өнер жағын өте көп қып,
Тұс-тұсқа талап етіп тарандар да!

Тұрмағанбет өз жырларында адамгершілік қағидаларымен бірге ағартушылық идеяларын ұштастыра білген жан-жақты ойшыл деп тұжырымдауға болады. Төмендегі жыр жолдарында жақсылық, жомарттық, қамқорлық, өнер, ғылым, ағартушылық, білім ұғымдарын бір адам болмысы ұғымына жинақтап, кемел адам ұғымының өзіндік бір идеалын жасайды.

Шамдай бол, түн пернесін ашатұғын,
Жердей бол, бар мақұлық басатұғын.
Басыңа бақыт қонып, дәулет бітсе,
Жан-жаққа дариядай бол тасатұғын.
Халыққы қай уақытта қамқор болып,
Тудай бол, тура дұшпан қашатұғын.
Үйреніп өнер, ғылым бол адамдай,
Айнала әтір сусын шашатұғын.

Әрине дарындар ел ішінде. Жаңа ғылым мен өнерді үйренетіндер де солар. Сейтжан ақын ойы осындай талапты жастарды тауып, оларға дұрыс бағдар беріп, өнер мен білімге баулу, осындай жастардың көзін ашу, жарыққа шығару. Бұл дүниенің тірлігі таусылмайды. Сондықтан, бос тірлікке аз уақытты зая кетірмей, ақын ойы болашақтың қамын ойлап, өнер мен білімге, ғылымға бет бұру, заман ағымынан қалыспау қажет.

Тауысқан бұл дүниені адам бар ма ?
Қалып жүр талай ісім жұмысталмай,
Бейуақыт қараңғыда өткендер көп,
Қынапта жатыр қылыш бір ұсталмай.

Заманның азуы, ондағы адам құндылықтарының өзгеруі ақын-жыраулар шығармашылығының басты өзегі екенін жоғарыда айтып өттік. Ақын ойынша, заманның азуының көріністері елдің мал мен жерінен айрылуы, орыстардың үстемдігі, қазақтардың оларға еліктеп, тілін шұбарлап, өз түбірі мен тілін жоғалта бастауы, елдің орыс заңдарымен өмір сүре бастауы, дінінен ажырап, шариғат заңдарының бұзылуы. Қарап отырсақ, айтылған мәселелердің біздің қоғамымызда әлі де орын алып отырғанын байқауға болады. Мұның өзі ақын жырларының әлі күнге дейін өз өзектілігін жоймағанын білдіреді.

Заманым азып барасың,
Мал тұқымын тауысып.
«Знаком» дейді «Здрасти»,
Шөлкем тіліменен шалысып.
Шариғаттан «Законың»,
Озып кетті жарысып.

Ақын арманы өзге ұлттармен, елдермен тең болу. Өз жырларында қазақ халқының болашағына уайымдап, оның алдағы күні не болары туралы қауіп келтіреді. Шындығында, сол замандағы қазақ халқының тағдырын тарих талқысына салап қарасақ, қазақ халқының бірнеше рет жойылып, тарих сахнасынан өшіп кете жаздағанын байқауға болады. Атап айтсақ, азамат соғысы, конфискация мен ұжымдастыру, ұлт зиялыларының репрессиясы, аштық пен ұлы отан соғысы және тағы басқалар. Мұның өзінен ақынның болашақ алдындағы қорқынышы негізсіз болмағаныны байқауға болады.

Бір тақыр бізге таянды,
Мұхамбеттің үмбетін
Күн бар ма, алла, теңгерер!?
Мұхамбеттің үмбетін,
Қинай ма деп қорқамын,
Біз қой болсақ, ол қасқыр,
Шайнай ма деп қорқамын.

Қазақ халқының қасиетті ұлттық құндылықтары діні, тілі мен жері. Бұл құндылықтарынан айрылған, жоғалтқан халық өзін ұлт ретінде жоғалтады. Сейтжан ақын осы ұлт үшін қауіп-қатерді дәл уақытында анық бағамдай білген және бүкіл қазақ халқын ойлануға, алдағы күніне қам қылуға, жерін, тілін, дінін қорғап қалуға шақырады. Өйткені, тіл мен дін, туған жер кез-келген халық үшін ұлттық негізі, түбірі, тамыры болып табылады. Олардан айрылып, жоғалтқан ұлт тамырынан айрылған томармен тең мәңгүртке айналады. Бұл жерде ақынның орыс отаршылдығының негізгі бағытары мен тәсілдерін, пиғылдарын анық аңғарып, қазақ халқын ертерек ескертуге, оятуға талпынғанын байқаймыз.

Мұсылмандық қазақтан,
Қалар ма деп қорқамын.
Жазира жазық жеріме,
Бірте-бірте кірмелер,
Толарма деп қорқамын.
Ардақты ана тіліміз
Басқа тілмен шатысып,
Тозар ма деп қорқамын.

Сейтжан салдың өмір сүрген уақыты орыс отаршылдығының, одан әрі қызыл империяның билік құрып, үстемдік еткен кезеңдерімен сәйкес келді. Кеңес үкіметінің жүргізген саясатының бір бағыты дінге қарсы бағытталды. Бірақ ақын төмендегі өлеңінде кеңестік саясаттың тек қазақ халқына емес, бүкіл мұсылман баласына қарсы бағытталып отырғанын сынап, халықтың тықырға, жарға таяғанын айтып, оның алдағы болашағына алаңдайды. Сол заманда Сейтжан ақынның кеңестік жүйеің солақай саясатын ашық сынауы оның батылдығын, халқына адалдығын, азаматтық белсенділігін көрсетеді.

Мұсылманның баласына,
Келеді нәубет һәммасына.
Шығып жүрміз жар басына,
Қалай болар заман алда?

Кеңестік идеологияның басты ұраны барлық халықтардың нәсілі мен жынысына қарамастан тең болуы, кедейлерге теңдік әперу, шаруаларға жер беру секілді сөздер болды. Ақын өз өлеңдерінде «дос дегеніміз қас болды» дей отырып, айтылған ұрандардың тек сөз ретінде қалғанын, кеңес үкіметінің саясаты қазақ халқы үшін үлкен қайғы мен аштық әкеліп, ел ардақты азаматтарынан, бас көтерер ерлерінен айрылғанын, халықтың өз жері мен малынан айрылғанын баса айтады. Өз өлеңдерінде ақын қазақ халқына бұдан әрі шыдауға болмайтындығын, оянып, қоғамда болып жатқан нәубеттерді көріп, оған ұрындырған солақай саясатқа қарсы шығуға шақырады.

Оян қазақ, көзіңді аш,
Дос дегенің болды ғой қас.
Төгілді қан, кесілді бас,
Қалай болар заман алда?
Ақсақалдар, қариялар,
Ақыл иесі дариялар.
Ақсақалдар болма қатал,
Байлап берме, боздар ботаң,
Қалай болар заман алда?

Басына бақытсыздық түсіп, азып тозған елінің жағдайына күйіне отырып, ақын елге демеу болар жан іздейді, елдің көпті

көрген ақсақалдарынан, қарияларынан демеу күтеді. Жоғарыдағы өлең жолдарынан отызыншы жылдары орын алған кеңестік репрессияның көрінісін байқауға болады. Ақын қариялардан елге ие болуға, ел боздақтарын кеңес үкіметі қылышынан алыпқалуға қаракетқылуға шақырады.

Сонымен, сыр сүлейлерінің дүниетанымында өз бастауын батыс елдерінен алатын ағартушылық идеясы орталық мәселе ретінде орын алады. Сол кезеңдегі қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси және мәдени жағдайын саралайтын болсақ, бұл құбылыстың өзіндік терең алғышарттары болғанын байқауға болады. Соның бірі ретінде қазақ қоғамының орыс отаршылдығының ықпалында болып, оның саяси зардаптарын тартуын атауға болады. Сыр ақындары алаш ардагерлері секілді отаршылдықтан арылудың басты жолы білім мен ғылымға бет бұрып, қоғамдық, әсіресе саяси сананы көтеру деп санады. Қазақтың біртуар ұлы Мұстафа Шоқай бір халықтың екінші бір халыққа үстемдік жасауы, ең алдымен, олардың саяси санасының теңсіздігінен деп тұжырымдайды. Сыр ақындарының бұл тұрғыдағы ойларын талдай келе, олардың ой-толғамы да осы пікірмен толығымен үндесетіндігін байқаймыз.

ӘДЕБИЕТ

1. Тұрмағанбет Ізтілеуұлы. Шығармалары. I том. – Алматы: Жазушы, 2007.

2. Сейтжан ақын мен Жорықбай жырау. – Алматы: Арыс, 2006.

3. Философия тарихы: Оқулық / Ж. Алтай, А. Қасабек, Қ. Мұхамбетали. – Алматы: Раритет, 2006.

4. Жанбершиева Ұ. Тұрмағанбет Ізтілеуовтың әдеби мұрасы. – Алматы: Арыс, 2013.

5. Жүншеев Р.Е., Төкенов Ө.С., Ізтілеуов А.А. Философия. Оқу құралы. - Алматы, 2007.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются просвещенские идеи видных акынов Сыра и дается философский анализ их размышлениям.

SUMMARY

This article examines the enlightenment ideas of prominent akyns of Syr and gives a philosophical analysis of their reflections.

ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТЕГІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ

Әпенев Болат Мейрамұлы,
философия ғылымдарының кандидаты;
Байхадамова Гүлжаухар Махмұтқызы,
педагогика ғылымдарының магистрі
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Шығармашылық жайлы сөз болғанда, бұл тұжырымдаманың аясын жиі тар мағынада қолданып, мәдениет пен өнер шығармаларының аясында ғана баяндайды. Басым көпшілік үшін шығармашылық бұл – феномен және ол тек ерекше және ойшыл адамдарға ғана тән деген көзқарас қалыптасқан. Шын мәнінде, нақты өмірде әрбір адам нақты жағдайдағы жалпы мінез-құлық нормаларынан жылдам өзгеретін шындыққа тап болғанда, түбегейлі жаңа шешім қабылдау мәселесі тундайды.

Шығармашылық құбылысын түсіну және сипаттау әрекеттері парадокс секілді күйге түседі: шығармашылық туралы көп нәрсе білетін адамдар шығармашылық мәселе бойынша қызықты мақалалар мен кітаптар жазғандарымен, нақ шығармашылықты жасай алмаймыз деп түсінеді ал ғылым мен өнерде жаңа құндылықтар жасайтын адам көбінесе мұны қалай істейтінін білмейді, бірақ шығармашылық туралы айтылған ойларды ерекше құнды деп бағаламайды, себебі шығармашылық қорытындыларының негізі - оның жалпы қорытындыларынан ғана көрініс таппайды, тек жеке тәжірибе барысында ғана іске асатынына дәлел келтіреді [1, 511 б.].

Дегенмен, шығармашылық сияқты философиялық санатты нақты анықтау қиын, мысалы, Л.А. Александрова шығармашылықты әлеуметтік прогресс мүддесі үшін жаңа адамзат құру, адамның еркіндік дәрежесін арттыру, әлеуметтік қатынастарды ізгілендіру, адамның біртұтас дамуын қамтамасыз ету ретінде көрсетеді. «Жаңа философиялық энциклопедияда» креативтілік - адамгершілік белсенділігінің маңызды мағынасын білдіретін философия, психология және мәдениет санаты, ол адамзат әлемінің мәдени миграция процесінде әртүрлілігін арттырады [2, 121 б.].

Профессор Г.В. Баранова «шығармашылық» тұжырымдамасының мынадай негізгі мағыналарына тоқталды: «Шығармашылық - бұл жаңа нәрсе жасаудағы сындарлы әрекет; адам мен адамның мақсатты қызметі, оның нәтижесі адамзат,

әлеуметтік топ, жеке адам жүйесінде жаңадан бұрын белгісіз болып табылады; жаңа адамның материалдық және мінсіз объектілерін құру үшін жеке адамның (адамдар) қызметі. Әлеуметтік шығармашылық - бұл адамдардың әлеуметтік белсенділігінің жаңа сапалы жағдайын қалыптастыратын шығармашылық белсенділік класы» [3, 253 б.; 4, 154 б.).

Г.В. Барановтың айтуынша, «шығармашылық» ұғымының мазмұнын қалыптастыру «абстракциялық оқшаулау» логикалық әдісімен жүзеге асырылады [5, 21 б.; 6, 12 б.]. Шығармашылық тұжырымдамасының басты ерекшелігі абстракциялық әдістің қолданылуына байланысты-оның әртүрлі мәні, сапасы және жеке қасиеттері біріктірілуі нәтижесінде жаңа нысандардың пайда болуы. Шығармашылық тұжырымдамасының алуан түрлілігінің түсінігі философияның көптеген гносеологиялық мәселелерінің құрамдас бөлігі болып табылады, мысалға алатын болсақ басқа философ ғалымдардың идеялары мен тұжырымдамалары Г.В. Барановтың философиялық практикумының мәтіндерінде көрініс табады [7, 123 б.].

Философиялық мәдениеттің тарихында адамзат дамуының әртүрлі кезеңдерінде философиялық категория «шығармашылық, оның табиғаты мен маңызы бір-біріне тең келмеген.

Антикалық философияда шығармашылық соңғы, өтпелі және өзгермелі саламен байланысты, кез-келген іс-әрекетті ойлап шығару шығармашылықты қоса алғанда, барлық іс-әрекеттерден асып түседі. Осы кезеңде шығармашылық екі нысанда пайда болады: Құдайлық- ғарыштық туындысы (құру) және адам - өнер, қолөнер.

Ерте грек ойшылдары шығармашылық қызметтің жалпы кешенінен өнімді бөліп қойған жоқ, бірақ шығармашылық қызметінің басқа түрлерінен айырмашылығы, суретшінің жұмысы Құдайдың ағыны әсерінен жүзеге асты. Бұл көзқарас ежелгі грек философы, объективті идеалист Платон, эродағы тәлім беруде айқын көрінді. Оның жемісі - бұл Әлемнің жаратылысы - бұл Құдайдың ой-ниеті. Сол сияқты, адам шығармашылығы адамға қол жетімді ең жоғары «ақылды» ой-пікірге жетудің сәті ғана. Бұл жоғары мемлекеттің ұмтылысы - денеге деген ұнамсыздық, сондай-ақ жанның ұнамауы, көркем шығармашылыққа деген ұмтылыс ретінде, ақыр соңында, рухтың ұнамсыздығы сияқты - «әдемі» «таза» ойлауға деген құмарлық. Платон сондай-ақ жаңа нәрсені дамытатын адам Құдайға ұқсайтынына сенді. Ол шығармашылыққа келмеуден бұрын, өмірге келмейтін сәтті көрді. Платонның шығармашылығын түсіндіруін Платонша түсіндірсек: «Шығармашылықтан өмірге өтіп кету - бұл шығармашылық, сондықтан кез-келген өнер туындысы мен шығармашылығын

жасау шығармашылық деп атауға болады және барлық шығармашылығын олардың шығарушылары деп атауға болады» [11, 116 б.]. Осылайша, кейбіреулер Құдай жаратылысынан әлдеқайда төмен нәрседе жұмыс істеді, басқалары бұл санаттарды бір деңгейге қойды.

Шығармашылықты Аристотель мен Гераклит барлық іс-әрекеттерді ой тұрғысынан төменгі сатыда қарастырды. Олардың пікірінше, ойлау - бұл Құдайшылықтың көрінісі, бірақ оны орындауға қабілеттілігі және Құдайлық деңгейдегі ой-пікірде қамтылған идеалдың бөлігі ғана. Шығармашылық оның мән-мағынасында теңдесі жоқ өнер болды.

Шығармашылықты әртүрлі түсіну ортағасырлық христиандық философиясынан бастау алады, одан екі үрдіс қиылысады: еврей дінінен - теистік, және ежелгі философиядан келетін пантеизм. Біріншісі - Құдайды белгілі бір мәңгі бейнені емес, толықтай еркін жасайтын әлем ретінде түсінуімен байланысты. Шығармашылық - Құдайдың еріксіз әрекеті арқылы «шақырылуын» білдіреді. Екінші үрдіс, ортағасырлық схоластика өкілдерінің басым көпшілігі шығармашылық мәселеде ежелгі дәстүрге сәйкес деп пайымдайды. Сонымен қатар орта ортағасырлық христиан философиясы кезеңінде шығармашылықтың жаңа білімі (бейнесі) пайда болады. Шығармашылық процесі әлем құруымен байланысты болды. Түсіну сенімге негізделген. Адам - тек қана ерік-жігер арқылы әрекет жасайтын жеке шешім қабылдайтын серіктес. Бұл кезеңде жаңа алғышартты түсінуге және бірегейдікті жасауға бағытталған іс-әрекет ретінде шығармашылық қабілеттілік туралы хабардар болудың алғышарттары қалыптасады. «Тарих шығармашылығына» ерекше назар аударылады. Өйткені бұл әңгіме адамның қарым-қатынасы және Құдайдың жоспары [12, 56 б.]. Мәселен, ортағасырлық христиандық философиясында, шығармашылық және Құдайлық нәрсе тығыз ынтымақтастықта.

Тек Ренессанс кезінде адам шығармашылығы рұқсат етілгеннен дәрежеден асып түседі. Адам Құдайдың еркіне қарамастан, жасаушы да жаратушы болады. Әлемнің орталығы антропоцентризмдік дүниетаным дамиды [13, 264 б.; 15, 132 б.]. Егер осы дәуірде пайда болған өнер туындыларын еске түсірсек, онда олардың үйлесімділігі мен әсемдігін керемет деп айтуға болады. Олардың әрқайсысы балғындық пен түсіністік тереңдігімен қаныққан. Сұлулық, ең жоғары идеал ретінде. Қайта өрлеудегі шығармашылық ең алдымен өнер ретінде, шығармашылық ой-пікір ретінде түсініледі. Дәл осы уақыт өткен кезеңдегі ең маңызды және түбегейлі өзгеше көріністердің өзі

туралы, оның процесі және адамның жаратушысы туралы айтылады [14, 83-84 бб.].

Жаңа дәуір кезеңіндегі шығармашылықты түсіну өте айқын емес. Бір жағынан антикалық философияның ықпалымен танымды мәңгіліктің нышаны ретінде қарастырып, шығармашылықтан басымдылығы жоғары десе, ал екінші жағынан Томас Гоббс, Джонн Локк және Дэвид Юмның пайымдауларына сүйене отырып, шығармашылық ол - бұрыннан бар құбылыстардың табысты тіркесімі және ол өнертапқыштықпен пара пар дегенге саяды [15, 56 б.].

Шығармашылықты түсіндірудің толыққанды, тұтас тұжырымдамасын 18 ғасырдың соңында неміс философы И. Кант енгізді. Оның пайымдауына шығармашылық - бұл жаңа көріністі жасайтын трансформациялық әрекет. Шығармашылық адам әрекеттерінің жай-күйімен байланысты деп қиялды шығармашылық қабілет, сенсорлық әсерлер мен әртүрлі түсініктердің арасындағы байланыс ретінде қарастырады. «Трансцендентальды» қиял - бұл ойлау мен белсенділіктің өзіндік ерекшелігі, екеуінің ортақ негізі. Қиялдың өнімділік қабілеті бойынша И. Кант саналы және бейсаналық белсенділіктің бірлігін түсінді. Адам бейбітшілік пен бейбітшіліктің адамзаттың субъективтілігіне бейсаналық түрде көрінетін және оның бостандықтарымен байланысты жалғыз айырмашылығы бар табиғат сияқты жаратылыс ретінде ағын күйінде жасайды. Шығармашылық білімнің табиғатына тән - И. Канттың қорытындысы осындай. Шығармашылық қиялда өздігінен, өзін-өзі тану сәтінде болғандықтан, ол өнертабыстың корреляциясы. Онда қажеттілік сәті (ойлану) бар, ол жанама түрде ақыл идеяларымен және, демек, моральдық дүние тәртібімен, сондай-ақ моральдық әлеммен категориялық императивтілік бір-бірімен тығыз байланысты.

Канттың қиял теориясын немістің классикалық философиясының басқа өкілі Фридрих Шеллинг объективті идеалист ретінде жалғастырды. Оның айтуынша, қиялдың шығармашылық қабілеті саналы және бейсаналық белсенділіктің бірлігі. Бұл мүмкіндікті ең дарынды адам, табиғаттың қалыптасуы сияқты, бейсаналық түрде «ағым» күйінде қалыптастырады. Шығармашылық процестің бейсаналық сипаты адамның субъективтілігімен жүреді және оның бостандықтары арқылы жүзеге асады. Шығармашылық арқылы адам Абсолютпен, Құдаймен байланысады [16, 133 б.].

Шығармашылықты түсіну көптеген жолдармен ежелгі және ортағасырлық түсініктерден ерекшеленетін тарихтың жаңа түсіндірілуіне әкелді. Тарих трансцендентальдық мағынаға

сілтемесіз адам шығармашылығын іске асыру саласы болды. Тарих тұжырымдамасы неміс классикалық философиясының көрнекті өкілі Георг Гегельдің шығармаларында дамудың сатыларын қарастырды. Ол абсолютті қағиданы (әлемдік рух, әлемдік ақыл), шығармашылық рухани қағидатты қабылдады, табиғатта көрініс табады, өзін-өзі тану тарихы субъективтіліктің онтологиялық стратегиясы ретінде абсолютті идея өзі білетін түпкі мақсаты бар және осылайша оның тұтастығын қалпына келтіре отырып, осы нысандарда өзін-өзі қорғайды деп топшылады [17, 123 б.].

XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың басындағы идеалистік философия. шығармашылық ең алдымен шығармашылық белсенділікті механикалық тұрғыдан қалпына келтіру жағдайында қаралады. Өмір философиясында ең дамыған шығармашылық тұжырымдамасын француз философы, интуитивист А. Бергсон береді. Ол шығармашылық жаңа өмірдің жаңадан туылғаны ретінде өмірдің мәні болып саналады; объективті, техникалық қызметіне қарағанда, ол ескіні біріктіреді. Табиғатта бұл туылу процесі, өсу, пісетін және сезім, жаңа бейнелер мен тәжірибелердің пайда болуы деп аталады.

Экзистенциализмде шығармашылықтың бастамашысы - бұл экзистенциалды, яғни еркіндіктің кейбір иррационалды принципі ретінде, табиғи қажеттіліктің экзистикалық серпіні және тұрақты, басқа әлемнің табиғи және әлеуметтік қиялынан тыс жүретін адам. Орыс философы Н.А. Бердяевтің және неміс философы, экзистенциалист Мартин Хайдеггердің ертедегі ілімдері бойынша, шығармашылық - өмірдің ең тұрақты нысандарының бірі.

Н.А. Бердяев адамның қадір-қасиетін мәдениеттің құрушысы ретінде қорғап, адамның мәдениеттің шын мәні деп санайтындығы. Мұндай түсінік оған мәдени шығармашылықтың ерекше қасиеттерін қарастыруды және адам мен мәдениет арасындағы қарым-қатынастың шынайы драмасын көруге мүмкіндік берді.

Адам алдын ала келеді және еркін шығармашылық адам мәдениеттің шектеулерінен асып түседі. Мұндай көзқарас мәдениет шығармашылығының өзіндік қайшылықтарын - рухтың шексіздігі мен оны ұстап тұрған мәдениеттің символдық формаларының арасында қайшылық туғызады [18, 42 б.]. Мәдениеттің мән-мағынасында рухтың шығармашылық серпінін шектейтін бастамасы бар. Мәдениет және оның нысандары көбінесе адамға шығармашылық еркіндікті мәжбүрлейтін және шектейтін нәрсе ретінде қарайды. Бұл қауіп еріксіздік пен өзін-өзі талап етуден қорғайды.

Марксисттік шығармашылық түсінігі идеалистік және метафизикалық тұжырымдамаларға және жаратылыстың шынайы объективті заңдарға негізделген адам мен адамзаттың мақсаттары

мен қажеттіліктеріне сәйкес табиғи және әлеуметтік әлемді өзгертетін адам әрекеті екендігіне байланысты. Шығармашылық, шығармашылық қызмет ретінде, бірегейлік (оны іске асыру және нәтиже сипаты бойынша), өзіндік және әлеуметтік-тарихи (тек жеке емес) бірегейлігімен сипатталады.

Марксисттік философия табиғаттың пайда болуына байланысты көзқарасты қабылдамайды. Табиғатта шығармашылықпен емес, дамудың үдерісі бар, өйткені ол әрқашан шығармашылықтың мәні - жаратушының өмірін және әрекетін болжайды. Шығармашылық әрдайым сыртқы әлеммен тығыз байланыста, қалыптасқан мәдениеттің нысандары, оның кең ауқымды желісінде әрдайым шығармашылық тақырыпты қамтитын белгілі бір социохистикалық жағдайларда жүзеге асырылады. Ғылым мен көркем шығармашылықты дамыту үшін қажетті жағдайлардың бірі - сынға, шығармашылық пікір алмасуға және пікірталас бостандығына еркіндік береді.

XX ғасырдың философиялық прагматизм, инструментализм, неопозитивизм бағыттарында шығармашылық бір жақты прагматикалық тұрғыдан қаралды. Бұл ең алдымен белгілі бір жағдайдан туындаған проблеманы шешуге арналған өнертабыс ретінде түсіндірілді. Шығармашылықты интеллектуалды түсінудің тағы бір нұсқасы неореализм мен феноменология болып табылады. Бұл салалардың өкілдері үшін шығармашылықтың негізі іс-әрекет емес, зияткерлік ой-пікір. Шығармашылықты түсінуінде философтар ғылымға көп назар аударады, бірақ жаратылыстану ғылымына емес, математикаға.

XX ғасыр шығармашылық проблемасына қатысты көзқарас жүйесінде үлкен түзетулер енгізді. Бұл бір жағынан жаңа жаһандандану кезеңіндегі әлемде субъектінің маңызының артып келе жатқандығы болса, ал екінші жағынан - өзгертін әлеммен қарым-қатынасын қайта қарау қажеттілігін шығармашылық философиясының пайда болуында нақты қарастырған. Осы замандағы философияда шығармашылық адам және шығармашылық үдерісі тұтастай алғанда қоғамда болған және жеке адамның дүниетанымдық көрінісінде тығыз байланысты, бұл әлемді әлемнің жаңа философиясы мен оның трансформациясы ретінде модернизмде көрініс табады.

Модернизм - буржуаздық өнердің құлдырау дәуірінің негізгі бағыты. Ең дамыған капиталистік елдерде көркем мәдениеттің құлдырауының алғашқы белгісі ескі стильдердің қайталануы болды. Бұл XIX ғасырдың орта және екінші жартысы кезеңі. Дегенмен, дәстүрлі нысандардың метафизикалық қайталануы дәстүрлі диалектикалық бас тартуымен ауыстырылады - буржуаздық саясат пен философияның жаңа үрдістеріне ұқсас

рухани құбылыс. Бұл үрдіс Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына дейін дамыды және адамдық ойлаудың табиғатына түбегейлі өзгерістер енгізді, бұл жаңа құндылықтардың әсеріне ұшыраған өмір салтына трансформациялық әсері бар ерекше сан санасын құрды. Дәстүрлі мағынада дүниетанымдық жүйені құрмай, элементтерді синтездеуге негізделген модернизм және осы кезеңде маргиналды саналатын мәдени үрдістер ерекше дүниетанымдық және әлемдік қатынастардың күрделі жиынтығын тудырды. Бұл жүйе жүйелік емес, флуктуация, ұтқырлық және компоненттердің іргелі логикалық толығымен ерекшеленді. Бұл белгілер рационалды мәдениеттің бұрынғы нысандарын қабылдамаған модернистік ойлаудың ішкі қасиеттері ретінде қарастырылуы керек.

Заманауи мамандардың басылымдарында шығармашылығын зерттеуде көп пікірлер бар. Атап айтқанда, Г.В. Барановтың айтуынша, шығармашылық мемлекет адам қызметінің негізгі ерекшелігі болып табылады және жаңа нәтижелерді антихаотикалық түрде жасауда көрінеді [20, 54-55 бб.]. Шығармашылық тұрғысында Л.А. Александрованың пікірінше, шығармашылық әрдайым негізгі әрі іргелі және прагматикалық мақсатқа бағынады. Сонымен қатар, шабыт жоқ жерде шығармашылық мүмкін емес, бұл әртүрлі әлеуметтік-мәдени нысандарда объективтіліктің жүзеге асырылуын талап ететін шығармашылық үдерісті ұйымдастырудың технологиясы ғана. Ақпараттық қоғам жағдайында шығармашылық пен шабыт синтезі мүмкін болды. Оның үстіне, шығармашылық қабілеттің пайда болуы табиғи процесс болып табылады және бұл кезең «шығармашылық» тұжырымдамасының генезисінде соңғы болып саналмайды [21, 105-106 бб.; 22, 37 б.].

Адамзат өркениетінің дамуының барлық сатыларында шығармашылық белсенділік - бұл трансформациялық-шығармашылық қызмет. Өркениеттің дамуымен бірге адамның және қоғамның барлық жағдайының жақсаруы және адамның шығармашылығы қоғамның, мемлекеттің және табиғаттың объектілерімен бірлікте үйлесімді адамның идеалын қамтамасыз етеді.

Қазіргі жағдайда белсенділіктің жаңа жағдайларына тез бейімделе алатын, алдында тұрған проблемаларды шешуге қабілетті адамдар бірінші көзқараста шешілмейтін жағдайлардың күтпеген жолдарын тауып, өз мақсаттарына жетудің жаңа тәсілдерін ойлап табады, ең табысты және сәтті болады. Пост-индустриалды қоғам жағдайында ақпаратты басқару құралдарын игеру үздіксіз жетілдірудің кәсіби және жеке деңгейін түсінетін адам үшін нақты қажеттілікке айналады. Шығармашылық

проблемасына арналған еңбектердің көпшілігі шығармашылық ойлаудың ерекше қасиеттерінің, объективті шындықты қабылдаудың және сынудың арнайы тәсілі, жеке, жаңаша және икемді жағдайды ойлау қабілетімен байланысты жеке шығармашылық қызметтің ерекшеліктерін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Александрова А.В. Генезис понятия творчества в истории философии // Вестник Чувашского университета. - 2007. - №3. - С. 83-89.

2. Новая философская энциклопедия [Электронный ресурс.] - М.: 2007-2010. Режим доступа: <http://iphras.ru/elib/2957.html>

3. Баранов Г.В. Философия: учебно-методическое пособие для вузов. - Омск: Агентство Курьер, 2002. – 291 с.

4. Баранов Г.В. Философия: словарь понятий: учебное пособие. 3-е изд., доп. - Омск: ООО ИПЦ «Сфера», 2004. – 163 с.

5. Баранов Г.В. Логика: учебное пособие. - Омск, 2016. – 112 с.

6. Баранов Г.В. Проблема познания в философии: практикум: учебное пособие. - Омск: Изд-во ОмГТУ, 2013. – 140 с.

7. Баранов Г.В. Философия познания: практикум. - Мюнхен, 2013. - 266 с.

8. Баранов Г.В. Философский практикум: учебное пособие: под. ред. В.Н. Лавриненко. 2-е изд. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005. - 528 с.

9. Баранов Г.В. Исторические типы философии: учебное пособие. - Омск: ОмГАУ, 1995. - 76 с.

10. Цитаты и афоризмы: Цитаты и афоризмы о творчестве [Электронный ресурс.]. Режим досупа: <http://citaty-i-aforizmy-o-tvorchestve>

11. Баранов Г.В. Культурология: понятия, мыслители, тексты христианской культуры: учебное пособие. - Омск: НОУ ВПО ОГИ, 2003. - 284 с.

12. Баранов Г.В. Религиоведение: направления, организация, деятельность в христианстве: словарь: учебное пособие. – Омск: ВПО ОГИ, 2003. - 288 с.

13. Баранов Г.В. Практикум по философии: часть 1: учебное пособие. - Омск: Изд-во ОмГТУ, 2011. – 372 с.

14. Баранов Г.В. Проблема бытия в философии: практикум: учебное пособие. - Омск: Изд-во ОмГТУ, 2013. - 160 с.

15. Гуманитарность и социальность: актуальные проблемы: колл. монография / Г.В. Баранов, В.В. Карпов, О.В. Фрик и др.: гл. ред. Г.В. Баранов. - Мюнхен: AVM, 2013. - 196 с.

16. Баранов Г.В. Онто-метафизическая концепция деятельности // Вестник Омского университета. - 2014. - №3 (73). - С. 54-57.

17. Баранов Г.В. Цивилизационные функции философии // Вестник Омского университета. - 2015. - №2. - С. 105-107.

18. Баранов Г.В. Функции философии в культуре глобализирующегося человечества // Международный научно-исследовательский журнал. - 2015. - №2 (33). - С. 36-38.

19. Алексеев В.П. Становление человечества. - М.: Политиздат, 1984. - 462 с.

20. История первобытного общества. Эпоха классового образования. - М.: Наука, 1988. - 568 с.

21. Семенов Ю.И. На заре человеческой истории. - М.: Мысль, 1989. - 320 с.

22. Чернякова Н.С. Диалоги о культуре и ценностях. Научно-методическое пособие. - СПб: Изд-во РГПУ им. А.И.Герцена, 2009. - 207 с.

РЕЗЮМЕ

Важнейшим предметом в литературе, философии, психологии и других науках является творчество. От философов античности до современных современных ученых, он пытался определить концепцию творчества, придать ему полный характер и вдохновлять как компонент этого процесса. В данной статье обсуждается основное содержание атрибутов креативной концепции; когнитивные установки творческих мыслителей в истории культуры; представление о содержании человеческого творчества. Философский взгляд на творчество отвечает на следующие вопросы: Идеологическая сущность творческих способностей и творчества: как реализуется процесс творчества и самореализации. Существуют различные философские концепции, которые пытаются объяснить природу творчества. Некоторые считают это свободным и безусловным в человеческой деятельности, в то время как другие связывают это с работой Бога, Создателя природы и человека.

SUMMARY

The most important subject in literature, philosophy, psychology and other sciences is creativity. From the philosophers of antiquity to contemporary modern scientists, he tried to define the concept of creativity, give it a full character and inspire as a component of this process. This article discusses the main contents of the attributes of a creative concept; cognitive attitudes of creative thinkers in the history of culture; representation of the content of human creativity. The

philosophical view on creativity answers the following questions: The ideological essence of creative abilities and creativity: how the process of creativity and self-realization is realized. There are various philosophical concepts that try to explain the nature of creativity. Some consider it free and unconditional in human activity, while others associate it with the work of God, the Creator of nature and man.

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ІСКЕР ӘЙЕЛДЕРІ

Жусупбекова Ботағоз Арыстанбековна,
тарих ғылымдарының магистрі
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Дәстүрлі дала өркениетінде әйел баласының рөлі қашанда зор болған. Қоғамның ішкі және сыртқы өмірінде әйелдер алауыздық емес, біріктіруші күші ретінде көрінген. Көрші өркениеттерді алып қарайтын болсақ әйелдердің барлығы бірдей осындай рөлді атқара алмағандығын көреміз. Айталық Қытай елін алып қарар болсақ, 5-6 бірін бірі түсінбейтін диалектілерде қатынас жасайтындығын көреміз. Яғни бір елдің 500-600 шақырым қашықтықтағы тұрғындары бірін-бірі түсінбейді. Оны Қытайдың қазіргі президенті Си Цзиньпиннің өзі Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевпен кулуарлық әңгімеде мойындаған болатын [1].

Ал біздің қазақ қоғамына келетін болсақ Атырау мен Алтай, Сібір мен Алатау бөктеріндегі қазақтардың тіліндегі ешқандай айырмашылықтың болмауын феномен ретінде түсінуге болады. Менім ойымша, бұл қазақ әйелдерінің қоғамдағы айырықша кіріктіруші, тұтастырушы, ұйыстырушы рөлімен түсіндірілсе керек. Себебі Сыр мен Ертістің қазағы жайлауда Арқада, Торғай мен Атыраудың қазағы Ырғызда, Жетісу мен Алтайдың қазағы Қарқаралыда жаз айын өткізіп құдандаласты, туыстасты. Ертістің қызы Сырға тұрмысқа шықты, Сырдың қызы Ырғызға шықты, Жетісудың жігіті Алтайдан қыз алды, Алтайдың жігіті Арқадан қыз алысты. Сөйтіп қыздар және олардан туған балалар өз елінің тілін 2000-3000 шақырым жерге алып барып тілімізді біркелкі етті. Бұл қазақ әйелдерінің арқасында ғана жүзеге асты. Орайы келгенде 1917 жылғы революцияға дейін қазақ әйелдерінен болыстардың да шыққанын айта кетуіміз қажет. Өткен ғасырдың 30 жылдарындағы халқымыздың демографиялық құрдымды апатқа ұшырауының орнын соғыстан кейінгі жылдары нақ көп балалы аналардың толтырғанын айтса да жеткілікті.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиыншылықтарда ең бірінші кезекте ару аналарымыздың иығына түсті. Ерлер абдырап нарықтық қатынастарға бейімделе алмай жатқанда әйелдер білекті сыбанып бұрын таңсықтау нарықты-экономиканы игеруде белсенділік танытты. Іскер әйелдеріміз пайда болды. Бүкіл Қазақстандағы жалпы ұлттық үдерістен сыр бойының әйелдері қалыс қалған жоқ. Отбасы ғана емес қоғамдық саяси өмірде

әйелдер өздерінің қабілет қарымын аша білді. 1990 жылдардың басында ерлер мен қатар Сыр өңірінен шыққан алғашқы ірі кәсіпті қолға алған әйелдердің бірі - мамандығы құрылысшы экономист тұрғылықты Қызылордалық Рая Пірмағанбетқызы Үдербаева 1953 жылы дүниеге келді. 1971 жылы қаладағы №4 орта мектепті бітіріп, бір жыл «Жилстрой» басқармасының құрылыс учаскесінде жұмысшы болып еңбек жолын бастады. 1972 жылы Қызылорда полтехникумға оқуға түсіп гидротехник мамандығын алды. «Риссовхозстрой» өндірістің мекемесінде шебер болып, «Қызылордастрой» трестінде аға экономист болып жұмыс істеді. 1982 жылы Жамбыл гидро мелорациялық институтының Қызылордадағы филиалына оқуға түсіп «инженер құрылысшы» мамандығы бойынша білімін жалғастырды. Мұнан соң «ХРУ Монолитстрой» өндірістік техникалық бөлімінің жетекші инженері, «МСУ-4» мекемесі бөлім бастығының орынбасары қызметтерін атқарды. Осындай бай тәжірибе жинақтаған ол 1992 жылы 13 шілдесінде Жауакершілігі шектеулі «Құрылыс-өндірістік Монтажспецстрой» серіктестігін (СПФ) құрды. Әлі күнге дейін Үдербаева осы мекеменің бас директоры қызметін атқарып келеді. Бұған дейін кеңестік өндірісте үлкен тәжірибе жинақтаған Рая Үдербаева қарамағындағы жұмысшылардың еңбегін бағалауға үлкен күш салды. Тек басқарушы бас мамандардың ғана емес қарапайым жұмысшылар – дәнекерлеуші, монтажшы, крановщик, электриктердің еңбектерін бағалай білді. Жас жұмысшыларды тәжірибелі мамандардың жанына шәкірттікке беріп баулыды. *«Кәсібіңді өрлеткің келсе, өзіңді де, бизнесті де емес, ең алдымен жұмысшыларыңды ойла. Себебі, ең қиын жұмысты солар атқарады. Жұмысшылардың жағдайын жасап, жаңа техникамен, сапалы киімдермен қамтамасыз етсең, олар өз істерін мақтанышпен істейді. Кәсіпкерліктің өміршеңдігі жұмысшыларды бағалауда. Мен кәсібімді алғаш бастаған жылдары жұмысшыларымнан төмен жалақы алдым. Өзіме тек кейінгі жылдары ғана рұқсат бердім»* – дейді Рая Үдербаева. 90 жылдардың басындағы Раяның қайырымдылық істері елге аңыз болып кетті.

Қысқа мерзімнің ішінде бизнес әлеміндегі қазақ қызының есімі Қазақстан ғана емес алыс жақын шетелдерде танымал бола бастады. Алғашында серіктестік болып құрылған мекеме көп ұзамай үлкен «СПФ Монтажспецстрой» компаниясына айналып АҚШ, Ресей, Біріккен араб эмираты, Жапония және Кипр елдеріндегі әріптестерімен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатты. Республикамызда «СПФ Монтажспецстрой» қызметін бүгінде шикізат секторы, мұнай мен газды өндірушілер мен қайта өңдеушілер белсенді пайдалануда. Компанияның жанынан бірнеше

фирмалар құрылған. Оның филиалдары Атырауда, Ақтөбеде және Түркістан облысын Созақ ауданының Тайқоңыр кентінде орналасқан. Компанияның басшыларыменен қызметкерлері дүние-жүзілік стандартқа сәйкес келетін фирманың инвестициялық-тартымды және бәскеге қабілетті имиджін сақтау үшін үлкен жұмыстар атқаруда. - «Біздің компания Қазақстандағы аса ірі құрылыс ұйымдарының бірі – дейді Рая Үдербаева, - біз жоғарғы технологиялық жабдықтарды қолданамыз, жұмыстың заманауи әдіс-тәсілдерін пайдаланамыз. Мемлекеттік лицензиямыз болғандықтан, компания сыртқы және ішкі инженерлік желілерді, далалық құбыр өткізгіштерді, мұнай кенорындары мен өнеркәсіп жабдықтарын, трансформаторлық подстанцияларды монтаждау жұмыстарын орындай аламыз, құрылыс конструкцияларымен жабдықтарды, электротехникалық жұмыстарды, тоттануға қарсы қорғаудың барлық түрлерін жүргіземіз, желдету және аспирациялау жүйелерін орнатамыз т.б. Жалпылама айтқанда кез-келген құрылыс нысандарын «кілтімен тапсырамыз» [2].

90 жылдардың соңы жаңа мың жылдықтың басында Раяның Сыр өңіріндегі ізбасарлары қатары көбейе түсті. Олардың қатарынан ЖШС «Balance+Консалтингтік қызмет көрсеті орталығының» директоры Баймаханова Акмарал Абласанқызын; «Карабекова» Жеке кәсіпкерлігінің жетекшісі Карабекова Баянды; ЖШС «Алмадент Сервис» директоры Тажикова Дуйсенкуль Еркінбайқызын; «Қызылорда облысы ОЮЛ азамттық альянс» төрағасы, ЖК «Үарін» Сунгур Ақтолқын Шереханқызын; ЖШС «Ай-Диас» директоры Бермаганбетова Айнура Бермагамбетқызын; ЖШС «НУРТОРГСТРОЙ» директоры Демеуова Лейла Адильбекқызын; «Менім дәрігерім» клиникасының құрылтайшысы Умирзакова Ляззат Самұратқызын; Қызылорда облысы бойынша «КАДО» директоры Мишукова Натальяны; «DAMU кәсіпкерлікті дамыту қоры»АҚ аймақтық филиалының бас менеджері Анар Кожаниязованы; ЖШС «Қазмұнайгазконсалтингі» директоры Оңғарбаева Нүргүлді; ЖК «Асанова», «Тағылым» балаларды шығармашылық дамыту орталығының жетекшісі Асанова Самалды; ЖК «Турсалон» жетекшісі Перизат Абилкасымды; «Ваниль» кафесінің директоры Ли Викторияны; ЖШС «Prof-Consulting» директоры Абдразакова Акмаралды; ЖШС «Сета-Медиа» директоры Жумадуллаева Галияны; ЖШС «Sapura Medical» дәрігерлік косметология орталығының» директоры Каркимбаева Баянды; ЖШС «Номад Палас» директоры Ахметова Алтынды; «Білім академиясы оқу орталығының» директоры Салхадинова Гульнурды т.б. айтуға болады. Бұл облыс орталығындағы әйелдер басқаратын белгілі іскерлік кәсіп орындар ғана. Олардың қатарын облыс аудандары мен ауылдарындағы қыз

келіншектермен толтыруға болар еді. Олардың ішінен өңір халқының айрықша құрметіне бөленіп жүргендерден Тұрсынай Кенебаева Жолдасбекқызын айтуға болады.

Тұрсынай Кенебаева Жолдасбекқызы – жеке кәсіпкер. 1990-2011 жылдар аралығында медицина саласында акушер-гинеколог болып қызмет атқарған ол фармацевтика саласында да абыройлы қызмет атқарды. 2009 жылдан бастап жеке кәсіпкер болып тіркеліп, дәріхана ашты. Тұрсынай Жолдасбекқызы аудандағы дәріхана саласын дамытуға үлес қосып келеді. Қармақшы ауданның әлеуметтік бағыттағы іс-шараларына белсене қатысады. Жосалы кентіндегі ардагерлерге, тұрмысы төмен отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға материалдық көмек көрсетеді. Тегін дәрі беріп, көптің алғысын алып келеді.

Раушан Базарбай – «Сана-Сезім» ЖШС, «Q-med» корпоративтік қорының атқарушы директоры. Ол 2001 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде әлеуметтану мамандығы бойынша бітірген. Ол «Ақ көгершін» мүгедек балалар мен ата-аналарды оңалту орталығы» қоғамдық қорының атқарушы директоры, «Бәйтерек» жастар қоғамдық бірлестігінің директоры, «Шиелі-Бәйтерек» газетінің редакторы, «Бота» қоғамдық қорының Қызылорда облысы бойынша аймақтық менеджері, Дүниежүзілік банктің Қазақстандағы әлеуметтік жобалар бойынша тәуелсіз сарапшысы, «Keysource Kazakhstan» тренинг-консалтингтік орталықтың қоғаммен байланыс менеджері, «Торғай-Петролеум» АҚ-ның PR жобалар бойынша маманы, «ҚОР» мұнай компаниясының «ҚОР шарайнасы» корпоративтік журналының бас редакторы қызметтерін абыройлы атқарды. Раушан Базарбай қазіргі таңда «Сана-Сезім» ЖШС, «Q-med» корпоративтік қорының атқарушы директоры болып еңбек етеді. «Q-med» медициналық орталығының негізгі бағыты – емделушілерге кешенді әрі әмбебап бағдарлама бойынша эндоэкологиялық сауықтыру. Бұл бағдарламаны «Сана-Сезім орталығы» ЖШС мамандары әлемдік қалпына келтіру терапияларының тәжірибесін негізге ала отырып зерттеген. Емдеу шаралары табиғи шөптермен жүргізіледі. Қазіргі таңда Қызылорда облысындағы наукастардың иммунитетін қалпына келтіруге, денсаулық сақтау мен емдеуге бағытталған клиникада балалар мен ересектер емделе алады. Екі жылдың ішінде орталық 1600 азаматқа кеңес беріп, 898 емделушіні сауықтырған. Олардың ішінде ТМД елдерінен, Сауд. Арабиясы, Оңтүстік Корея, Украина, Татарстан, Өзбекстан, Қырғызстан азаматтары бар. Раушан Базарбай бірнеше Батыс және Еуропа елдерінде қоғамдық азаматтық белсенділікті арттыруға, отбасында балаларды тәрбиелеуге байланысты ғылыми-тәжірибелік

конференцияларға, семинарларға қатысып, бала тәрбиесі жайлы еңбектер жазған.

Аида Керімқұлова – ұлттық кодты қалыптастыру жолында өз кәсібін ашқан жеке кәсіпкер. 2000-2003 жылдары Алматы қаласының «Жол Желкен» ЖШС құрылыс компаниясында бас технолог, 2003-2011 жылдары ЖК «Баймұрзаева» мекемесінде есепші қызметін атқарған. 2011 жылдан «ПромКоммерцКА» ЖК басшысы болып жұмыс істейді. 2015 жылдан бастап Қолөнер ұлттық нақыш орталығының құрылтайшысы ретінде қолөнершілерді қолдау және насихаттау жұмыстарын атқарып келеді. Мақсаты, Қызылорда қаласы және ауыл-аймақ қолөнершілердің туындыларын нарыққа шығарып, өсіп келе жатқан жастарымызға жат болып бара жатқан ұлттық бұйымдарымызды насихаттап, санасына сіңіру. Сондай-ақ, «Қолөнер» ұлттық нақыш орталығы көптеген қайырымдылық шараларына белсене қатысып, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға көмек көрсетіп келеді. Аида Керімқұлованың басшылығымен жұмыс жасайтын «ПромКоммерц КА» ЖК-і 2011 жылы құрылды. «ПромКоммерц КА»-ның ерекшелігі қолөнермен айналысатын, атадан балаға мұра етіп, бүгінгі күнге жеткізе білген өз саласының үздіктерінің басын қосқан орталық. «Қолөнер» орталығын ашудағы мақсатым ұлттық кодты қалыптастыру. Қазір жаһандану кезеңі деп түп-тамырымызды ұмыта бастадық. Сондықтан да кәсіпті қолға алғанда осы саланы дамытамын деп өзіме сөз бердім» [3], - дейді Аида Керімқұлова. Бүгінде Орталықта тек қызылордалық шеберлердің ғана емес, сондай-ақ өзге өңірлерде де ұлттық өнімдерді шығаратын қолөнершілердің туындылары бар.

Венера Гафурова – кәсіпкер, 2007 жылы Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін «Нархоз» экономист мамандығы бойынша, 2013 жылы «МАБ» Халықаралық Бизнес Академиясының магистратурасын бітірген. 2006-2007 жылдары «Торғай Петролеум» АҚ экономист, 2007-2013 жылдары «Энергомонтажавтоматика» ЖШС қаржы директоры болып қызмет етті. 2013 жылдан бүгінгі күнге дейін мұнай өнімдерін көтерме сататын «Alef trade» ЖШС директоры, «Персона» сұлулық салонының иесі. Венера Гафурова облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының мүшесі. Татар этномәдени бірлестігінің белсенді мүшесі ретінде үнемі мәдени-көпшілік шараларға қатысады. Жаны жомарт Венера жанашырлығымен көпшілікке мәшһүр. Әлеуметтік жауапкершілікті сезінген кәсіпкер мұқтаж жандарға қол созып, қайырымдылық шараларға бастамашылдық танытады. Беделді және белсенді нәзік жан бүгінде 50 ге жуық адамды жұмыспен қамтып отыр. Әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көпбалалы,

тұрмысы төмен отбасыларына, мүгедек жандарға қаржылай дәрі-дәрмек және материалдық көмек көрсетеді. Аймақтағы өткізілетін қайырымдылық акцияларға белсене қатысады. Қарағанды облысы су тасқынынан зардап шеккендерге алғашқы көмек қолын созғандардың бірі. «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылына тұрақты көмек беріп келеді. 2016 жылы Қызылорда облысы әкімінің алғыс хаты мен Құрмет грамотасының иегері атанды. III республикалық меценаттар форумында «Жомарт жан» медалімен марапатталған.

Динара Алмусаева – кәсіпкер. Визажист-стилистті қажет ететін жердің бәрінде ол 10 жылға жуық тер төкті. Бет әрлеу, қас, шаш, тырнақты сәндеу бойынша шет елдерде білім алып, тәжірибе алмасқан. Қазіргі таңда бетті әрлеудің барлық түрін меңгерді. Бүгінде аяулы жар, білікті басшы. *«Кәсіби визажист-стилист болуым үшін ата-анам, өмірлік жолдасым мені үнемі қолдап, қанаттандырып отырды. Оларға менің алғысым шексіз. Армансыз өмір сүргің келсе, жаның қалаған іспен шұғылдану керек. Сондықтан осы саланың биігіне жетуді қаладым. Алдыма мақсат еттім. Жақсы көрдім. Міне, бүгінде жетістікке де жеттім»* [4], - деді *Динара Мұратбекқызы*. 2015 жылдан бастап, «Dinara almusayeva» сән салонын ашып, қыз-келіншектерге сапалы қызмет көрсетуде. Бүгінде 70-тен аса шәкірт тәрбиелеген.

Айдана Дүйсенбаева - жас кәсіпкер, қолөнер шебері 2007 жылы Қызылорда қаласындағы Абылай хан атындағы колледжінің «Дизайнер» мамандығын тәмамдаған. 2013 жылдан бастап Айдана Дүйсенбаева жүн түтіп, ұршық иіріп, киіз, текемет басуды қолға алып, халыққа сапалы өнім ұсынуда. Бүгінде Айдана киізден жасалатын бұйымдарды кәде сый ретінде тапсырыспен әзірлейді. Сыйлық және кәдесый өнімдерін табиғи материалдардан дайындайды. Оларды кестелеп әдемілеп тігеді. Киіз бен түйе жүнінен өнім өндіру өз ерекшелігімен үлкен сұранысқа ие. Соңғы кездері киізден жасалған сырғалар, алқалар, білезіктер, сөмкелер, ұялы телефондарға арналған қапшалар, аяқ киімдер тағы басқа да бұйымдар жасауда. Айдана Дүйсенбаева бірқатар облыстық және республикалық көрмелер мен байқауларға қатысып жүр. Республикалық «Қолөнер – сырлы өнер» қол өнер шеберлерлерінің көрме-жәрмеңкесіне қатысушысы.

Түйіндей келгенде, Қызылорда облысында жылдан жылға кәсіпкер әйелдердің саны артуда. Атап өтсем: аймақта «ORDA Isker Aiyelder» форумы, бизнестегі аруларға Еуразиялық қайта құру және даму банкінің «Бизнестегі әйелдер», «Онлайн-бизнестегі әйел» атты жобасы, екі ай көлемінде жұмыссыз жүрген ауыл әйелдеріне арналған «SMM-маманы» (Social Media Marketing – әлеуметтік желілер) атты курсы, «Бастау» жобасы, «Бизнес-

Кеңесші» жобасы т.с.с., көптеген мүмкіншілік жасалынууда. Облыстағы мемлекеттік қызметкерлердің 46 пайызын нәзікжандылар құрайды. Өлкедегі үкіметтік емес ұйымдардың жетпіс пайызға жуығын әйелдер басқарады. Сондай-ақ 147 ауыл әкімінің алтауы, түрлі деңгейдегі мәслихат депутаттарының 14-і әйел.

Бұдан бөлек, мемлекеттік жобалар мен бағдарламалардың арқасында өз кәсібін дөңгелетіп, облыс экономикасының дамуына үлес қосып жатқан іскер әйелдердің де қатары артып келеді. 2017-2018 жылдары Кәсіпкерлік саласында әйелдердің үлесі ерекше артып келеді. «Қазіргі таңда республика бойынша кәсіпкер қыз-келіншектердің үлесі 50 пайыздан астам. Мұндай жоғары көрсеткіштер әйелдер кәсіпкерлігінің дамуы әлеуетінің тағы бір дәлелі. Шағын бизнес кәсіпорындарының 60 пайыздан астамын әйелдер басқарып отыр. Оның ішінде басым көпшілігі қызмет көрсету саласы: ателье, сулулық салондары, дүкендер, және денсаулық сақтау, азық-түлік және туризм салалары. 2018 жылғы мәліметке сүйенсек облысымызда өңірлік инвестициялық орталық арқылы қаржыландырылған 258 жоба 112 кәсіпкер қыз-келіншектің бастамасымен қолға алынған.

ӘДЕБИЕТ

1. Елбасының Қытайға сапары. Хабар 24. 6 маусым 2018. <https://24.kz/>
2. // Кызылординское вести. – 2015. - 29 декабря.
3. Қазақстанның қанатты әйелдері. Кызылорда облысы. – Астана: ИД «Арт Статус Медиа», 112 б.
4. // Кызылординское вести. – 2016. - 22 декабря.
5. // Ақмешіт апталығы. – 2016. - 26 наурыз.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются формирование и развитие предпринимательской деятельности среди женщин Кызылординской области. Отмечаются, что в годы независимости женщины предприниматели активно занимаясь благотворительной деятельностью внесли большой вклад социально-экономическому развитию края. Одновременно женщины-предприниматели Кызылорды активно участвовали в общественно-политической жизни края.

SUMMARY

This article examines the formation and development of entrepreneurial activity among women in the Kyzylorda region. It is noted that during the years of independence, women entrepreneurs

actively engaged in charitable activities have made a great contribution to the socio-economic development of the region. At the same time, women entrepreneurs of Kyzylorda actively participated in the social and political life of the region.

ДІНИ-ФЕНОМЕНОЛОГИЯДАҒЫ КИЕЛІ КАТЕГОРИЯЛАРЫ: ДІНТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Камалова Фәриде Болатқызы,

PhD

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Кіріспе

Адамзаттың тарихи діни тәжірибесі жан-жақты, алфеноменологиялық тұрғыдан қарастырғанда, көптеген діндердің жалпызаттында, культінде, діни түсінігі мендіні тәжірибесінде кездесетін киелінің негізгі формасын байқауға болады. Мұндайды классикалық феноменология өзінің негізгі міндеттерінің бірі ретінде қарастырады. Осы тұрғыда Николай Каузанский өзінің «О мире в вере» еңбегінде былай деп жазады: «Көптеген әдет-ғұрыптардан тұратын тек бір ғана дін бар... тек бір ғана Жаратушы бар, тек бір ғана культ бар».

Осы ретте, барлық діндерде кездесетін киелі феноменінің өзіне тән категориялары бар. Осы күнге дейін көптеген шетелдік ғалымдар киелі категорияларын зерттеп келген және қазіргі кезде де өзекті мәселелердің бірі болуда. Діни феноменология киеліліктің, қасиеттіліктің затта, кеңістікте, уақытта, мәтіндерде, іс-қимылдарда, адам мен қоғамның арасындағы байланыста пайда болатынын қарастырады.

Адам мен қоғам байланысы дегенде біз киеліліктің мынандай категорияларына тоқталамыз. Олар: киелі адам, киелі іс, мистиктер мен пайғамбарлар ұғымдары.

Қасиетті нысан

Ф. Хайлердің айтуынша, қасиетті нысандардың негізі болып табиғаттың объектілері саналады. Себебі табиғаттағы объектілер өзінің құдіреттілігімен, ерекшелігімен адамзатқа қорқыныш пен таңырқау тудырады. Көрінетін ерекше тылсым күшті сезінген қарапайым адам оларға сыйынады [1, 78 б.].

Ал М. Элиаденің айтуы бойынша, қасиетті нысандар я болмаса заттар тек нақты бір символдың бөлшегі, немесе өзін иерофания тұрғысынан білдіреді, немесе мистикалық қатынасқа түсіп, мана ретінде ғана таныта алады дейді [2, 35 б.].

Ертеректе пайда болған культтердің бірі қасиетті тас. Тас үйінділері көне заманда культтік орын болып есептелген. Негізінде тас өзінің беріктілігімен, қаттылығымен сипатталады. Тарихқа

үңіліп, алғашқы қауымдық кезеңді алатын болсақ, ондағы тасты қасиетті тұтып табынғандығына көзімізді жеткізуге болады.

Одан басқа, тас шығу тегінің негізінде және өзінің қасиетті күшімен бөлінеді: аспаннан түскен тас, вулкандық от, теңіз түбіндегі інжу тас. Аспаннан түскен қасиетті қара тас культі көнеарабтық діннен исламға өткен. Мұнда қара тас сыйыну нысанына айналып, әлемнің қасиетті орталығы Меккедегі мұсылмандық ғибадат орны – Кағбада орналасқан.

Сонымен қатар, барлық жерде тауларды да қасиетті тұтады. Оның қасиеттілігі – оларды жердің орталығы деп есептеген. Үнділік дінбасылары болсын, христиандықтар мен мұсылмандар болсын, олар үшін тау – жағымды діни образ болып табылады. Мифологияда әлем тау секілді бейнеленген, мистикада Құдай тау бейнесінде сипатталған, ал сыйыну мен құтқарылу жолы сол қасиетті тауға шығу болып есептелген.

Оған қоса, жер де қасиетті болып табылады. Жер – ана! Барлық тірі жанның, өсімдіктердің, жануарлардың, адамның анасы болып есептеледі. Бұлақ көзі мен өзендерге де табынған, өйткені олар барлық нәрсеге өмір сыйлаған. Су өмір сүрудің қызметімен байланысты болған соң, оған құрмет көрсетіліп, ең маңызды қасиетті нысандардың бірі болып табылған.

От күн қозғалысын реттеуші ғажайып құрал секілді жарық, жын-перілерді қуушы элемент, үйдің ошағы, сонымен бірге, тайпалар мен халықтың өшпес жалын оты болып табылады. От – көнеирандық, көнеүнділік культтерге ортақ символ. Ол ата-баба бейттерінің басында, Құдайды бейнелегенде, пұтқа табынушылардың ғибадатханаттарында, синагогаларда, шіркеулерде жанып тұрады. От екі жақты – ол жылытады, жанған кезде өмірді сыйлап, сақтап тұрушы, ал екінші жағынан ол қауіпті. Себебі, қоршаған ортаны өртеп, қиратушы қасиетке де ие. От жақсылықты (өмірлік жылулықты), сонымен бірге жамандықты (бұзады, өртейді) да қамтиды.

Вулкан – өте күрделі қасиетті нысан. Ол тек бастапқы табиғи күшті білдіріп қана қоймай, онымен қоса ол синтезделеді, яғни от, су, жер, ауа бәрінің қосындысы болып қайта құрылады. Вулкан ауаға атқылағанда отқа айналады, одан соң от ылғал болып, тасқа айналады. Парацельске сәйкес, вулкан «от әміршісі» болып табылады. Егер алхимия өнер болса, вулкан ондағы суретші болып табылады [3, 99 б.].

Барлық табиғат атауы діни түсінік бойынша құдайылық бейнені сипаттаушы. Монотеистік діндер үшін табиғат – Құдайдың туындысы, ол Құдайды мадақтауға бағытталған. Ал пантеизмде табиғат – «Құдайдың жанды бейнесі» немесе, И. Гетенің айтуы бойынша, «Құдай – табиғатта, табиғат – Құдайда» деген.

Егер қасиетті нысан өзінің ерекшелігін, бірегейлігін білдірсе, онда нәтижесінде мұндай қасиеттер барлық әлемге таралады.

Қасиетті кеңістік

Феноменологияда қасиетті кеңістіктің әлі күнге дейін бір мәнді шешімі жоқ. Қасиетті кеңістік ұғымының қайдан шыққаны белгісіз, қасиетті нысаннан ба әлде символдар қатарынан ба? Әлде екеуінен бірге ме?

Классикалық феноменология қасиетті кеңістікті қасиетті нысаннан шығатынын қарастырады. Қасиетті кеңістік – біріншіден, ол қасиетті нысандар қарастырылатын орын. Кезінде табиғаттағы шектелген кеңістіктер ғана қасиетті болған, олар – тастармен көмкерілген шеңбер, таулар, төбелер, бұталар, қабірлер, үңгірлер. Кейінірек, адам қолымен салынған ғимараттар да қасиетті бола бастады, онымен қоса оның ішіндегі заттар мен бөлмелерде – үйдің өзі, табалдырығы, есіктері, ошағы да қасиетті саналды. Жаймендеп фетиштер немесе рухтар тұрған баспаналардың орнына керемет ғибадатханалар, зәулім сарайлар пайда бола бастады. Ғибадатханалық архитектура Космостың құдайылық жетілдірудегі бейнесі болып табылды.

М. Элиаде «қасиетті кеңістік – пендешілік(дүниелік) кеңістік» қарама-қайшылығын қарастыра отырып, қасиетті орындардағы қасиетті заттың немесе нысанның болуынан байланысып тұрған жоқ, керісінше жоғарыдан келген белгісіз нәрсенің, көрінбейтін архетиптің болуынан, дәл соларға деген сенім сол орынның қасиетті болып тұрғаны деген тұжырымға келді [2, 52 б.].

Ал, Хайлер болса, шексіз қасиетті кеңістік туралы ұсынысты Құдай туралы белгілі бір ұсыныстармен байланыстырады: сыртқы сыйынатын орындар (иудейлік синагога, мұсылмандық мешіт, христиандық шіркеу) киелі нысан тұрғысынан жаңадан сипат алады [1, 30 б.]. Иерусалим мен Мекеге бағытталған намаз орны, я болмаса христиандардағы алтарь – Құдайдың қатысуы ретінде көзге көрінетін шынайылыққа айналды. Реформаторлар шіркеуден киелікті алып тастағанмен, лютерандар алтарьді Құдайдың қатысу символы ретінде есептейді. Мұндай киеліктің сыйыну түрі Рим, Иерусалим, Меккедегі қажылық сияқтыға алып келеді. Құдайдың барына сенгендер белгілі бір кеңістікті құрайды, онда олар аспанда Құдайдың өмір сүретіндігіне сеніп, тек Құдайға ғана қол жайып, сыйынады. Құдай мен белгілі бір кеңістіктің байланысын иудаизмде Құдайды жеке бір кеңістік ретінде қарастырады.

Қасиетті уақыт

Діни феноменологияда қасиетті уақыт теориясын символикалық дәстүр негізінде қарастырады. Бұл теорияға сәйкес, қасиетті уақытты қасиетті кеңістікпен сәйкестендіреді: төрт жыл мезгілі – дүниенің төрт жағы. Қасиетті кеңістік профандықтан қалай ажыратылса, қасиетті уақытта күнделікті уақыттан солай ажыратылған. Қарапайым халық мереке күндерін табиғат тіршілігімен байланыстырған, мысалы, мал шаруашылығы – мал төлеген уақыт, егін шаруашылығы – астық егу және жинау уақыты секілді. Аспандағы жұлдыздар мен планеталардың қозғалысына қарайда мерекелер бар, олар жаз, қыс, айдың толған кезі, айдың жаңадан туған кезі сияқты. Кейбір мерекелер шығыстық-эллинистік мистикалық діндерден келген, ал иудейлік, христиандық, мұсылмандық діни мерекелер қасиетті тарихи оқиғаларға байланысты өтілген. Мысалы, иудаизмдегі Песах, христиандықтағы Пасха, мұсылмандықтағы Мәуліт, Рамазан айы, буддизмдегі Будданың туулы мен өлімі, Кришнаның туулы сияқты мейрамдар аталып өтілетін болған. Бұл жерлердегі құдайылық келбет кеңістікте де уақытта да көрініс береді.

Сонымен қатар, қасиетті уақытқа тән мәңгілік пен уақытша деген ұғымдар бар. Бұл ұғымдар өмір мен өлімді, абсолюттік пен салыстырмалыны, киелік пен пендешілікті сипаттайды. Бұл ұғымдардың нақты мазмұны олардың дүниетанымына сәйкес – тәжірибелеріне, формалары мен түрлеріне қарай мифологиялық, діни немесе философиялық болып келеді. Мәңгілік – басқа-өзге уақыт тәрізді абсолютті құндылық, Құдайдың, батырлар мен ата-бабаларымыздың арнайы оқиғалары мен әрекеттері. Қасиетті уақытта жасалған арнайы әрекет қасиетті тарихи оқиғаға айналады, ал бұған қатысы бар адам мәңгіге айналады. Діни дүниетанымда уақытшалық ақиқат емес және аяқталмай қалған шындық есебінде сипатталады: брахманизм мен индуизмде – өзіндік құндылығы жоқ елес секілді, буддизмде – қайта туулу шексіздігі, соңында тек қайға-қасірет шегу сияқты, ал христиандарда – күнәнің салдары секілді, осыдан біздің ұғатынымыз – мәңгілік деген уақытша жағдайды жеңу деген ұғым [4, 108 б.].

Қасиетті іс-әрекет

Қасиетті іс-әрекет – бұл киелімен байланыс деген. Діндар адам киелінің кеңістікте, уақытта барымен қанағаттанбай, ол оның күшіне ортақ болу үшін өзінің бірлігін сезгісі келеді, онымен жанасқысы келеді. Киелімен табиғи байланыстың айтарлықтай маңызды формасы –үшритуалды байланыстыратын ғибадатқа қатысу болып табылады. Олар тазарту, ойлау немесе ағарту, бірегейлену немесе құдіреттік сипатқа ие болу. Бұл қасиетті іс-

әрекеттің классификациясы тақуа адамның мистикалық жолы немесе көтерілу баспалдақтары болып есептеледі. Мистика – бұлосы өмірден, жасанды әлемнен, жалған дүниеден кетіп, құтқарылуды іздейтін жол, осылайша мистиктер жалғыз шынайы болмысқа жақындағысы келеді. Мистиктер қалаған бұл жол өте ауыр, күрделі, ұзақ болып келеді, және де көп баспалдақтардан тұрады. Бұл жолмен жүрген діндар адам тазару, ағару, бірегейлену рәсімдерін жасау арқылы ғана Құдайға жақын бола алады [5, 360 б.].

Қасиетті іс-әрекет әлемнің нақты онтологиялық моделін ұсынады. Алғашқы қауымдық, архаикалық адам бұрын соңды адам баласы жасамаған әрекетті білмеген. Содан олар өздерінше сыйынатын, бертін келе жаңадан өзгеше мәндерге ие болды. Олар Құдайлардың, батырлардың немесе ата-бабалардың арнайы іс-әрекеттері.

Қасиетті іс-әрекеттің классификациясы мен әлемнің онтологиялық моделі ритуалдық мәтіндердің герменевтикасынан бөлек ритуалдардың феноменологиясын түсіндірумен сәйкеседі.

Киелі адам

Әрбір адам қарапайым нақты бір жағдайларға байланысты қасиетті күшке ие болады: соғыста, аңшылықта, туылғанда, өлгенде, бала туғанда және т.с.с. Ал кейбір адамдар ғана белгілі бір мән-жайларға байланысты киелі күшке ие болады: әке – отбасының басшысы, сонымен қатар үйінің абызы; көсем мен патша – бәрін басқарушы, көзге көрінетін Құдай секілді немесе оның елшісі, сондықтан ол құдайылық сипат алып, көптеген табумен қоршалған; ал абыздар мен дінбасылар – Аллаға қызмет ететін көзге көрінетін Алла елшілері, осылар арқылы адамдарға Алла тарапынан мейірімділік пен құдайылық көмек беріледі. Оған қоса, бұлар адамдардың тілегі мен құрбандық сый-сияпатын жеткізушілер. Олардың екінші міндеті: ғылыммен (астрология, тарих), сот төрелігімен байланысты. Біршама халықтарда басында абыздардан тұратын тұтастай абыздар кастасы кездеседі. Абыздар немесе дінбасылардың қадір-қасиеті мен билігі олардың шығу тегінде, келешекті болжайтын қасиетінде негізделеді [6, 28 б.].

Негіздей келгенде, тақуалықтың киелілігі пендешілік өмірден бас тартып, толық еркіндікті таңдаудың нәтижесі болып табылады. Тақуалар некеден, жеке меншіктен бас тартады, үлкенге бағынады, әрдайым аскеттік өмір кешеді, бәріне ортақ еңбек етеді. Сонымен қатар, олар жігерлі уағыздаушы, рухани тәлімгер болады. Иудейлікте, христиандықта, кейінгі буддизмде, исламда олар рухани және мәдени жұмыстарды атқарады.

Пайғамбарлармен мистиктер

Пайғамбар деп –діни терминологиялық тұрғыдан алғанда, Алланың адамдар арасынан елшілік етіп тандап алынған және уахи арқылы Аллаһтың әмірлері мен тыйымдарын адамзат баласына жеткізу міндеті жүктелген хабаршы әрі елшісі дегенді білдіреді. Жалпы алғанда, адамзат пайғамбарларға қарап бағыт түзеп, бағдар алуы тиіс. Өйткені олар – әрбір істе қайталанбас үлгі, ізгіліктің биік шыңы, адасқанға жол сілтейтін жарық жұлдыз секілді. Пайғамбарлар киелі сипатқа ие [7, 88 б.]. Олар тікелей Құдаймен байланыса алады. Пайғамбарлық ерте христиандық қауымда пайда болған, алайда оған дейінде одан кейінде пайғамбарлық қоғамда тұтастай орын алған. Қасиетті мәтіндер мен заңдарға негізделген біршама монотеистік діндер – иудаизм, христиандық пен исламдағы белгілі Алла елшілері Мұса, Иса мен Мұхаммед болып табылады.

Мистиктердің де пайғамбарлар секілді ерекше қасиеттері жиі танылып тұрады, олар экстаздық күй кешеді. Киелікке апаратын мистикалық жолдың мақсаты – сыртқы дүниеден алыстау, трансқа түсу үшін медитация мен ой-толғамнан өту, қиындықтарды бастан кешу. Алайда біраз мистиктер, ең алдымен, Гаутама Будда осы өмірден бас кешкен жоқ, ол халық арасында белсенді өмір сүріп өзінің халқына рухани және материалдық көмек көрсетті.

Киелі адамдар көбінесе азап шегуші ретінде кездеседі, тіпті олар өз сенімі үшін өлімге дейін барады. Сонымен қатар, киелі адам қоршаған ортасына құдайылық және бауырлық махаббат беруші ретінде де кездеседі. Мысалы, иудейлерде – хасид пен саддик сынды киелі адам болса, исламда – сопылар, буддизмде – бодхи-саттар бар. Киелі деп тек Құдайға қызмет ететін, халыққа көмек көрсетін адамды ғана айтпайды, сонымен бірге көмек-қолдауға мұқтаж адамды да айтады. Мысалы, Зевстің Ксений және Гикесий деген лақап аттары болған, яғни бейтаныс ретіндегі және көмек сұраушы құдай ретінде болған. Ал Будда болса, өзіне қамқорлық жасату үшін ауырып жатқан бауырластарына айналғысы келеді. Иса ақырзаман туралы пайғамбарлық көрегендігінде (қараңыз Мф. 25:35-40) барлық қапалда отырған ашыққандар, шөлдегендер, аурулар, өзгермейтіндердің өзі – Құдай болып табылады деген. Кімде кім оларға сүйіспеншілікпен қызмет етсе, Құдіреттінің өзіне қызмет еткенмен тең болады деген(каждый, кто служит любовью им, служит Ему самому).Осы жерден Homo homini Deus (лат. – адам адамға Құдай) сөздерінде гуманизмнің діни құндылыққа ауналуын көреміз [8, 92 б.].

Сонымен бірге, өлілер де құрмет көрсету нысаны болып табылады. Отбасыда – ата-бабалар, халық арасында – билеушілер мен батырлар, дамыған діндерде – киелілер есептеледі. Киелілер

культі көне наным-сенімдердің жаңа діндерге қосылуына мүмкіндік бере отырып, буддизмге, христиандыққа, исламға тараған. Бұл культтің негізі – халықтық діндарлықтажатыр, халық өз өздерін рухани жетілдіру үшін, олардың бейітіне барып көмек сұрап, сыйынады.

Қорытынды

3. Гуссерльдің қолданған феноменологиялық-философиялық әдісі бойыншақазіргі діни феноменология киеліктің пайда болуын зерттеуде тарихи-діни тәжірибедегі жалпы түсініктерге мән берген. Ол дегеніміз күнделікті өмірге қарама-қарсы болып келетін, әдеттегі нәрселерден алыс тұратын, ол еліктіреді әрі бір мезгілде қорқыныш-үрей туғызатын құбылыстар.

Адам мен қоғам арасындағы затқа немесе құбылысқа ерекше бір діни тәсілмен қарым-қатынас көрсетілсе, феноменологияда ол киелі деп айтылады. Киелі ол табиғаттан тыс күшке ие құбылыс. Ол қарапайым халықтың тілінде: меланезиялықтар үшін – «мана», полинезиялықтар үшін – «табу», үндүстер үшін – «оренда» деп аталады. Киелікте әдеттегідей, профанды затқа қарама-қарсы болып табылатын – табу ұғымы бар, оның өзгешелігі ерекше назар мен сақтықты талап етеді.

Киелі көбінесе көпмағыналы латын сөзі «нумен» ұғымымен (Құдай еркі, құтқарушы Құдай, құдайылық бейнесі, құдайлық құдіреттің белгісі, аса қымбатты аруақтардың рухтары)алмастырылады. Алайда Р.Отто үшін, нумен киелінің иррациональді тұсы болып есептеледі [9, 144 б.].

Осылайша, нумен – құдайлық, «мүлдем бөлек», ол ешбір адамзатқа да, ғарышқа да ұқсамайтын абсолютті ретінде анықталады. М. Элиаде дінді рациональді және иррациональді элементтерге бөліп қарастыру дұрыс емес, ондағы киелі өзінің барлық толықтығын көрсете алмайды деп есептеген. Ең дұрысы киеліні пендешілік өмірге қарама-қарсы қою деп түсіндіреді [2, 44 б.].

Ф. Хайлер байқағандай, нумен – киелі және құдайылық – сезімтал қабылдаудың арғы жағында орналасқан, бірақ ол сыртқы құбылыстар арқылы көрінеді және естіледі, оны қиялмен салған картиналардан, діни тәжірибеден байқауға болады дейді [1, 36 б.].

Сонымен, киелінің өзін бірнеше категорияларға бөліп қарастыруға болады. Олар: қасиетті нысан, қасиетті кеңістік, қасиетті уақыт, киелі адам, қасиетті іс-әрекет және пайғамбарлар мен мистиктер.

ӘДЕБИЕТ

1. Хайлер Ф. Проявления и сущность религии. - Штутгарт, 1961. - 306 с.
2. Элиаде М. Священное и мирское / Пер. с фр., предисл. и коммент. Н.К. Гарбовского. - М.: Изд-во МГУ, 1994. - 144 с.
3. Юм Д. Философские опыты о человеческом познании. - М., 1996. - 299 с.
4. Мосс М. Социальные функции священного / Избранные произведения. Перевод с французского под общей редакцией И.В. Утехина. – СПб: Евразия, 2000. - 448 с.
5. Зёдерблом Н. Становление веры в Бога. В кн.: Мистика. Религия. Наука. Классики мирового религиоведения. Антология. - М., 1998. - 360 с.
6. Кайуа Р. Миф и человек. Человек и сакральное. - М.: ОГИ, 2003. – 280 с.
7. Маретт Р. Формула табу-мана как минимум определения религии. В кн.: Мистика. Религия. Наука. Классики мирового религиоведения. Антология. - М. 1998. - 288 с.
8. Топоров В.Н. Святость и святые в русской духовной культуре. Т.1. - М., 1995. – 442 с.
9. Отто Р. Священное. Об иррациональном в идее божественного и его соотношении с рациональным (1917). - СПб., 2008. - 240 с.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается происхождение святости в материи, пространстве, времени, текстах, действиях и отношениях между человеком и обществом, а также определяется ряд категорий святости.

SUMMARY

This article examines the origins of holiness in matter, space, time, texts, actions, and the relationship between man and society, and defines a number of categories of holiness.

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСУДАҒЫ РУХАНИ ТӘРБИЕНІҢ РӨЛІ

Нарымбаев Қуандық Датхабайұлы,
гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Интеллектуалды ұлт - елдің және оның азаматтарының стратегиялық қоры. Ол постиндустриалды үштіктің белсенді әрекеттестігінің негізінде - білімнің, ғылымның, инновацияның белгілі нысан ретінде пайда олады. Президент Н. Назарбаев атап өткендей, осы үш негіздік компоненттің әрекеттестігі ұлттық байлығымызды қарқынды түрде көбейтеді, тұлғаның және қоғамның рухани тұтастығын бекітеді, экономиканың модернизация үдерісін жеделдетіп және Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Жастар интеллектуалды потенциалдың негізгі әсер ететін тобы болып табылады. Нақты сондықтанда жастық шақта шығармашылық, эвристикалық қызмет саласына барынша максималды түрде қабілетті болып табылады; оптималды түрде еңбекке жарамды кез – келген қоғам жастар арқылы тек қана физикалық емес интеллектуалды потенциалын жүзеге асырады.

Қазіргі мәдениеттің құлауы мен құлдырауы туралы пессимистік ойлар және тұлғаның қалыптасуына негативті әсері жайлы Ю.А. Васильчук былай дейді: «Әлем мәдениетінің дамуының нәтижесі белсенді қызмет атқарған тұлға. Сіз қазіргі кезде жастар тәрбиеленетін киноларда және теле бағдармалар жүргізушілері мен батырларына назар аударып қараңыз. Өз – өзіне, өзінің құқықтарына, өз күшіне сенім басты белгі. Кинодағы мардымсыз кішкентай адамның орнына басқарушы мырза пайда болды, шыныменде ол өз – өзіне қожа, өзінің әрекеттері мен амалдарына жауапты жеке белсенді, креативті, мобильді» [1].

Осы берілген пікір негізінде белсенді тұлға негізінде қалыптасады, бірақта ол әлеуметтік реттелуі қиынға ұшырайды, бұл жерде мораль және заң басқалардың құқықтары мен бостандықтарын шектеу арасында сәйкес келмеушіліктер болады, осы ретте ешқандай ар – ұят, егер осындай болса әрине, басты назарға қойылмайды. Осындай бұқаралық тұлғаны Ф. Ницше армандап па еді? Бәлкім, жоқ шығар себебі тұлғалық белсенділіктерді идеалдандыра отырып адамгершілік қасиеттер, тұлғаның руханилығы және интеллектуалды қоры ескерілмейді. Шытырман оқиғалар мен комикстерде қазіргі мәдениетте тұлға

мен өмірлік қарым – қатынастағы саналуандылық жоқ. Қызмет салаларының көп болуы ойлардың көптігіне алып келеді. Ис әрекеттер өзіндік «менге» шиеліністі мағына береді соның нәтижесінде сана сезім жұмысын жетілдіреді. Сол немесе басқа бір жағдайлар және олардың салдарлары позитивті және негативті мағынаға ие болады. И.Н. Михееваның пікірінше ішкі өткелдер белгілі маңызды мақсаттарға жетуге кедергі келтіреді. Керісінше ішкі кедергілер өзіндік мақсатқа жетуге оң әсерін береді. Өзіндік «мен» позитивті тұлғалық мағынаға ие болады [2]. Өзін – өзі жетілдірудегі қадамдарды бастан өткере отырып адам өзін өзгертеді: стихиялық индивид өз орнын саналы тұлғаға береді, рухани жаулап алу ізденіс, кешірім, қорлау, құндылықтарды қайта бағалау және шыңармашылық өзгерістер арқылы орындалады.

Өмірлік мақсаттар мен өзін – өзі жетілдірудегі негізгі рөлді мектеп алады. Сонғы жылдары әлеуметтік институт жаңа жағдайларға бейімделу үстінде мұғалімдер көбіне әлеуметтік өзгерістердің мәнін түсінді. Осы маңызды өзгерістің мәнін атап өтсек классикалық педагогикалық негізгі принципі білім беру бірегейлігі және тәрбие болып табылады. Сол немесе басқа бір басымдық туралы айтқанды жоғарғы деңгейдегі бірегейлік продуктивті бола алмайды. Идеяларды нақты анықтамау және негізгі әлеуметтік тәрбие құндылықтарын бағаламау білім беру қызметінде ешқандай кері әсерін тигізбейді, ал білім беру және тәрбие арасындағы дискуссиялар әлі күнге дейін жалғасуды. Жұмыс істеуші жастар 31,1% өзінің тәжірбиесін ескере отырып, рухани моральды сипаттағы мәселелерге назар аудару қажет деп есептейді, оқушылардың (25,9%) мектеп осындай жақсы кадрларды дайындау қажет деп есептейді [3].

Болашаққа қатысты жастардың пікірі бөлінген. Бірінші топ – пессимистік болашаққа деген сенімі жоқ оны «ертең не болатынын білмеймін, ертең жақсы жұмыс таба алмаймын, оқуды аяқтай алмаймын, тұрақтылық жоқ, ата – аналарға тәуелдімін себебі олардың ақшасы көп, болашаққа тек ақымақтар ғана сенеді т.б». Екінші топ – оптимистік өзінің күшіне сенеді жақындары көмектеседі: «жұмыс істеймін, денсаулығым болады, ақша болады, барлығы болады; оның барлығы тек ата – аналардан емес тікелей өзіме байланысты».

Кейбір қорытындыларға келе отырып қоғамдық парадигмалардың өзгерісі: құндылықты олшемдер, идеалдар, қызығушылықтар, қайшылықтар, мотивтер саласында орын алды. 90 жылдары Қазақстандық қоғамда жастардың негізгі әлеуметтік мәселелерін орындау қиынға соқты, алайда кейбір позитивті өзгерістер мемлекеттік және аймақтық жастар саясаты орындалды. Бүгінгі таңда жастар мен жұмыстағы жаңа тәсіл ғана емес сонымен

бірге қажеттіліктердің әдістері мен жұмыс істеу бағытын өзгерту және зерттеу кейбір жастардың өзінің мәселелерінің жеке өзі шешуі және өзіндік өмірлік маңызды мәселелерін жоғарғы білім алу, мансапқа ұмтылу маңызды болып саналады. Жастар өзін өзі дамыту ашық және өтпелі мәселелер арқылы орындалады.

Индивидуалды субъектіні компетенттігі ашық айту мен өз сөзінде тұру қабілеті мен мүмкіндігімен толықтырылуы тиіс.

Бұл контексте БАҚ- тың позитивті мәнін де аңғару керек. Олар айтарлықтай рөл атқарады:

а) қатынасуда әлемді тану мен өзара түсінушілік тәсілі сияқты;

б) тәрбиелеу процесінде және әлеуметтік жекелендіруде;

в) қоғамдық тепе- теңдік пен әлеуметтік өзарақатынасты қолдауда.

Насихаттаушы ретінде БАҚ- ның тағы осындай функциясын ескеру керек. Насихаттау алдында нақты тапсырмалар қойылады: соғыс уақытында патриотизм толқынын көтеру; қарсыласушыны адастыру; өз күшін арттыру: рейтингті көтеру жіне жеке имиджін жақсарту. Бұл тапсырмалар қоғам мен мемлекет мүдделеріне қатысты, егер БАҚ рөлі диалогта тең құқықты серіктес сапасында мойындалса, орындалады. Бұл аяда БАҚ элитасы мемлекеттің емес, азаматтық қоғам мен мемлекет жеке меншігі автономиясын ойлаған шекте қамтуға негізделген, мемлекеттік институттар шегін жеңіп шығатын азаматтардың қоғамдағы өмірін жеке ұйымдастыруға жетелеуді басқару формасы болып табылады. Бұл ақпараттық әсер етудің жазу, басқару және қоғам арасындағы принципті әр түрлі типтері болып есептеледі.

Көптеген маңызды ақпараттар мен оларды таныстыруды іріктеу - БАҚ-тың барлық жүйесінің табиғи түрде бұқаралық таным қозғалысы үшін кеңінен мүмкіндік беретін маңызды тапсырмасы. БАҚ саясатқа әсерді бәрінен бұрын қоғамдық пікірді анық түрде формалайтын ақпараттық процеске әсер ету арқылы іске асырады. Ақпараттық процестің негізгі кезеңдеріне қабылдау, іріктеу, жинақтау, түсінік беру және мәлімет тарату жатады. Саясат субъектілері қандай ақпараттан, қандай формада және қандай түсініктермен қабылдаса, олардың кезекті әрекеттері соған байланысты болады [4]. Ақпараттық ортада адамның ақпараттар ағыны мен оларды таратуды тұтынуы үшін ашық, бірақ ол осыны бағалауда әділетті ме - бұл ашық сұрақ.

Қандай жағдай болмасын, азаматтарды, оның ішінде саясаткерлерді ақпараттандыру тікелей ақпарат қандай мақсатта және қандай белгілермен алынғаны, оларды газеттер, радио және теледидар арқылы жинақтау мен реттеуден кейін шынайы фактілер қандай тереңдікте көрінетіндігі, сонымен қатар ақпаратты беру

тәсілі мен формасына қатысты. Сондықтан да БАҚ-тың қазіргі кезеңі тек ғалымдармен ғана емес, қоғамды басқару құралы ретінде әрекет етуші саясаткерлермен де қарастырылуда.

XX ғ. қарай массалы коммуникацияның техникалық мүмкіндіктері бірнеше есе артты. Қазіргі постиндустриалды қоғам мәдениетінің оны қиын, ашық, оралымды жүйе ретінде сипаттайтын өзіндік негізгі ерекшеліктері бар. Индустриалды қоғам жұмысшы халықтың көп бөлігі өндіріс ортасында жұмыспен қамтылуындағы ақпараттық өңдеу мен ақпарат алмасудан құрылады. Онда, ашығын айтқанда, мультимедиалық құралдар мен қазіргі коммуникативті құралдардың едәуір әсерінен қалыптасқан ақпараттық революция болады. Ақпарат барлық мәдениет кеңістігіне еніп, мәдени өмірдің формалану, трансформалану және эволюция кезеңдерін тездетеді. Екіншіден, постмодерн көп параметрлі кез-келген жүйеде, әсіресе мультимедиалық жүйемен өзара байланысты көп көлемді коммуникативті байланыстардың болуымен ерекшеленеді. Мультимедиалық құралдар адамдық қызметтің көптеген орталарына кеңінен тарады, қоғамдық өмірге, ғылыми салаға, өнерге, тұрмысқа және ХХІ ғасырдың негізгі массалы ақпараттар технологиясы болды. Олар бірте-бірте кітап мәдениеті және жеке аралық қатынас мәдениетін де ығыстыруда.

XX ғасырдың соңында қоғамда БАҚ-Тың феноменін зерттеу қажеттілігі туды. Бұл орайда түсіну, ойлау, медианың интерпретациясы немесе сыни ойлары немесе мәдени мәтін үшін бір спецификалық тәсіл жеткіліксіз болды. Зерттеуді теориялық және әдістемелік стратегиясынан эмпирикалық және дескриптивті талдау пайдасына немесе керісінше жағдайда орындамау рұқсат етілмейді. Бұлардың бір де біреуі жеке жағдайда барлық толыққанды байлықты, қиындықты, тез өзгеретін, көбейетін қазіргі мәдени формалар мен жаңа медиалардың нұсқалығы мен жаңалықтарын қамти алмайды.

Көптеген маңызды ақпараттарды іріктеу мен оларды таныстыру - геосаясаттың, сонымен қатар БАҚ-ның барлық жүйесінің негізгі тапсырмасы. Бірінші бағыт, серіктестік үшін мүмкіндіктерді кеңінен ашады, ал екіншісі - бұқаралық танымды іс-әрекеттер үшін. Қазіргі геосаясаттың жаңа бағыттары Қазақстан Республикасына ұсынылды. Оның мәні төрт «Т» арқылы білдіріледі: «Trust» (сенім) - бір біріне сенім білдіру; «Traditions» (дәстүр) - халықаралық қауымдастықтардың негізгі принциптері мен құндылықтарына шынайы берілу; «Transparency» (трансперенттілік) - екі қайтара стандарттық пен бөлуші желіден еркін, қауіпсіздіктің шақыру мен қатерін жеңуде құрылымдық бірігуге тән халықаралық қатынастардағы массалы ашықтық пен трансперенттілік; «Tolerance» (толеранттылік) - мәдениетаралық

және өркениетаралық диалогты нығайту бойынша әлемдік трендтердің көрініс табуы.

Осы орайда, азаматтарды, оның ішінде саясаткерлерді ақпараттандыру тікелей ақпарат қандай мақсатта және қандай белгілермен алынғаны, оларды газеттер, радио және теледидар арқылы жинақтау мен реттеуден кейін шынайы фактілер қандай тереңдікте көрінетіндігі, сонымен қатар ақпаратты беру тәсілі мен формасына қатысты. Медиакратия мағынасы мазмұннан таңбаны айырып, бейнеге затты таныстырмау, бірақ оны ауыстырып және іс жүзінде болдырмау мүмкіндігінен тұрады.

Массалы коммуникация ортасында адамның индивидуалды бастамасы мен жеке бейнесі кетіріледі;

Қызметтің эмоционалды - интуитивті жағынан ақылды, теориялық доминанттау көбіне анық көрсетіледі;

Адамның зияткерлік функциясы массалық психология деңгейіне дейін төмендейді, ал соңғысы логикалық аргументацияны қажет етпейді;

Индивидуалды жауапкершілікке сұраныс төмендейді. Ешкім де барлығын жүйеге аударып, өз басына индивидуалды жауапкершілікті алуға ынталы емес.

Коммуникация адам қызметі мен адам тәнінің мүмкіндіктерінің аймағын кеңейтеді. Ол әмбебап механизм секілді адам тәні мен танымын өзгертеді. Коммуникация ұлттық тұрмыс пен ел азаматтарының саяси қызметтерін формалаушы құрал болуы керек. Ұлттық тұрмыс пен ұйымдастырылған субъектінің саяси қызметі деңгейі оның әлеуметтік мәдени тәжірибесінің екі ажырамас өлшемін ұсынады. Коммуникация жүйесі қоғамның рухани- өнегелі нығаю құралы болуы керек. Барлық коммуникация құралдарының функционалдаудың бір механизміне қосылмауынан елде ақпараттық хаос жағдайы сақталып қалады.

Құралы бар адаммен қатынас жай көбейту мүмкіндігіне қарағанда қиынырақ. Адам мүмкіндігін кеңейте отырып техникалық құралдар бір уақытта қатынастың әр түрлі шоғырын шақырады. Мәдениетаралық коммуникациялы матрицалардың пайда болуы көпсалалы диалог вакуумын толтырады, ал ақпараттың еркін таралуы ашық қоғамдағы индивидтердің өзіндік орындалулары үшін шексіз мүмкіндіктер ашады. Мәдениетаралық коммуникациялар құрылымдық кодтар мен конвенция ұйымдастыратын медиа мәтіндердің, олардың мағынасы мен құндылығының ашылуы мен белгілерін анықтауға көмектеседі. Мәдени өндіріс және оның бағыты алдымен қазіргімен сәйкестікті, гендерлік, ұлттық және мәдени сәйкестіктердің тәсілдерін құрылымдаушы берік ерекшеліктерді (нәсілдік, жыныстық, ұлттық, этникалық, жастық, мәдени-рөлдік) ашуға және соған орай

әрекет етуге бағытталған. Бұл үшін мәдени артефакттардың қарапайым формалар мен күнделікті тәжірибеде саясат пен идеологияның мағынасы (мәні) мен құндылығы аумағын ашу мүмкін болатын негізгі және көмекші құралдар мен тәсілдерді меңгеру керек. Коммуникация әдістеріне дабылдар, тіл, хат, баспа коммуникациясы, электронды медиа, қазіргі заманғы медиа кіреді. Бұл барлық факторлар сыни ойлар мен рефлексстерге қабілеттілікті сіңіретін бұқаралық танымды қалыптастырады.

Ақпараттық технологиялар сапасы мен оларды жоғары дәрежеде қолдану қоғам өмірінің сипатын, қоғам мен БАҚ-тың өзар ақатынас сұрағын, БАҚ-тың қоғамнан, билік пен мемлекеттен (әсіресе демократиялық мәртебеге үміткер мемлекеттен) еркіндік дәрежесінің болуын анықтайды. ҚР даму стратегиясында өзін әлемнен табуға мүмкіндік беретін жалпы мәнді құндылықтар мен ұлттық басымдылықтар көрсетілген. Жағдай мен қызығушылықтардың ұқсастығы көзқарастар, құндылықтар және идеалдардың бірігуі үшін нақты негіз құрады.

Қорытындылағанда жастарға ұлттық тәлім-тәрбие беру үшін білім мен тәрбие беруді дұрыс ұйымдастырып, қолда бар бұқаралық ақпарат құралдары мен ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануға болады. Ақпараттық технологиялар қазіргі ақпараттық білім ресурстары мен танымдық әрекеттерге қол жеткізудің интерактивті ортасын жасау мақсатында қолданылып отыр. Ақпараттық технологияларды тиімді қолдану бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға, жастардың танымдық белсенділігін арттыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне және ұлттық тәрбие беруге де де жағдай жасайды. Қазіргі уақытта халықтың көп бөлігі, әсіресе жастар интернетті көп қолданады. Олар кітапханалардан материал іздегеннен гөрі, интернет желісі арқылы ақпаратты жылдам әрі нақты алғанды, үйінде отырып аудио-видео дискіден оқығанды, тыңдағанды, көргенді қалайды.

Сол себепті ұлттық тәрбие беруге қатысы бар барлық ақпараттың бұқаралық ақпараттық құралдарда, соның ішінде интернетте болуы қазіргі кезде оның танымдық және тәрбиелік жағынан тиімді болатынын көрсетіп отыр.

Бір жағынан, ол демократиялық, азаматтық және мәдениетті қоғамның әлеуетін күшейтеді, басқа жағынан, генерация, өндеу және ақпарат берілісі өндірімділік пен биліктің іргелі бастауы бола алады. Осы үрдістің білімі қатынас стратегиясының ақпараттық әсеріне ғана емес, бірақ тағы да мемлекеттік-ұлттық идеологияны жасау процесін жеделдетеді. Екі үрдіс те коммуникативтік пішін функцияларының атқаратын қызметтерін, заттық шеңберін кеңейтті, кереғар үрдістің әрекеттестігін қазіргінің

мобилизацияланатын өзгерістерін де жылдамдатты, дербес жағдайда, ұлтаралық, субъектаралық, конфессияаралық қатынастар мен өзінің ұлттық, жеке өзіндік адамдығын сақтауға ұмтылысын кеңейтті. Біз ойлар кеңістігі бар ақпараттық орта мен идеялар әлемінде, ақпараттар әлемінде өмір сүрудеміз. Ол өзімен бірге заңдар а) ақпараттың тұтастық объектісі, б) когнитивті қызмет, в) универсумның тринитарлы үлгісі арқылы дамиды ерекше адамзат әлемін қамтиды. Ақпараттық қоғам ұғымы, дәлірек, оның жаңа әдісті ұстанымдары адамдарды бірнеше өлшемде: өндірістік күш ретінде, детерминантты бақылаушы ретінде, шығармашылық белсенді, когнитивті субъекті ретінде қарауға мүмкіндік береді. Бірақ, бұқаралық коммуникация ортасында когнитивті процестерді қанағаттанарлықтай сипаттайтын үлгілер құралмаған және бұқаралық мәдениеттегі ақпараттық қызметтің жалпы методологиясы қалыптаспаған [5].

Интеллектуалды ұлт бүгінгі қоғамда дамудың аса маңызды мәселесі екеніне көз жетіп сонымен қатар бұл жерде интеллектуалды ұлт мәселесіндегі аса қажетт өзгерістер орын алғандығын байқауға болады. Жоғарыда қарастырылып отырғандай интеллектуалдылық ұлтты жетілдірілу қоғам мен мемлекет өмірінің негізгі қозғаушы күштері ретінде бүгінгі қоғам үшін маңызды деп есептей аламыз.

Интеллектуалды ұлт мәселесін зерттеуде көптеген теоретикалық негіздемелер қалыптасты. Бұл теориялардың барлығы интеллектуалды ұлт тақырыбын жан жақты ашу мен қалыптастыруға толықтай негізгі бар. Интеллектуалды ұлт ұғымына қоғамдық ғылымдарда берілген анықтамасында дәлдік пен туралық жоқ. Алайда, нақты концептуалдық негіздер бойынша интеллектуалды ұлт мемлекет дамуының жоғарғы сатысы болып табылады. Кез келген мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік гүлденуі мен қауіпсіздігі халықтың білімі мен интеллектуалдық ресурстарымен тікелей байланысты. Интеллектуалды ұлт болу тар шеңбердегі ұғым емес, оның түпкі мақсатында ұлттық негіз, ұлттық рух, ұлттық болмыс жатыр. Ұлттың сапалық құрамын арттыру тек қан тазалығын жақсартумен ғана шектелмейді, бұл жерде рух тазалығын тәрбиелеудің де маңызы зор. Ал оның түп негізінде инновациялық терең білім алу қажеттілігі мен технологиялар әлемінде қабілеттілік таныту сұранысы тұр.

Жоғарыда аталғандардан көптеген шетелдік және отандық ғалымдар тарапынан интеллектуалды капитал қазіргі экономиканың маңызды категорияға айналғандығын мойындайды. Соған қарамастан интеллектуалды капитал барлық материалдық және қаржылай пайдалануы оңайрақ болады осы ретте, интеллектуалды капиталдың рөлінің атқандығын мойындауға тура келеді.

Сол себепті ұлттық тәрбие беруге қатысы бар барлық ақпараттың бұқаралық ақпараттық құралдарда, соның ішінде интернетте болуы қазіргі кезде оның танымдық және тәрбиелік жағынан тиімді болатынын көрсетіп отыр. Интеллектуалды ұлт дамудың басты қазынасы және құндылығы. Бұл идея мемлекеттің қолдауы арқылы жаңа мағынаға ие болуда. Мемлекеттің дамуы осылайша қажеттілігі күннен-күнге артып ең басты нәтиже болып табылады. Мемлекет осы дамудың жаңа тұрпатына ие болуы үшін оның маңыздығын жоққа шығара алмаймыз.

ӘДЕБИЕТ

1. Темирбеков С.Т. Национальная культура в контексте современной рыночной цивилизации // Современные проблемы развития национальной культуры. – Алматы: ЮКГУ, 1998.

2. Абылкасымова А.Е., Ушуров Е.А., Омарова Р.С. Развития системы общего среднего образования в современном мире. - Алматы, 2003.

3. Комаров И. Интеллектуальный капитализм // Персонал. – 2000. - №5. – С. 54-60.

4. Абдакимова Д.А. Масс-медиа как инструмент внедрения гиперреальности, или Требования постмодерна // Философия образования. - 2009. – №2. – С. 78-83.

5. Назарбаев Н. Инновационная индустрия науки и знаний – стратегический ресурс Казахстана в XXI веке «Ақ орда». ҚР президентінің сайты: www.akorda.kz

РЕЗЮМЕ

В статье раскрываются особенности изменения ценностей казахстанской молодежи в формировании интеллектуальной нации и формировании духовного образования.

SUMMARY

The article reveals the features of the change in the values of Kazakhstan youth in the formation of an intellectual nation and the formation of spiritual education.

АҒЫЛШЫН РЕФОРМАЦИЯСЫ ЖӘНЕ АНГЛИКАН ШІРКЕУІ

Нұрпейсова Нұрсұлу Рахымжанқызы,
педагогика ғылым магистрі, аға оқытушы
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті

XVI-XVII ғасырлар әлеуметтік-саяси ұлы оқиғалардың уақыты ғана емес қоғамдық ғылымдар, оның ішінде тарих ғылымында үлкен жаңалықтар ашылып жатқан мерзім. Сондай-ақ, ғылыми методологиялық тұрғыдан да іргерлеулер жүрді. Адамзат тарихын ежелгі, орта ғасырлар және жаңа заманға дәуірлеудің де нақ осы уақытта қалыптасқанын айтса да жеткілікті. Сонымен қатар қазіргі заманауи халықаралық қоғамдық-саяси институттар да XVI-XVII ғасырларда қалыптасқандығы белгілі. Бұл жәйттің шіркеу мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастарға да тікелей қатысы бар.

Аталған кезеңде христиан діні мен католик шіркеуі үлкен дағдарыстарды бастан кешті. Батыс Еуропалық реформациялық қозғалыстар барысында жаңа конфессия – протестантизм және оның көптеген бағыттары пайда болды. Бұл шіркеу мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастарға түпкілікті әсер етті. Реформация – Батыс Еуропа өркениетінің жаңа заманға қарай жасаған ең батыл қадамы және кейінгі орта ғасырлардың басты оқиғаларының бірі. Шекспирлік терминологиядан алғанда Батыс өркениетінің алдында «болу немесе болмау» мәселесі тұрды, яғни зайырлы білім діни нанымды жеңе ме, жоқ па? Жаңа капиталистік нарықтық талаптарға христиан шіркеуі жауап бере ала ма, әлде жоқ па? Уақыт көрсеткеніндей христиан шіркеуінің қойнауынан шыққан жаңа типтегі зиялылар М. Лютер, О. Цвингли, Ж. Кальвин – бұл сұрақтарға лайықты жауап бере алды. Батыс Еуропа өркениетінің жаңа заманға бетбұрысы ағылшын тарихының оқиғаларынан да көрінеді.

Ағылшын реформациясының өзіндік ерекшеліктері болды. Атап айтқанда, оның барысында XVI ғасырда англикан шіркеуі пайда болды. Бұл шіркеу қазіргі таңда да басқа құрлықтық Батыс Еуропа ұлттық шіркеулерінен ерекшеленеді. Ең бірінші кезекте өзгерістердің сабырлы сипаты, ішкі шіркеу істеріне белгілі бір дәрежеде король үкіметінің араласуы, үкімет тарапынан ұлттық мүдденің қорғалуы. Англикандық шіркеуде басқа протестанттық ағымдар сияқты шіркеудің мемлекеттік жүйедегі орнын заман талабына сай өзгертуді талап етті, сонымен біруақытта жаңа

шіркеу абсолюттік монархияның тілеулесі әрі тірегі болды. Жаңа тұрпаттағы англикан шіркеуі Генрих VIII Тюдордың басқарған жылдарында қалыптасты.

Ағылшын реформациясының тағы бір басты ерекшелігі оның «жоғарыдан» жүргізілуі болды. **Реформацияның негізгі кезендері:** 1. Супрематия туралы Акт (1534ж.); 2. Томас Кранмердің 42 пункті (1553 ж.); 3. 1571 ж. қабылданған 39 баптан тұратын жаңа конфессияның «наным символдары» [1, 113 б.].

VIII Генрихтің лақап есімдері көбейді. Олардың көпшілігі дінге қатысты «*король дінтанушы*», «*король папа*» т.б. болды. Тіпті, дінтану саласындағы айрықша білімі үшін «король богослов» та атанды. Король VII Генрихтің екінші ұлы болғандықтан, ол король мұрагерлігінен үмітін үзіп, өзін Кентерберийский архиепископы (Англиядағы ең жоғарғы діни лауазым) лауазымына дайындады. Алайда ағасы қайтыс болғаннан кейін, Генрих (1509-1547) еркінен тыс корольдық таққа отырды. Реформацияның барысында VIII Генрих жаңа англикан шіркеуінің басшысы болып «король папа» атанды. Король алғашқы басқарған жылдары өзін католицизмнің жақтаушысы ретінде көрсетті. Ол 1521 жылы атақты Т. Мормен бірге «*В защиту семьи таинств*» атты діни еңбек жазды. М. Лютермен хат жазысып, оны күпір деп те айыптады [1, 114 б.].

Дегенмен, көп ұзамай оның шіркеуге деген көзқарасында өзгеріс басталды. Мұның басты себебі, бірінші әйелі Екатерина Арагонскаямен ажырасу процессі еді. Корольдің ер мұрагері болмады. Оның үстіне әйелінің жасы өзінен үлкен еді. Алайда, Рим папасы ажырасуға рұқсат бермеді. Себебі, Екатерина Арагонская құдыретті күшті V Карлдың тәтесі еді. Бұған жауап ертінде король 1534 жылы «*Супрематия туралы актіны*» жариялады [2, 120-121 бб]. Бұл ағылшын реформацияның басы еді. Осы құжат бойынша король ағылшын шіркеуінің басшысы болып есептелді. Барлық тұрғындар мұны мүлтіксіз мойындауға тиісті болды. Мойындамағандар мемлекеттік сатқындар болып жарияланды және өлім жазасына кесілді. Мәселен, корольге бағынбағаны үшін, атақты жазушы-гуманист, бұрынғы лорд, канцлер Т. Мор өлтірілді. Рим папасы корольді шіркеуден аластаған булла шығарды. Бұдан кейін реформацияның бірінші кезеңі аяқталды деуге болады. Бұл кезеңде ағылшын шіркеуінің басшысы король болды және діни шаралар, дұғалар ағылшын тілінде оқытылатын болды. Үкімет шіркеу жерлерін секуляризациялауға көшті. Бұл процесс жартылай сипат алды, атап айтқанда, тек монастырьлардың жері тәркіленді.

VIII Генрихтің мұрагері VI Эдуард (1547-1553 жж.) әкесінің ісін жалғастырды. Оның басқарған жылдары кальвинист, ағылшын

реформациясының көрнекті өкілі Т. Кранмер - Кентерберийский архиепископы болып тағайындалды. Оны кейде зерттеушілер ағылшын реформациясының Мартин Лютері деп атайды. Кранмердің өзгерістері 42 пункттен тұрды [3, 49 б.]. Корольдің батыл қадамдары ағылшын аристократиясының арасында жік туғызды. Солтүстік, Батыс және Шотландия аристократтары діни догматика мәселелері бойынша Кранмерге қарсы шығып, өздерінің католиктік партиясы Солтүстік Лигасын құрды.

Кейін YI Эдуард қайтыс болып, корольдік таққа Мария Тюдор келген уақытта католиктер өздерінің позициясын нығайтты. Ханшайым –YIII Генрих пен Е. Арагонскаяның қызы еді. Католиктік партияны қызу жақтаған Мария Тюдор Испанияға арқа сүйеді және испан королі II Филиппке тұрмысқа шықты. Алайда, Филипп II Испанияға қайтып оралуға мәжбүр болды да іле-шала Англияда реформаторларға қарсы қуғын-сүргін басталды. Т. Кранмер мен оның жақтастары отқа өртелді. Рим папасы бүлікшіл Англияны кешіріп, барлық күнәсін жуып-шайған болды. Католиктер мен *«қанқұйлы Мария»* атанған Тюдорлар жеңіске жеткендей болып көрінген. Бірақ, үкіметтің секуляризацияланған, яғни бұрын тәркіленген шіркеу жерлерін қайтаруға батылы бармады. 1554-1556 жылдары елде антииспандық толқулар болып өтті [4, 188-189 бб.].

1558 жылы Мария Тюдор қайтыс болып, корольдік таққа YIII Генрихтің Анна Болейннен туған қызы I Елизавета отырды. Джентри-жаңадворяндардың қолдауына сүйенген I Елизавета барлық реформациялық актілерді қалпына келтірді. 1571 жылы реформацияланған ағылшын протестантизмінің жаңа *«наным символының 39 бабы»* жарияланды [3, 119 б.]. Ол елде реформацияны аяқтап, жаңа ағылшын шіркеуін (англикан) дүниеге келтірді. Оған католиктік және протестанттық сипаттар тән болды.

1581 жылы ханшайым I Елизавета Еуропада бірінші болып иезуиттер орденіне қарсы күресті бастады [1, 118 б.]. Барлық иезуиттар қырық күннің ішінде елден кетуге тиісті болды. Қалған католиктердің қызметі бақылауға алынды. Мұндай батыл шаралар Солтүстік Лигасының наразылығын туғызып, католиктер партиясы Шотландия ханшайымы Мария Стюартқа арқа сүйеді. 1569 жылы католиктік партия елдің солтүстігінде бүлік шығарды [5, 171 б.].

XVI ғасырдың соңғы онжылдығында I Елизавета католиктермен және кальвинистермен де күресті. Бұл ағылшын реформациясының жартышектігімен түсіндірілсе керек. Дегенмен, Европалық протестантизмнің дербес ағымы ретінде англикандық ілім YI Эдуардтың басқарған жылдары (1547-1553 ж.ж.) қалыптасқан еді. Англикандық шіркеудің саяси бағдарламасы толығымен ағылшын абсолюттік монархиясының алдында тұрған

міндеттері мен мүдделеріне сәйкес келді. Бұл супрематия туралы актіден және шіркеу жерлері мен мүлкін секуляризациялаудан айқын көрінді.

Ағылшын абсолютизмінің англикандық ілімнің теологиялық доктринасына ықпалы тікелей емес, оның жанама сипатынан байқалды. Атап айтқанда, ол діни мазмұнға қарағанда реформациялық іс-шаралардың формасынан байқалды. Тағыда бір айта кететін жайт, континентальді елдер протестантизмінің ағылшын реформациясына әсері мәселесі де өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасты. Дворяндар сословиесінің жіктелуі, буржуазиялық элементтердің пайда болуы, шаруалар табының күйзелуі, ағылшын қоғамының әлеуметтік құрылымына елеулі түзетулер енгізді; абсолютизмнің қалыптаса бастауы едәуір дәрежеде мемлекеттің саяси сипатын өзгертті.

Түйіндей келгенде, англикан шіркеуінің қалыптасуына көптеген факторлар әсер етіп, оны ерекшелендірді. Ағылшын реформациясы да аса көрнекті тарихи тұлғаларды дүниеге келтірді. Томас Кранмер ағылшын протестантизмінің біржолата қалыптасуында көп еңбек сіңірді. Алайда, континентальді Европадағыдай М. Лютер немесе Жан Кальвин деңгейіндегі қайраткерлерді шығара алмағанымен ағылшын реформаторларының ролін еш кемітуге болмас еді. Өйткені, Томас Кранмер жаңа ағылшын шіркеуіне қажетті реформаторлардың бірі болды. Ол өзінің протестанттық нанымдарын абсолютизм мүдделерімен, ұлттық дәстүрлермен ұштастырып, ХҮІ ғасырдағы Англия үшін өзекті діни ілім жасай алды.

ӘДЕБИЕТ

1. Евдокимова А.А. История раннего нового времени. Эпоха Реформации – Уфа: Изд-во БГПУ, 2004. – 229 с.
2. Иглз Р. История Англии. – Москва: АСТ: Астрель, 2010. – 292 с.
3. Смирнова Н.А. Реформация в Англии. – Оренбург: ИПК ГОУ ОГУ, 2011. – 226 с.
4. Дэниел К. Англия. История страны. – М.: Эксмо; СПб.: Мидгард, 2007. – 480 с.
5. Штокмар В.В. История Англии в Средние века. – СПб.: Алетея, 2005. – 203 с.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются проблемы становления новой системы взаимоотношений светской и духовной власти в ХҮІ веке на примере Англии.

SUMMARY

The article deals with the problems of establishing a new system of relations between the secular and spiritual power on the basis of examples of England the XVI century.

ТРУДОУСТРОЙСТВО ВЫПУСКНИКОВ ВУЗОВ КАЗАХСТАНА: ТЕОРИИ И РЕАЛЬНЫЕ ПРАКТИКИ

Бимаханов Талант Дуйсенулы,
PhD;

Сыздыкова Макпал Бархияевна,
*магистр социологических наук, преподаватель
Кызылординский университет имени Коркыт Ата*

Введение

Происходящие социально-экономические и социокультурные изменения в обществе приводят к значительным изменениям в социальной структуре, общества, институте образования. Все это требует серьезного изучения для прогнозирования развития социальных процессов в дальнейшем и для определения эффективных средств регулирования ими на уровне общества и регионального социума. Трудоустройство выпускников вузов, по существу, приобрело черты нового социального процесса после отмены обязательного трудоустройства по распределению. Признанным социальным фактом стало появление новых статусов (например, смешанного), в котором нередко оказываются и выпускники вузов, безработные или работающие не по полученной специальности. Интерес многих социологов к данной проблеме связан и с изменениями в функциях социальных институтов, в том числе в институте образования, важной составной частью которого является высшее образование.

Переход казахстанского общества на рыночную модель привел к трансформации структуры экономики, социально-экономическим и демографическим изменениям. От акторов рынка труда потребовались новое мышление, новая система оценки себя и окружающего мира, вариативность различных поведенческих стратегий. Выпускники вузов сталкиваются с трудностями, связанными с самостоятельным поиском рабочих мест, большинство из них не имеют практических навыков работы. Возникают институциональные противоречия между университетами и работодателями, так как процесс обновления содержания образовательных программ высших учебных заведений происходит очень медленно и отстает от современных потребностей общества, в результате чего несоответствие профессиональных качеств выпускников вузов требованиям современного рынка труда вызывает трудности в процессе их трудоустройства.

Теоретико-методологические основы исследования базируются на конфликтной парадигме, представители которой предполагают наличие социальных противоречий между классами в капиталистическом обществе, способствующих формированию нового класса - прекариата (людей, не имеющих постоянного заработка, профессионального роста, социальных гарантий). Одним из первых проблему прекариата как класса, численность которого в условиях глобализации в ряде стран неуклонно растет, выдвинул Г. Стэндинг в работе «Прекариат: новый опасный класс» [Стэндинг, 2014]. Проблематика появления прекариата в современной России является одной из актуальных в российской социологии. Об этом пишут такие социологи, как: З.Т. Голенкова и Ю.В. Голиусова [Голенкова, 2016], Н.В. Иващенко [Голиусова, 2014], Ж.Т. Тощенко [Тощенко, 2018] и другие.

Концептуальные основы трудоустройства выпускников вузов заложены (следующими) российскими социологами: Д.Л. Константиновским [Константиновский, 2014], В.Н. Шубкиным, Г.А. Чередниченко [Чередниченко, 1985], В.В. Радаевым [Муратова, Радаев 2007], Г.А. Ключаревым, Д.В. Диденко [Ключарев и др., 2014] на основе массовых социологических опросов 2009–2011 гг. Они показали, что в условиях модернизационных преобразований в современной российской системе высшего образования, 90% высших учебных заведений, в которых обучаются около 80% от общего числа студентов, реализуют модель догоняющего образования, а также имеют слабую связь с рынком труда и предприятиями – потенциальными работодателями [Ключарев и др., 2014]. Проблемы стремления молодежи к выбору определенного вида профессий, их способности работать на предприятиях проанализированы в трудах А.Д. Сазонова [Сазонов, 2000], Г.А. Чередниченко [Чередниченко, 2018].

В Казахстане есть ряд ученых, занимающихся исследованием проблем модернизации и реформирования системы образования, которые стремятся осмыслить социальные проблемы образования в условиях реформирования современного казахстанского общества. В трудах У. Шеденова и Г.С. Абдирайымова [Шеденова и др., 2012], М.С. Садыровой [Садырова и др., 2018], З.К. Шаукеновой [Шаукенова и др., 2011] проанализирован профессиональный потенциал выпускников вузов. А.Ю. Колянов [Колянов и др., 2011] и А.Б. Сарсенова [Сарсенова, 2015] занимаются исследованием особенностей профессиональной траектории выпускников сквозь призму методологических подходов к системе образования. Исследования противоречий на рынке труда между образовательными услугами и

трудоустройством молодежи отражены в трудах таких казахстанских ученых, как М.Б. Кенжегузина [Кенжегузин и др., 2005], Б.Л. Татибеков [Татибеков, 2012] и др.

Цель статьи: выявить стратегии трудоустройства выпускников казахстанских вузов в контексте региональной специфики. **Задачи:** 1) раскрыть теоретико-методологические подходы к исследованию трудоустройства выпускников вузов; 2) провести сравнительное исследование социально-экономических особенностей региональных рынков труда; 3) определить стратегии трудоустройства выпускников вуза на основе данных авторского эмпирического исследования; 4) разработать рекомендации по совершенствованию системы трудоустройства выпускников вузов.

В настоящее время к современному вузу предъявляются совершенно новые требования, выражающиеся, в частности, в том, что его выпускникам уже недостаточно обладать широкими и разносторонними профессиональными знаниями, навыками и умениями их самостоятельного пополнения. Будущие специалисты должны быть подготовленными к труду в условиях новой цивилизации, основной на соответствии требованиям рынка труда. В ходе нашего исследования было выявлено, что выпускники вузов не адаптированы к работе в рыночных условиях, испытывая дефицит практических навыков и умений. В процессе трудоустройства наблюдаются противоречивые тенденции. С одной стороны, ориентация на высокую зарплату при минимуме затраченных усилий; «умения вертеться», доминирование отношений «полезных связей». С другой – стремление к получению дополнительного образования, для более эффективной трудовой деятельности и карьерного роста; ориентация на формирование предпринимательской стратегии поведения и готовность к вступлению на рынок труда.

В данной работе мы рассматриваем профессиональную стратегию в контексте поведения выпускников вузов. Под профессиональной стратегией мы понимаем комплекс действий и поступков молодого специалиста, связанный с его профессиональными возможностями, интересами и целями и их реализацией на рынке труда.

Методология исследования

Эмпирическую базу работы составляют результаты авторских социологических эмпирических исследований, проведенных в декабре 2017 года и в феврале 2018 года в Алматинской, Туркестанской областях. Применены количественный и качественный подходы к исследованию

трудоустройства выпускников вузов. Объем выборочной совокупности составил 1500 респондентов – специалистов с высшим образованием. Отбор респондентов проведен методом гнездовой выборки среди выпускников десяти государственных и частных университетов разных институтов и специальностей. Выборка репрезентативна по полу, возрасту и по профилю обучения. Также было проведено 30 неформализованных интервью среди выпускников вузов разных специальностей с целью выявления проблем трудоустройства, взаимоотношениям с работодателями и процессу принятия решений. Вопросы опроса открыли «блокировку» (opened the lock) информации по широкому кругу проблем.

Выпускники вузов – молодые люди с высшим профессиональным образованием. С точки зрения работодателя, выпускнику необходимо обладать следующими качествами: наличие компетенций, навыки самопрезентации и прохождения собеседования, знание новых технологий, использование сложных процедур для принятия решений, готовность к риску, коммуникабельность, высокий уровень мобильности, способность работать с различными системами общества, способность управлять людьми и т.д. В то же время, работодатели предпочитают при приеме на работу ориентироваться на социальные связи и не хотят брать выпускников без опыта работы.

По результатам проведенного исследования выяснилось, что самым важным препятствием для трудоустройства молодежи является «отсутствие опыта работы» (отметили 81,5% выпускников), 50,9% работодателей хотят видеть высокий уровень знаний выпускников вузов по специальности, 41,8% респондентов отмечают такие качества, как целеустремленность и надежность, активность в достижении не только, но и корпоративных целей. 36,3% респондентов – инициативность и дисциплинированность, умение выполнять профессиональные обязанности и принимать управленческие решения, 34,5% работодателей отметили важность эмоциональной устойчивости и коммуникабельности.

Исходя из этого было проанализированы профессиональные стратегии выпускников Алматинского и Туркестанского регионов (опыт авторского эмпирического исследования). Полученные результаты позволили сформулировать следующие выводы.

По данным нашего исследования, 41,3% молодежи сталкиваются с серьезными трудностями на рынке труда. Еще 32,4% не смогли трудоустроиться по своей специальности. Этот показатель свидетельствует о высокой актуальности проблемы среди выпускников. Среди опрошенных выпускников Алматинского и Туркестанского регионов 48,5% ответили, что

молодежь в возрасте от 22 до 24 лет чаще сталкивается с безработицей. Более половины опрошенной молодежи (63,5%) считают, что основная трудность – отсутствие опыта работы. Менее трети респондентов (30,1%) отмечают, что трудоустройство по специальности, полученной в университете, затруднено. Доля молодежи, считающая основным препятствием получения работы «отсутствие контактов и знакомых», составляет 45,6%. Только 3,1% опрошенных отметили отсутствие затруднений в трудоустройстве молодежи.

Большинство выпускников трудоустраиваются с большим трудом. Это характерно как для мужчин (50%), так и для женщин (46,2%). Только 5% мужчин и 5,8% женщин отметили, что легко трудоустроиться.

Рассмотрим стратегии трудоустройства выпускников вузов в интерпретации российских социологов. Стратегия – это серия последовательных осознанных выборов, совершаемых на основании соотнесения своих шансов с существующей на данный момент ситуацией, а также тактическое реагирование на её изменения [Омельченко, 2002].

Перейдем к характеристике стратегий выпускников вузов на рынке труда. Применительно к выпускникам, чаще всего под *стратегией* понимается тип трудоустройства после окончания обучения. Социально–экономические стратегии выпускников отражают особенности социума. На них влияют противоречия рыночной экономики, проблемы в сфере занятости, безработицы, рынка труда и образовательных услуг. В условиях интенсивных изменений, кризисов, радикального реформирования увеличивается доля случайных ситуаций, рисков. Поэтому выбор социально–экономических стратегий выпускников будет гибким, непредсказуемым, противоречивым. Поэтому обращаемся к их анализу.

Поэтому нам интересно выяснить, какую стратегию выбрали выпускники вуза для реализации своего трудового поведения. Понятие стратегии трудового поведения имеет значительное количество определений. В этой работе будут использованы: стратегия трудового поведения – это совокупность преимуществ, целей, ценностей при трудоустройстве.

Выпускникам вуза свойственны следующие стратегии: *рыночная* (возможность заработать, карьерный, профессиональный рост), *патерналистская* (надежда на государство, участие в государственных программах занятости), *традиционная* (опора на социальный капитал, поиск помощи со стороны друзей, родственников, знакомых). В то же время, небольшое количество

выпускников обращается к услугам центров занятости, предпочитая самостоятельный поиск работы и личные связи.

Социально-экономические стратегии выпускников Алматинской и Туркестанской регионов имеют существенные различия. В ходе исследования также было выявлено, что Алматинские мужчины (11,1%) чаще, чем Туркестанские (6,2%) обращаются в государственные службы занятости, участвуют в государственных программах, демонстрируя *патерналистскую* стратегию трудоустройства. На ярмарки вакансий, проводимой в вузе, чаще всего надеются Туркестанские мужчины (7,7%) и Алматинские женщины (7,3%). Трудоустройство через социальные сети, СМИ часто предпочитают Алматинские парни (9,1%) и женщины (9,2%). Тем не менее, возможность трудоустройства через знакомых характерна для выпускников обоих регионов и отражает *традиционную* стратегию трудоустройства. Недоверие выпускников к институциональным возможностям учреждений занятости показывает низкий уровень участия молодежи в данном процессе. Алматинские выпускники более адаптированы к рыночным условиям; больше осведомлены о государственных центрах занятости и, в отличие от Туркестанских выпускников, склонны соглашаться на любую работу, предложенную этими центрами, даже не связанную со своей профессией, демонстрируя *рыночную* стратегию трудоустройства. Для Туркестанских выпускников в связи с сохраняющимся традиционным экономическим укладом «социальные связи» остаются основным источником получения работы.

Таблица 1. Применение стратегий по регионам

	Рыночная стратегия	Патерналистская стратегия	Традиционная стратегия
Алматинская область	69,2%	55,2%	27,8%
Туркестанская область	30,8%	44,8%	72,2%

Государство остается решающим каналом и регулятором в обеспечении занятости молодых специалистов, так как предоставляет следующие услуги по регулированию занятости населения: создает специальные проекты регулирования рынка труда, центры занятости; программы переобучения безработных; занимается трудоустройством выпускников вузов с помощью различных проектов. Среди проектов, реализуемых в настоящее время, наибольших успехов в сфере обеспечения занятости выпускников вузов достиг проект «С дипломом в село», в рамках

которого трудоустроено 6582 специалиста из 12659 человека (за 2019 год). В свою очередь этот показатель не считается достижением, но сравнением с другим приложением, он показывает свою эффективность. Наиболее успешными государственными программами в плане обеспечения занятости являются также «Дорожная карта – 2020» и «Болашак». В то же время, как показывает анализ деятельности остальных государственных программ, они не смогли показать свою эффективность в плане комплексной занятости выпускников вузов. Выпускники не желают участвовать в программе «Серпик-2050» (с юга на север), так как одной из основных причин этого являются традиционные ценности, ориентация на родной язык, наличие социальных связей, что вызывает нехватку трудовых кадров в северных регионах, с одной стороны, и вызывает переизбыток невостребованной рабочей силы в южных регионах.

В отношении оптимизации трудоустройства выпускников вузов Казахстана предложена система трудоустройства дипломированной молодежи, включающая следующие основные направления:

- расширить услуги практического консультирования выпускников как субъектов рынка труда на государственном и региональном уровнях;

- усовершенствовать методы и технологии учета выпускников высших учебных заведений на рынке труда, показателей трудоустройства в различных высших учебных заведениях и центрах занятости; создание единой системы мониторинга трудоустройства выпускников университета;

- развить систему социального партнерства между вузами и работодателями (разработка учебных программ вуза в соответствии с требованиями работодателей, экономических особенностей регионов);

- разработать рекомендации для университетов по дополнительному образованию (внедрить на последних курсах спецкурсы практической направленности, включающие знания, отражающие состояние местного рынка труда и характеризующие методы, приводящие к эффективному трудоустройству, позволяющие быстро осваивать навыки работы в организациях, дающие представления о деловой этикете и корпоративной культуре);

- продлить сроки производственной, учебной, педагогической практики в университетах для упрощения процесса трудоустройства выпускников;

- модернизировать работу центров карьеры в университетах, оказывающих организационную и психологическую помощь

выпускникам в поиске работы и трудоустройстве (консультации по поиску рабочих мест в соответствии с навыками и способностями, заполнения резюме и т.д.).

Заключение

Главным способом обеспечения занятости молодежи является приведение современной системы образования в соответствие с требованиями рынка труда. Для интеграции молодежи в экономику в системе образования должна быть создана конкурентная основа для каждого профессионального уровня. Есть несколько способов решения этой проблемы, в том числе широкое проведение информационной работы среди молодежи, направленной на формирование и повышение ценностей труда, популяризацию рабочих профессий.

1. Многие молодые люди считают, что биржи труда занимаются формальной работой. Среди молодежи при поиске работы использование методов «личных знакомств», «использование влиятельных людей» находится на первом месте.

2. Выпускники вузов не адаптированы к работе в рыночных условиях, испытывая дефицит практических навыков и умений.

3. Большинство выпускников вузов трудоустраиваются, приложив усилия, с большим трудом.

4. Нами предложены рекомендации, касающиеся всех субъектов рынка труда:

- осуществление ряд мер по государственной поддержке занятости молодежи: совершенствование методики распределения бюджетных средств всех уровней для осуществления мероприятий по оказанию содействия трудоустройству молодежи, исходя из потребности и прогнозного количества соответствующих категорий населения и объема предоставляемых услуг;

- развитие объединений работодателей и профсоюзов в целях регулирования молодежного рынка труда и осуществления мер по содействию занятости молодежи;

- стимулирование занятости на селе, совершенствование службы занятости, создание механизма взаимодействия рынка труда и рынка образовательных услуг. Только эффективная социальная политика и активная политика на рынке труда могут снизить уровень молодежной безработицы.

- важным способом обеспечения занятости молодежи является приведение современной системы образования в соответствие с требованиями рынка труда. Есть несколько способов решения этой проблемы, в том числе широкое проведение информационной работы среди молодежи,

направленной на формирование и повышение ценностей труда, популяризацию рабочих профессий. По нашему мнению, такие меры, как формирование предпринимательских навыков среди молодежи, организация профессиональной практики в рамках программы университета, повышение качества профессионального образования, применение альтернативных способов подготовки и переподготовки специалистов, основанных на принципах непрерывного образования, могут улучшить сложившуюся ситуацию.

ЛИТЕРАТУРА

Голенкова З.Т. Российский прекариат: проблемы накопления человеческого капитала» // Вестник Института социологии. - 2016. - №7 (3). - Р. 57-69. DOI: <https://doi.org/DOI:10.19181/vis.2016.18.3.412>

Голиусова Ю.В., Иващенко Н.В. Избыточное образование в России: социально-экономические последствия // Теория и практика общественного развития. - 2014. - №18. - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/izbytochnoe-obrazovanie-v-rossii-sotsialno-ekonomicheskie-posledstviya> (дата обращения: 14.04.2021).

Кенжегузин М.Б., Днишев Ф.М., Альжанова Ф.Г. Наука и инновации в рыночной экономике: мировой опыт и Казахстан. - Алматы: МОН РК, 2005. - С. 256.

Ключарев Г.А. Диденко Д.В., Латов Ю.В. Непрерывное образование – стимул человеческого развития и фактор социально-экономических неравенств / Под общей редакцией д.соц.н., к.э.н. Ю.В. Латова. - М.: ЦСПиМ, 2014. - С. 340.

Колянов А.Ю. Современный университет как объект социализации молодежи. Социальные коммуникации: профессиональные и повседневные практики. Сб.статей / Под ред. В.В. Козловского, А.М. Хохловой. Выпуск 4. - СПб.: Интерсоцис, Скифия-Принт, 2011. - С. 216-220.

Константиновский Д.Л. Российская молодежь: образование и занятость Россия и Китай: молодежь XXI века. // отв. редакторы: М.К. Горшков, Ли Чунлинь, З.Т. Голенкова, П.М. Козырева. - М.: Новый хронограф, 2014. - С. 283-307.

Муратова Ю.Р., Радаев В.В. На полдороги к будущему: оценка включенности группы российских вузов в Болонский процесс // Вопросы образования. - 2007. - № 3. - С. 85-88.

Омельченко Е.Л. Стилиевые стратегии занятости и их особенности // Социологические исследования. - 2002. - №11. - С. 37.

Садырова М.С., Абдикерова Г.О., Сарсенова А.Б., Нуран Д.Н. Профессиональный потенциал выпускников ВУЗов и

молодых специалистов Казахстана: модели трудоустройства. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - С. 132.

Сазонов И.А. Профессиональная ориентация школьников в России. - Курган: ЮУНОЦ РАО, Курганский институт повышения и переподготовки кадров работников образования, 2000. - С. 268. URL: <http://nauka-pedagogika.com/pedagogika-13-00-01/dissertaciya-teoriya-i-praktika-professionalnoy-orientatsii-shkolnikov#ixzz64gLf0k5n> (дата обращения: 24.01.2021).

Сарсенова Ә.Б. Еңбек нарығын зерттеудің теориялық негіздері // Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршы, Әлеуметтану және саяси ғылымдар сериясы. - 2015. №3 (51). - 89-92 бб.

Стэндинг Г. Ппрекариат: новый опасный класс. - М.: Ад Маргинем Пресс, 2014.

Татибеков Б.Л. Рынок труда и занятости человеческих ресурсов Казахстана в условиях глобализации. – Алматы, 2012. - С. 264.

ТощенкоЖ.Т. Прекариат: от протокласса к новому классу. - М.: Наука, 2018. - С. 320.

Чередниченко Г.А. Шубкин В.Н. Молодежь вступает в жизнь. - М.: Молодая гвардия, 1985. - С. 198.

Чередниченко Г. А. Положение на рынке труда выпускников вузов (по материалам опроса Росстата) // Социологические исследования. - 2018. - №11. - С. 95-105.

Шаукенова З.К. Изотов М.З. Труд – глубинная основа модернизационно- инновационных процессов в Казахстане // Саясат-Policy. -2011. - №8. - С. 16-19.

Шеденова У., Абдирайымова Г.С. Роль труда в современном обществе: социологический анализ // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. - 2012. - №1 (40). - С. 22- 26.

Goldthorpe J.H. Social Mobility and Class Structure in Modern Britain: 2nd ed. - Oxford: Clarendon Press, 1987. - P. 38.

РЕЗЮМЕ

Бұл мақалада Қазақстанның жоғары оқу орындарының түлектерін жұмысқа орналастырудың теориялары мен нақты тәжірибелері қарастырылады.

SUMMARY

This article examines the theory and real practice of employment of graduates of universities in Kazakhstan.

ТҰЛҒА ФИЛОСОФИЯСЫ ЖӘНЕ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Әбдіраманова Айгүл Темірханқызы,
философия ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті

Адам бірегей және әмбебеп, қабілетті, ешкімге тең келмес табиғат жаратылысы. Философия пайда болғанынан қазіргі уақытқа дейін адам мәселесі оның басты зерттеу объектісіне айналған. Адам тірі табиғаттың бір бөлігі, әрекет етуші, саналы, рационалды, этикалық тұлға болып табылады. Адамның ішкі және сыртқы әлеммен арақатынасы, рухани құндылықтық бағдары, оның өзіндік жетілуінің негіздері немесе жан сұлулығы мен адамгершілік дүниесінің өзара үйлесімділігін айта аламыз. Адамға тән негізгі қасиеттердің бірі - ол өз рухани әлемін, ғылыми құндылықтар жүйесін, өнер, этика әлемін өзі жасайды. Сонымен қатар адам - жер бетіндегі материалдық игіліктердің, рухани мәдениеттің тарихи процесінің дамуының субъектісі. Адамның жеке дара ерекше көзге түсетін қырларын тұлға философиясы қарастырады. Философияда тұлға ұғымы кең мағыналы, оның өзіне тән жалпыға ұқсамайтын қайталанбас даралығымен, бірегейлігімен ерекшеленеді. Даралық адамның ерекше, бірегей бесаспап қасиеттерінің бірлігі, өзара іс-қимыл процесінде қалыптасады, адамзат дамуының прогресі үшін қажетті шарттардың бірі. Құндылықты бағдардың дамуы – ол тұлғаның негізгі мәні, әлеуметтенуінің көрсеткіші болып табылады. Жеке адамның құндылық ұстанымдары келесідей сапаларының дамуына себепші болды. Адамның тұтастығы мен сенімділігі, белгілі мақсаттар мен ұстанымдарға адалдық, оны іске асыру жолында ерік жігерін аямауға қабілеттілік, өмірлік ұстанымдарға орай белсенділік, арманға жетуге табандылық пен төзімділік қажет. Адам бар жерде құндылық та қатар жүреді. Ол адамға ғана емес, оны қоршаған ортаға да тікелей байланысты. Құндылық ұғымы әлдебір дүниенің мәнділігін аңғартатын сипаты іспетті. Ол тұлғаның таным-түсінігіне, көзқарасына, ортасына байланысты әр түрлі сипатта болады.

Әлем құндылыққа толы - қоғам мен адамға жақсы мен жаманның, пайдалы мен зиянның, әсемдік пен сұрықсыздықтың, шындық пен жалғанның, әділеттілік пен әділетсіздіктің, рұқсат етілген мен тиым салынғанның, маңызды мен мәнсіздігінің шекарасын ашуға көмектеседі. Яғни құндылықтар табиғатында

адамзат тегінің өзі өмір сүріп отырған әлемді рухани-практикалық тұрғыдан игеруінің тәжірибесі жинақталған.

Құндылық мәселесі ежелгі заманнан бері қарастырылып келе жатқан күрделі ұғым. Құндылық ұғымын ежелгі философтар Пифагор, Гераклит, Демокрит және Аристотельдің еңбектерінен де кездестіруге болады. Бертін келе ағылшын философы Ф. Бэкон, Дж. Локк, және тағы басқалар, француз ағартушылары – Вольтер. Ж.Ж. Руссо, классикалық неміс философиясының өкілдері - И. Кант, И. Фихте, Г. Гегель, орыс ағартушы-демократтары А.И. Герцен, В.С. Соловьев, Н.А. Бердяев еңбектерінде қарқынды түрде зерттелді.

Қазақ ағартушылары Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ш. Уалиханов, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев еңбектерінде әлеуметтік адамгершілік құндылықтар орын алды. Қоғамда «рухани құндылықтар», «материалдық құндылықтар», «мәңгілік құндылықтар» сынды ұғымдар қалыптасқан.

Құндылықтар адамға өмірлік бағыт-бағдар береді және қоршаған шындықты тануға мүмкіндік беретін мағыналар жүйесін толығымен қайта құрып отырады. Дүниенің алуан түрлілігінің құндылық сипаттамаларының алғашқы негіздері қайырымдылық, сұлулық, өмір болып табылады.

Тұлға толыққанды қоғамды қалыптасады, оның ең басты белгісі қоғамдық әрекетте жан-жақты қызмет етуі. Қоғамдық гуманитарлық ғылымдарға адам мәселесі ортақ болғандықтан тұлға ұғымына әр қырынан зерттеу жасайды. Адамға білімнен бұрын тәлім-тәрбие берілуі керек. Тәлім -тәрбиесіз берілген білім адамзаттың дұшпаны, ондай адамзат қоғамға зиян әкеледі.

Адамда рухани құндылықтарды қалыптастыру барысында – ғылым мен білімнің маңызы ұшан-теңіз екенін айта кеткен жөн. Жеке адам даму жолында тұлға болып қалыптасады. Руханилық – тек адамға тән, адам танымы мен дүниеге көзқарасының адамаралық қарым-қатынастағы маңызды қасиеттердің бірі. Әрбір адам үшін жоғары құндылық бұл өмір, тіршілікте болған жақсылық, адами қатынастар негізгі – әр адам өз-өзін сыйлауы, өз адамгершілік сапарларына болған құндылықты қатынас; ата-ананы, отбасы, дос-жаранды, бала-шағаны ардақ тұту, табиғатты аялау және ең басты жоғары инабатты құндылық ретінде еңбекті қадір ету. Соның ішінде еңбектің ролі ерекше - еңбек адамзаттың баспалдақтап ілгерілеуінің, дамуының негізгі күші. Т. Бурбаев тұлғаның рухани құндылығын «адамгершілікпен этикалық нормалар, ақыл ой рационализмінің үйлесімділігі» - деп көрсетті [1, 146 б.].

Шығыс философы Омар Хайям өз рубайларында «Егерде жаратушының күші менде болса, мен мына көрінбейтін аспанды итеріп, тек соған лайықты парасатты данышпандар өмір сүретін

ақылды аспанды орнатар едім» деп қарастырғандай қазіргі қоғамның теріс қылықтарын айта келе, адам өмірінде білімнің орны ерекше «Білімді мыңды жығады», «Ілім бұлақ, білім-шырақ» дегендей, білім адамды алға жетелейді, өзгертеді және өмірден өз орнын табуға көмектеседі [2, 97 б.]. Адамзат баласының дұрыс жолмен жүруіне, азғындамауына, рухани тұрғыдан жұтаңдамауына тұлғаның ролінің орны ерекше екенін айтады.

Көрнекті неміс ойшылы А. Шопэнгауэр «Әлем ерік және елестету» еңбегінде «әрбір адам дүниеге келген сахнадағы рөлді ойнайтын әртіс, тек барлық адамдарға басты рөл тие бермейді, мәселен сондай адамдар өмірден өзі қалап алған кәсібіне сай қызмет атқарады ендеше іс-ірекетіне сай сүйіспеншілігіне бөленген қимыл өзі үшін басты рөл болып табылуы тиіс» [3, 57 б.].

Тұлғаның маңызды сипаттарының бірі – оның адамгершілігі, этикалық қырлары тұлғаның рухани мәні болып табылады. Адамгершілік-гуманистік құндылық. Қытай ойшылы Конфуцийдің пікірінше адамгершілік, ізгілік бірінші кезекке қойылған, олар адамзат өмірін жақсартушы, жамандықтан құтқарушы категориялар ретінде қарастырылады [4, 22 б.]. Адамгершілік ережелері әлеуметік-мәдени дамудың жемісі. Халықтық дүниетанымда мінез-кұлықтың жағымды жақтары осы ұғымнан бастау алады. Адамгершілік принципі тұлға болып қалыптасудың бірден-бір шарты және өлшемі.

ӘДЕБИЕТ

1. Бурбаев Т. Ұлт менталитеті. - Астана, 2002.
2. Омар Хайям Рубайат. Трактаты (сборник). - Москва, 2004.
3. Алтаев Ж.А., Ғабитов Т.Х. Ғылым тарихы мен философиясы. - Алматы 2007.
4. Кішібеков Д., Сыдықов Ұ. Философия. – Алматы, 2010.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассмотрены философские основы формирования личности и его духовных ценностей. Также автор старается анализировать сущность человека с аксиологической точки зрения.

SUMMARY

This article discusses the philosophical foundations of the formation of a personality and his spiritual values. The author also tries to analyze the essence of a person from an axiological point of view.

ҚЫЛМЫСТАРДЫ АШУ МЕН ТЕРГЕУ ҚЫЗМЕТІН АҚПАРАТТЫҚ ТАЛДАУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Амитов Шамшидин Егембердиевич,

заң ғылымдарының кандидаты;

Аргинбекова Гулнар Ишанбековна,

заң ғылымдарының кандидаты;

Қындыбаева Римма Раушанбекқызы

заңтану магистрі, оқытушы

Қызылорда «Болашақ» университеті

Даму арқасында ақпараттық кеңістік және уақыт факторы жай күнделікті өмірден бастап, әлем жүйесі деңгейіне талпынуда. Осындай шытырман, жүйіткіп ағып бара жатқан заманда, өткен ғасырдың 80-ші жылдары пайда болған «ақпараттану ғылымының негізі не? Неге пайда болған? дамуы қандай?» - деген сұрақтар көбейе бастаған сияқты. Бүгінгі таңда ақпарат проблемалары әртүрлі мамандық салаларында орын алуда.

Ақпарат ұғымының этимологиясын қарайтын болсақ, ол лат. Informatio - 1) бір нәрсе туралы хабарлама; 2) генетикалық бағытта сақтау, өңдеу және берілетін объектісі болып табылатын мәлімет; 3) математикада, кибернетикада - анықсыздықты (энтропияны) жоятын өлшемдік саны немесе «өзінділік, пішін беру» дегенді білдіреді.

Енді ақпараттың пайда болу тарихына қысқаша тоқталатын болсақ, шамамен XV ғасырдан бастап «ақпарат» сөзі кітаптың көмегімен білім беруде байқала бастады. Ғылыми әдебиеттерге сүйенетін болсақ, нақты бір мемлекетті атап көрсету біршама қиындық туғызады. Дегенменде діни әдебиеттерде бұл сөздің мағынасы «шабыт беру», «тірілту» түсінігінен бастап, «хабарлама», «мазмұн» ұғымына өтіп, ол интуитивті түрде болды және философиялық талдауды, нақты анықтаманы қажет еткен жоқ.

Оған көз жеткізу үшін әрбір қызмет саласы бойынша берілген ақпарат түсінігіне қысқаша тоқталып өтейік.

Ақпарат - деп нақты дүниедегі объектілердің (заттардың), жағдайлардың, оқиғалардың немесе құбылыстардың кейбір қасиеттерінің және қатынастарының бейнесін айтамыз. Ақпаратты белгілеуге (бейнелеуге) және түсінуге болады. Сондықтан әрбір ақпараттың бейнелеу пішіні және мазмұны болуы қажет. Ақпараттың бейнелеу пішінін - хабар дейді. Хабар материалды - энергетикалық пішінде (мысалы, жарық, дыбыс, қимыл, таңба, із

және т.б. түрінде көрсетуді айтамыз. Ақпарат - белгілі бір зат немесе кім жөніндегі таңбалар мен дыбыстар түрінде берілетін мағлұматтар.

Адамның ой-санасының өсуімен қатар дами отырып, ақпарат адам өмірінде үлкен рөл атқарады. «Тікелей тәжірибемен дәлелденгендей - адам сыртқы әлеммен ұзақ уақыт тек қана ақпараттың үздіксіз алмасу шартында ғана дұрыс ойлай алады. Сыртқы әлемнен толығымен ақпараттық оқшаулану - бұл ессіздіктің басталуы.

Қылмыстарды ашу және тергеу қызметінің ақпараттық негізін шындығында ғылыми ұғыну, тек қана ақпарат теориясының ғылыми ірге тасын қалауда және дамытуда, оның ережелерін криминалистика теориясында қолдануда ғана мүмкін болды.

Осыған орай, қазіргі таңда «ақпарат» түсінігі криминалистикада, жедел іздестіру қызметінде және басқа дағылым саласында басты мәселе екендігіне ешкім күмән келтірмейді. Қылмыстық әрекеттер сот-тергеу тәжірибесімен қатар, қылмыстылықтан туындайтын және онымен байланысты ақпарат, отандық криминалистиканың объектілерінің бірі ретінде қарастырылады. Объекті ретінде ұсынылған мұндай жағдай терминологиялық сипатта ғана шатасу жасап қоймай, ғылыми және заң тіліне де кері әскерін тигізеді. Осыған байланысты криминалистикалық тұрғыдан дамуды ұсынған қылмыстарды ашу және тергеу қызметіндегі ақпарат түсінігін қарастырайық. «Ақпарат - бұл ауа, ал ақпараттық процестер - қансорғыш түтікшелері».

Ақпаратты алу, оны талдау Ішкі істер органдарының басқару қызметінің негізін құрайды. Күштерді және құралдарды кешенді қолдану үнемі қылмыстарды ашуға және алдын алуға қатысушы қызмет басқарушысының жеке жауапкершілігіне, жеке ақпарат айырбасын ұйымдастыруға, тактикалық ерекшеліктер есебінен қылмыстарды ашу және ескерту бойынша біріккен әрекеттермен дер кезінде қамтамасыз етуге негізделеді.

Ішкі істер органдарындағы ақпарат дегеніміз «қоғамдық тәртіпті сақтауды және қылмыстылық жағдайын, Ішкі істер органдарының күштерін және құралдарын сипаттайтын, басқару жүйесіне әсер ететін тәсілдер, әдістер және басқаруға әсер ететін қорытындыларын, сыртқы ортаның шартын және құбылыстарын, басқару саласының жағдайына әсер ететін және ішкі істер органдарының басқару қызметінің тиімділігін көріністерін мәліметтер».

Криминалистика және жедел-іздестіру қызметі теориясының үздіксіз байланысы бірқатар күрделі проблемаларды өңдеуде екі жақты мүдделікпен шартталады. Олардың қатарында ерекше

қызығушылық жедел ақпараттың дәлелдеу барысында ақпараттық процестермен байланысы; жедел-ізвестіру ақпаратын тергеушімен қолдану мақсаты, бағыты, тәсілдері және т.б. жатқызатындығын айтады. Жедел-ізвестіру ақпаратының мазмұны жедел ахуал, негізгі күштер, құралдар және жедел-ізвестіру қызметінің әдістерімен, қорытындыларын бағалау, оларды қолданумен сипатталуға жататын мәліметтердің әртүрлі кеңділігімен ерекшеленеді. Жедел-ізвестіру ақпараттары қылмыс жасау нәтижесінде пайда болатын, қылмыстық ортадағы құбылыстар, оқиғалар, жағдайлар, өзгерістерді ғана көріністемейді, сонымен қатар кең құбылыстар шеңберін, жеке адамдардың қылмыстық мінез-құлқына әсер ететін оқиғалар жағдайларын да бейнелейді.

Кез келген жедел-ізвестіру шаралары қылмыстық әрекеттердің алдын алу және ашу үшін маңызды ақпараттарды алумен қорытындыланады. Жедел ізвестіру шараларын жүргізу барысында алынған ақпараттар процессуалдық емес сипатты иемденеді. Процессуалдық сипат қайнар көздерінің қылмыстық іс жүргізу заңдылығына жігерімсіз екендігімен шартталады. Қылмыстық іс жүргізу тергеу әрекеттері тізімі мен қылмыстық іс жүргізу сатысында және қылмыстық процеске қатысушылармен дәлелдемелерді ұсынуы шектелген.

Қылмыстарды ашу және тергеу процесінде ілімнің маңызды элементі болып алғашқы ақпарат табылады. Алғашқы ақпарат жедел-ізвестіру шараларын және тергеу әрекеттерін жүргізу барысында алынады. Кезек күттірмей жүргізілетін тергеу әрекетінің бірі оқиға орнын тексеру. Оқиға орнын тексеру тәжірибесін талдау тергеу әрекетінің жедел және кемшіліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Олар: а) қылмыстың материалды іздерін табу және алдын алудың белсенділігі, әсіресе «ғұрыптық емес іздер» - микробөліктер (мысалы киім, мата талшықтары), микроіздер және т.б.; ә) қылмыс оқиғасына жақын жерлердің тексерілмеуі (мәйітті табу орны); б) тергеушінің анықтама органымен өзара әрекетінің төмендігі; в) хаттама толтыру мәдениетінің төмендігі, әсіресе қосымшаларға да қатысты; г) қылмыс іздерін және басқа да заттарды табу, бекіту үшін криминалистикалық техниканың жеткіліксіз қолданылуы. Ақпараттың тергеу міндетін шешу барысында негізгі құрал екеніне дау жоқ немесе кез келген қылмыстарды ашу және тергеу барысында қабылданатын құқықтық, ұйымдастырушылық, әдістемелік және тактикалық сипаттағы шешімдер, ондай шешімдерді қабылдау кезеңінде қолда болған қылмыс туралы ақпаратқа негізделеді. Қылмыстық істер бойынша тергеу ахуалының жіктелуі тергеушінің қол астында болған ақпарат көлеміне, қылмысты жасау тәсіліне байланысты болады.

ӘДЕБИЕТ

1. Словарь иностранных слов. - М.: «Русский язык», 1998. - 624 с.
2. Иманғалиев Ш.И. Ішкі істер органдарындағы жаңа ақпараттық технологиясы: Лекциялар жинағы. - Алматы: ЖШС «Мер Сал» Баспа үйі, 2004. – 40 б.
3. Образцов В.А. Криминалистика: Курс лекций. - М.: 1996. - 448 с.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается понятие информации и взаимодействие с криминалистической информацией.

SUMMARY

This article discusses the concept of information and interaction with forensic information.

ҚЫЛМЫСТАРДЫ АШУ МЕН ТЕРГЕУДЕ АҚПАРАТТАРДЫҢ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Амитов Шамшидин Егембердиевич,
заң ғылымдарының кандидаты;
Аргинбекова Гулнар Ишанбековна,
заң ғылымдарының кандидаты;
Қындыбаева Римма Раушанбекқызы
заңтану магистрі, оқытушы
Қызылорда «Болашақ» университеті

Ақпарат - бұл қандай да бір құбылыстар, процестер, оқиғалар, деректер туралы мәліметтер, хабарламалар екендігін көрсетеді.

Ерекше үлкен қызығушылық танытатын аламдардың амал-айла әрекеттерінің ақпараттық жағы туралы сұрағы, яғни оқиғаның бірден-бір оқиғасы. Мысал бойынша, оқиға туралы және оқиғадан шыққан ақпаратқа бөлеміз. Біріншісі, қоршаған ортадағы өзгерістердің келесі оқиғамен байланыс өлшемін, ал екіншісі-келесі өзгерістерді көріністейді: Кез келген оқиға қоршаған ортаның өзгерісімен байланысты. Ортаның өзгеруі оқиғаның болына әкеп соқтырады, оқиғаның болуы, өз кезегінде, қоршаған ортаның өзгеруіне әкеледі. Оқиға туралы білу үшін, біз өзгерістің оқиғамен байланыстылығын бөлуіміз керек. Өзгеріс пен оқиғаның байланысы объективті өмір сүреді, субъективті тек қана оны жасау тәсілін анықтау. Әрине кез келген өзгеріс, өзінде барлық өзгерістің оқиғамен байланысты бөлігін ғана ұсынады. Өзгерістің оқиғамен байланысы ақпаратпен сипатталады. Басқа сөзбен айтқанда, ақпарат оқиғамен және осы оқиғамен қоршаған ортаға келтірілген өзгерістермен байланысты.

Алайда, ақпарат - бай мазмұнды, бұл мазмұн ақпаратты қолдану қажеттілігінің тәуелділігіне, субъектінің түсінігі және мүмкіншілігіне қажетті іздестіру, бекіту және бағалау құралдары болуы мүмкін. Бірақ та, ақпарат мазмұны себеп (әрекет) және соңғы ізбен және өзара әрекет арасындағы байланысты бейнелейді немесе ақпарат тіптен жоқ және ол тек қана тұтынушылар болғанда ғана пайда болады.

Бұл өзара әрекеттер нақты қайнар көздерден шығады. Олар, мысалы адаммен, жануармен, қандай да бір құралдармен немесе табиғи жаратылыс оқиғаларымен қалдырылады. Адам да бір (жеке) психология-биологиялық кешен. Оның барлық әрекеттері жүйке жүйесімен басқарылады және психологиялық жағдайы қылмыс

жасау процесінде бейнеленеді. Себебі, із бойынша оның психологиялық, психологиялық-биологиялық жағдайын анықтауға, ол адамның мақсаты туралы ақпарат алуға болады. Оқиға болған жерде қалған іздерде қылмыс жасаған тұлғаның психологиялық жай-күйі туралы мәліметтер болуы мүмкін. Психологиялық жай-күй дегеніміз- тұлғаның психикалық қасиеттерінің ерекшеліктерін көрсететін, индивид қызметінің белгілі бір уақыт аралығындағы сипаты, көрінісі.

Криминалистикалық іздерді оқу және қолдану қылмысты ашуға және жан-жақты тергеу үшін дәлелдемелік маңызы бар ақпаратты береді. Дәлелдемелердің мазмұны туралы сұрақты қарастыра отырып: «Ақпарат - бұл оқиға, құбылыс туралы мәліметтер және осы ақпарат дәлелдеудің мазмұнын құрайды» деген ойға келуге болады. Мұндай ақпарат қылмыстық іс бойынша ақиқатқа жету үшін қылмыстық сот өндірісінде қолданылады. Ондай ақпараттарды дәлелдемелік деп атау қабылданған. Мұндай ақпараттық дыбыстарды тасушылар тірі және өлі табиғаттың объектілері болып табылады. Ақпарат әрқашанда материямен байланысты және екі жағдайда жүзеге асырылады: бірінші - беру жағдайы уақытқа тәуелді ақпараттың көлемі ретінде; екінші - табылу орнына жинақталу жағдайына тәуелді ақпараттың көлемі ретінде. Ақпаратты беруде, олар тасымалдаушы дыбыстар болып табылады. Оны жинау жағдайында мұндай тасымалдаушы жоғарыда көрсетіп кеткендей, дыбыстар болып сол немесе басқа түрдегі, жинақталған ақпарат ретінде қарастырылатын күшіне қарай әрбір объективті шындық бөлшектері енеді. Құбылыстық ақпараттар енетін нақты жүйелерге байланысты әртүрлі сапалы дәрежеде немесе жағдайда болады.

Криминалисттикалық ақпаратты былай бөлуге болады; ақпараттық синтаксикалық (статистикалық) жағдайы; ақпараттың семантикалық жағдайы; ақпараттың бағдарламалық жағдайы. Ақпараттың жоғарғы жағдайы бағдарламалық дәрежеге жететін иерархиялық ара-қатынаста. Әрбір келесі жағдайдың пайда болу шарты-келесіге жету болып табылады. Басқалай айтқанда, ақпараттың семантикалық жағдайы, синтаксикалықсыз мүмкін емес, ал бағдарламалық-семантикалықсыз. Әрине, синтаксикалық жағдай ақпараттың басқа жағдайынсыз да өмір мүре алады. Іздердегі ақпараттың көп бөлігі синтаксикалық ақпарат жағдайында болады. Кең ұғымда бұл- материалдық тасымалдаушылардағы үнемі бекітілетін криминалистикалық релевантты, оқиғалардың енуімен пайда болатын объективті шындықтың өзгеруі. Ондағы бар ақпарат мазмұны жоғарыда көрсетілгендей қабылдануы, талданылуы, статистикалық бағалануы мүмкін.

Ақпараттың семантикалық сапасы криминалистикалық релеванттық (маңызды) жинақталу жағдайы классикалық түрде қолжазба, сөздерді таспаға, бейнатаспаға жазу, есептік мәліметтерді жинақтау нысанында жүзеге асырылады. Семантикада деректік мәліметтер ретінде қандай да бір тұжырым, шешім қабылдау үшін қызмет ететін жағдайлар, шынайы мәліметтер түсініледі. Бұл анықтамадан деректі мәліметтер қатарына деректермен анықталатын мәліметтер, яғни мәні бойынша деректер туралы мәліметтер, жағдайлар, деректердің өздері жатқызылады.

Қабылданатын қылмыстық сот өндірісі шешімдерінің негізінде әртүрлі ақпараттар жатыр. Егерде таным процессуалдық дәлелдеу тәртібінде жүзеге асырылса, құқықтық шешім қабылдау негізінде ақпараттық дәлелдеу пайда болады. Дәлелдемелік ақпарат сұрақтарын зерттеушілермен жинақталған түсініктер қаншалықты әмбебап болғанымен де, олардың барлығы дерек туралы мәліметтерді ғұрыптық тасушыларға бағытталған (хаттама, сарап қорытындысы, құжаттар және т.б.).

Ақпараттық бағдарлаушы жағдайы, мысалы қылмыскер қылмыстың ашылуын қиындататын жалған іздер қалдыру жағдайында орын алады. Бұл ақпарат көмегімен тергеуші және басқа да қылмыстық іске қатысушылар дәлелдеу затына жатпайтын зерттеудегі оқиғамен, жағдаймен байланысты бағыт алады. Өзінің мәні бойынша барлық мәліметтер бағдарлаушы ақпарат деп аталады, ал оларды алу процессуалды және процессуалды емес жолдармен де жүзеге асырылуы мүмкін.

Өзінің функционалды белгіленуі бойынша бағдарлаушы ақпарат екі топқа бөлінеді: танымдағы оқиғаның көрінісіне байланысты және танымдағы оқиғаның көрінісіне байланыссыз. Бірінші топтағы ақпарат танымның қандай бір кезеңінде тексеруді талап ете алатын алдын ала мәліметтер рөлін атқарады. Олар процессуалды бекітілген кезінде дәлелдемелік ақпараттар мәртебесіне ие болады. Екінші топтағы бағдарлаушы ақпарат дәлелдемеліктен айырмашылығы - құқықтық шешімдер қабылдау негізіне жатқызылмайды (айыпталушы ретінде жауапқа тарту, тіпті жүргізу, бұлтартпау шарасын қолдану және т.б.). Дегенмен де оның тәжірибелік мазмұны өте үлкен.

Криминалистика үшін басым маңыздылықты бірінше кезекте бейне ретінде философиялық концептуалды дәрежедегі диалектикалық логикамен байланыс иемденеді. Бұл дәреже криминалистиканың философиялық, теориялық және тәжірибелік фундаментін құрамдайды. Криминалистикалық ақпарат дегеніміз - қылмыстарды ашуда және тергеуде қолданылатын криминалистикалық тіркеу объектілері туралы мәліметтер

жиынтығы. Криминалистикалық ақпарат - криминологияның негізгі компоненттері туралы анықсыздықты, білімсіздікті жоятын және криминологиялық болжау мен жоспарлауға бағыт беретін, ғылыми-практикалық сипаттағы мәліметтердің жиынтығы. Криминалистикалық тіркеу жүйесінде ақпарат құрал ретінде қылмыстарды ашу және тергеу процесінде маңызды роль атқарады. Осыған байланысты, ақпараттардың генезисі, түсінік құрылымы, қалыптасу қайнар көздері, түрлері қарастырылды.

ӘДЕБИЕТ

1. Каиржанов Е. Причинность в криминологии: Учебное пособие. - Алматы, 2002. - 140 с.
2. Белкин Р.С. Собрание, исследование и оценка доказательств. Сущность и методы. - М., 1966. – 295 с.

РЕЗЮМЕ

Эта статья рассказывает об информации и истории, об их источниках.

SUMMARY

This article tells about information and history, about their sources.

1917 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІНЕН KEЙІНГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ

Қаржаубаев Ербол Қазіулы,
заң ғылымдарының докторы, профессор;
Аргинбекова Гулнар Ишанбековна,
заң ғылымдарының кандидаты;
Пиржанова Ақмарал Сейтқасымқызы,
заңтану магистрі, оқытушы
Қызылорда «Болашақ» университеті

1917 жылғы буржуазиялық демократиялық Қазан төңкерісінен кейін, социалистік мемлекет құру барысында ескі сот жүйесін қысқарта отырып, оның орнына жаңа сот жүйесін құруды мақсат етіп қойды. Сөйтіп, ең алғашқы рет Кеңес өкіметі сот құрылыс жөніндегі №1, 2, 3 декреттерді қабылдады.

Бұған дейінгі, яғни, қазақтардың Ресейге қосылғаннан кейінгі сот жүйесіне қысқаша тоқталып кететін болсақ, олар екі түрде қызмет етті:

а) Жалпы империялық сот-бұны, мемелкеттік сот жүйесі деп таныды. Бұл органдарға – мировой судьялар, аумақтық (окружной) сотар, сот палаталары және әскери-сот комиссиялары жатқызылды. Демек, бұл органдар қазақтардың аса ауыр қылмыстарын және адамдардың арасындағы заңға қайшы қақтығыстарын Ресей империясының заңдарына сүйене отырып шешті.

б) Жергілікті халық соттары-бұл билер соты. Бұл орган қазақтардың арасындағы пайда болған кішігірім қылмыстық және азаматтық істерді әдет-ғұрыпқа және мұсылмандар заңдарына сүйене отырып шешті [1,13 б.].

Қазақстан аумағында ең алғашқы рет революциялық трибунал 1917 жылы 28 желтоқсанда Ақмола облысында құрылды.

1919 жылдың екінші жартысына дейін Орал, Семей, Бөкей облыстарында және Түркістан республикасының құрамындағы Жетісу, Сырдария облыстарында революциялық трибуналдардың саны өсті [2, 65 б.].

Революциялық трибуналдардың шығарған үкімдері түпкілікті болып есептелді. Тек, 1918 жылы (29 мамыр) 11 шілдеде Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің кассациялық бөлімін құру туралы декретінде, «Бүкілресейлік Орталық Атқару КОмитетінің жанындағы революциялық трибуналдан басқа, барлық революциялық трибуналдардың үкімдеріне шағымдануға болады», - деп көрсетілді [3, 73 б.].

Қазақстан үшін тарихи даталы екі кезең бар. Демек ол, 1918 жылғы 20 сәуірде Кеңестік Социалистік Түркістан Автономиялық республикасының құрылуы. Яғни қазіргі Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстары осы Түркістан автономиялық республикасы құрамында өздерінің мемлекеттік басқару органдарын, заң орындарын, сот билігін жаңа қоғамдық негізде құрды. Ал 1920 жылдың 29 тамызы күні БОАК пен Совнарком Автономиялық Кеңестік Социалистік Қырғыз/Қазақ Республикасын құру жайында тарихи декретін шығарды. Мұның өзі қазіргі Қазақстан аумағындағы бүгінгі таңға дейін қолданылып келген әр сатыдағы соттардың республика көлемінде жұмыс жасауының алғышарттарын бекітіп берді. РКФСР құрамында автономия болғандықтан барлық инстанцияларына жоғарыдан жарлық беру Мәскеулік үкіметінің қолында болып. Осы ретте 1918 жылы 30 қаршада шыққан «РКФСР-дағы халық соттарының ережелері» деген заң құжаты бірыңғай кеңестік сот жүйесін ыңғайлауға айтарлықтай үлес қосты. Оның атқарар іс-әрекетін айқындап берді. Ал Қазақстан үшін 1919 жылы 10 шілдеде Қазақ өлкесін басқару жөнінде құрылған Революциялық комитет Қазақстандағы соттарды мына төмендегідей жүйеледі:

1. Аралық/третейский сот.
2. Уездік халық сот.
3. Аймақтық/окружной сот.
4. Революциялық трибунал.

«Аралық/третейский сот» ең төменгі сатыда билік жүргізді. Ол ауылдық, болыстық атқару комитеті негізінде құрылып қазақ, өзбек, ұйғыр және тағы да басқа халық арасында өрбіген мүліктік дау-шараларды қарап шешті. Басқа ұлттардың арыз-шағымын қарауға да мүмкіндік алды [4, 68 б.].

Бұл «Аралық/третейский сот» жеңіл-желпі жасаған қылмыстарды, яғни, 1000 рубльге дейін айыппұл салу істерін қарай алды. Ал азаматтық істерді қарауға шек қойылған жоқ.

Аралық/третейский соттар дауларды шешу үшін әдет-ғұрып заңдарына сүйенді. Бұл соттардың шешімдері жергілікті кеңесте сақталатын арнайы кітапшаға жазылды және бұл соттардың шешімдерін уездік халық соттарына шағымдануына болатынын көрсетті.

Одан кейінгі сатыда уездік халық соты билік етті. Уездік сот революциялық трибуналдың соттылығына жататын істен басқа, азаматтық және қылмыстық істерді қарады. Аралас халық тұратын жерде уездік халық соты екі бөлім негізінде құрылып қазақ және орыс тілдерінде іс жүргізген болатын. Уездік соттың қазақ бөлімін, уездік Кеңес съезінде, бір судья мен екі халық заседательдерін

сайлады. Бұл органға қазақтардың арасындағы дауларды әдет-ғұрып заңдарына сүйене отырып шешуге мүмкіншілік берді.

Қылмыстық және азаматтық істерді қарағанда оған орыс, қазақ сот қызметкерлері және басқа халықтың өкілдері уездік бірлескен сот мәжілісінде тең дәрежеде қатысып отырды.

Қазақ өлкесінде басқарудағы революциялық комитет жанындағы уездік халық соттарының шығарғын үкімдерін аймақтық/окружной халық сотының қазақ және орыс бөлімдеріне шағымдануына болатындығын көрсетті.

Келесі сот инстанциясына аумақтық (окружной) соттар кірді. Бұл сот революциялық комитеттің жанынан құрылды. Яғни, онда орыс, қазақ бөлімдері екі тілде іс жүргізді. Онда іс кассациялық инстанция бойынша жүргізілді. Бұл сот негізінен біркелкі кассациялық ұйым негізінде болды да, жергілікті халық соты кеңесінің орнын ауыстырды. Ал контрреволюциялық қылмыстардың барлығы революциялық трибуналда қаралып, үкім шығарылды [5, 112 б.].

1920 жылдың қазан айында Бүкіл Қазақстандық кеңестердің құрылтай съезі халық соттарын одан әрі нығайтуды, сот аппаратын жетілдіруді, Қазақстанның барлық аумақтарында бірыңғай халық соттарын құруды тиянақтап берді. Соның нәтижесінде 1920 жылдың соңында халық соттары мен тергеу учаскелері құрылды.

1920 жылы Қазақ өлкесінде бес революциялық трибуналдар жұмыс жасады. Атап айтқанда: Торғай, Орал, Ақмола, Семей, Бөкей облыстары. Сонымен қатар Түркістан өлкесіне қарайтын Жетісу, Сырдария облыстарында да Революциялық трибуналдар сот ісін жүргізді [4, 70 б.].

ӘДЕБИЕТ

1. Сапарғалиев М.С. Организация Советского суда в Казахстане. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1954.
2. История государства и права Советского Казахстана Том 1 (1917-1925). // Под ред. д.ю.н. С.З.Зиманова. - Алма-Ата, 1961.
3. Сапарғалиев М.С. Возникновение и развитие судебной системы Советского Казахстана в 1917-1967 гг. - Алма-Ата, 1971.
4. Нәрікбаев М.С. Ұлы билерден Жоғары Сотқа дейін. - Алматы: Атамұра, 1999.
5. Сапарғалиев М.С. История народных судов Казахстана. - Алма-Ата, 1966.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается история возникновения и развития судебной системы в Казахстане после октябрьской революции 1917 года.

SUMMARY

This article examines the history of the emergence and development of the judicial system in Kazakhstan after the October Revolution of 1917.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК: ТАРИХИ ТАЛДАУЛАР

Жұмаділда Нұрай Төреғалиқызы,
студент

Қызылорда «Болашақ» университеті

Ақпараттық қауіпсіздік ақпаратқа рұқсатсыз кірудің, пайдаланудың, ашудың, бұрмалаудың, өзгертудің, зерттеудің, жазудың немесе жоюдың алдын алу тәжірибесі болып табылады. Бұл әмбебап түсінік деректерді қабылдау нысаны электронды болсын немесе басқаша түрлеріне қарамастан қолданылады.

Бұған дейін ақпараттық қауіпсіздіктің тарихы тереңде [1, 26 б.] жатырғандығы туралы айтылған болатын. Бұл зерттеуімізде Web of Science Core Collection базасынан «information security» кілт сөзі арқылы HISTORY бөлімінен табылған материалдарға шолу жасауды жөн көрдік.

Мәселен, Е.М. Malysheva [2] мақаласында Ұлы Отан соғысы кезіндегі Германия мен КСРО-ның насихаттау тәжірибесіне назар аударылады. Ақпараттық соғыстың негізгі формалары, мазмұны мен тиімділігі қарастырылып, үгіт-насихат жұмыстары екі тараптың полярлық аксиологиялық басымдықтары бойынша құрылғаны айқындалады: КСРО тарапынан - Отанды қорғау, Германия тарапынан - бөтен аумақты басып алу. Автордың пайымдауынша, радиохабарлар, парақшалар, кинофильмдер, баспа сияқты неміс үгіт-насихат машинасының бүкіл арсеналы аумақтар тұрғындарының психологиясын өңдеуге бағытталған. Сондықтан автор қоғамдық санаға ақпараттық әсер ету тәжірибесін зерттеудің және экстремалды жағдайда әр елдің оң имиджін қалыптастырудың маңыздылығы туралы қорытындылар жасайды.

О. Нареева [3] еңбегінде тарихи ретроспективада халықаралық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ШЫҰ қызметінің негізгі бағыттары қарастырылып, зерделенетін мәселе бойынша ШЫҰ қатысушысы ретінде Ресей Федерациясының қызметі мен заңнамалық бастамалары айқындалды. Автор анықтағандай, ШЫҰ атынан халықаралық деңгейде таратылатын ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі тұжырымдамалық құжаттар Ресей Федерациясының ұлттық мүдделеріне сай келеді және ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі ресейлік доктриналық құжаттардың жекелеген ережелерін қамтиды.

О.Л. Sirrs [4] мақаласында Ұлыбританияның Пәкістанның ведомствоаралық барлау басқармасын (ISI) екі мақсатта құруға

көмектескендігі зерттеледі: (1) Достастықтың барлау желісінің пәкістандық филиалын құру; (2) осы желіде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Нәтижесінде бұл әрекет Пәкістанның қауіпсіздік институттарындағы кемшіліктер және Ұлыбританияның Пәкістанның қауіпсіздік қажеттіліктерін қанағаттандыра алмауына байланысты сәтсіз аяқталды. 1950 жылдардың ортасына қарай ISI Америка Құрама Штаттарымен тығыз байланыс орнатты, олар көп басымдықтар және аз саяси шектеулер ұсынды. Сондықтан автор қырғи қабақ соғыс кезіндегі барлау одақтарын құру туралы жаңа көзқарастар және көпжақты барлау коалицияларының әлсіз жақтарының пайдалы мысалын ұсынады.

О. Gareyeva [5] зерттеуінде Қазақстан Республикасында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ұлттық жүйесінің қалыптасуы мен қызметі қарастырылады. Зерттеу проблемалық-хронологиялық қағидаға негізделген. Дереккөз базасының негізін Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық құжаттар құрайды. Жүргізілген авторлық талдау ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қолданыстағы жүйесінің қалыптасуы мен жеткілікті тиімділігін көрсетеді. Зерттелетін мәселе бойынша нормативтік-құқықтық база тұжырымдамалық және доктриналық құжаттармен ұсынылған. Халықтың қоғамдық және ұлттық санасына ақпараттық ықпал ету, мемлекетаралық ақпараттық қарсыласудың өсуі, жалған ақпарат және ақпараттық қысым фактілері елдің ұлттық қауіпсіздігіне қатер ретінде айқындалады. Мемлекеттің кибернетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, ғылыми-зерттеу институттарын құруға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша мамандар даярлауға көп көңіл бөлінеді.

G.G. Sarkisyan, S.A. Simonova және V.I. Dolinko [6] зерттеуінде революцияға дейінгі Ресейдегі экономикалық және ақпараттық қауіпсіздікті қалыптастыру мәселелеріне байланысты тарихи-философиялық талдау жасалған. Елдің экономикалық және ақпараттық қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған негізгі оқиғалар мен шешімдер талданады. Тарихи, аксиологиялық, салыстырмалы және сипаттамалық әдістер қолданылады. Экономикалық және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы этика мен мемлекеттік басқарудың өзара байланысы, олардың ажырамас бірлігі, шешуші тарихи сәттердегі ерекшеліктері негізделеді.

Жалпы ғылымда ақпараттық қауіпсіздікті тарихи талдауға байланысты алдағы уақытта тағы да басқа көптеген зерттеулер жарияланатындығына сенеміз бар. Біз бұл мақалада базадан соңғы табылған материалдарға тоқталғымыз келді.

ӘДЕБИЕТ

1. Жұмаділда Н.Т. Ақпараттық қауіпсіздік түсініктері // «Болашақ» университетінің Хабаршысы. – 2020. - №2 (20). – 26-29 бб.

2. Malysheva E.M. Ideological confrontation between the USSR and Nazi Germany in 1941-1945: Learning to hate the enemy // Herald of an archivist. - 2015. - № 2. - P. 147-168.

3. Hapeyeva O. International information security as an important direction of the Shanghai Cooperation Organization activities: 2006 – 2017 // Skhidnoievropeyskyi istorychnyi visnyk-East European historical bulletin. – 2017. - №4. – P. 155-163. DOI: 10.24919/2519-058x.4.111226

4. Sirrs O.L. The perils of multinational intelligence coalitions: Britain, America and the origins of Pakistan's ISI // Intelligence and National Security. – 2018. - №33 (1). – P. 36-47. DOI: 10.1080/02684527.2017.1317982

5. Gapeyeva O. Overview of basic measures of ensuring of information security in the Republic of Kazakhstan // Skhidnoievropeyskyi istorychnyi visnyk-East European historical bulletin. – 2018. - №6. – P. 245-251. DOI: 10.24919/2519-058x.6.123758

6. Sarkisyan G.G., Simonova S.A., Dolinko V.I. On the question of the moral aspect of economic and information security in pre-revolutionary Russia // Voprosy istorii. – 2021. - №1. – P. 240-253. DOI: 10.31166/VoprosyIstorii202101Statyil7

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается исторический анализ информационной безопасности.

SUMMARY

This article discusses the historical analysis of information security.

ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ **ДЕФЕКТОЛОГИЯ**

ӘОЖ 373.3: 784(574)

БАЛАЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ ҚАРАЙ ОЛАРДЫҢ ДАУЫСТАРЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Қыдырбаева Күләш,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор;
Есқараева Айгүл Дүйсенғалиқызы,
филология ғылымдарының кандидаты
Қызылорда «Болашақ» университеті

Бүгінгі мектептің алдына қойып отырған міндеті – жеткіншек ұрпаққа жан-жақты тәрбие берудің сапасын арттыру. Оқушыларға көркемдік білім берумен эстетикалық тәрбиені халықтың ұлттық мұрасымен байланыстыра отырып, айтарлықтай жақсарту. Әсемдік сезімін дамыту, көркемдік талғамын тәрбиелеу, өнер шығармаларын сүйіп, туған табиғатын, оның байлығын қастерлеп, бағалай білуге қабілеттерін қалыптастыру керек.

Балалардың ағзаларының өсу процесінде олардың дауыстарын біртіндеп тәрбиелеу үшін, олардың ән айту аппараттарының жас ерекшеліктеріне байланысты даму ерекшеліктерін білу керек. Әрбір денсаулығы жақсы баланың ән айтуға құштарлығын, сезімін, көңіл-күйін, ынтасын, эстетикалық талғамын қалыптастыруда ән айтудың үлкен маңызы бар. Топ болып ән айту үрдісі әрбір оқушының жеке мінезін бақылауға жақсы мүмкіндік береді. Тәжірибелер көрсеткендей, мұғалім оқушымен жеке жұмыс істегенде, оқушы өзінің музыка және адами қасиеттерін музыкалық тапсырма орындау барысында педагогтың әр минут сайын бақылап тұратынын сезінгендіктен, ол оған біршама қысым келтіреді.

С.Л. Рубинштейн былай деп сипаттаған: «Адамның қабілеттері шындығында әрқашан жалпы және арнайы қасиеттерінің белгілі бір бірлігінде берілген». Жас ерекшелік даму барысында, әсіресе соның ішінде – жалпы қабілеттің алғы шарттарының әртүрлі жақтары – әрбір балалық шақта өзіне тән нақты жақтары болатындығына негіздеме бар. Осының негізінде – бақылау кейбір балаларда жас ерекшелігі ұлғайған сайын, қасиеттер уақытша пайда болады, ал кейбірінде жеке адам

құрылымында қалыптасады және беки түсетіндігін көрсетеді. Жалпы қабілет қалыптасу үшін, ең алдымен, жас ерекшеліктің өзі туралы білімдердің жиналуы қажет және жас ерекшеліктің дамуының ауыспалы кезеңдері қандай болатындығын анықтап алу қажет. Бала есейген сайын, кейінгі дамуды тежейтін балалықтық бітістерді жеңу, жою көріне бастайды. Жас ерекшеліктік даму барысында меңгерушілік – бұрынғы кезеңдердегі нақты жетістіктерді жоғалтуы мүмкін.

Г.С. Федоровтың және академик В.Н. Шацкаяның басшылығымен жүргізген зерттеулерінде: «музыка сабақтарында ән айту үрдісінде балаларды музыкалық-эстетикалық тәрбиелеудің ең жемісті түрі тек сыныптық ұжым бола алады», - деген тұжырымға негізделген жұмыс гипотезасы бекітілген. Ұжыммен ән айту музыкалық білім берудің белсенді түрі бола тұрып, өзі шығармашылық жұмыс жағдайымен сабақтағы оқушыларды ерекше хор ұйымдастыруын талап ететін өнер түрі болып табылады.

Вокалдық педагогика балалардың әлі қалыптаспаған дауыстарына аса ыждақатты қарым-қатынас жасауды талап етеді және сонымен бірге олармен жұмыс жасаудың үлкен мүмкіншіліктерін көрсетеді.

Балалар даусындағы вокалды-хор жұмысы әрқайсысының дауыс жүргізу механизмінде ерекше өзіндік қасиеттері бар әртүрлі топтағы балалардың психофизиологиялық ерекшеліктеріне байланысты жүргізіледі. Балаларды ұйымдастыра отырып, жетекші міндетті түрде топтың жас ерекшелік құрамының бірыңғай ерекшеліктерін ұстануы керек. Кіші жастан бастап және үлкен жас тобына дейінгі балалардың барлық өсу кезеңдерін қамти отыра, көп жылдар бойғы үнемі сабақ жүргізу барысында дамып отыратын балалар даусымен жұмыс өз нәтижесін береді. Мұндай мектептен өткен балалар өздерінің әншілік сабақтарын үлкен көркемөнерпаздар үйірмесінде жиі жалғастырып жатады.

Балалар даусының, оның құрылымының және балалардың әншілік аппараттарының ерекшеліктерін білу жетекшіге вокалды-ән сабақтарын дұрыс жолға қоюға көмектеседі.

Жалпы балалар дауысы дыбыстарының жеңілділігімен, сыңғырлаған дауыстарымен және нәзіктілігімен ерекшеленеді. Олар дискант және альт болып бөлінеді:

- Дискант – балалардың жоғарғы дауысы, оның диапазоны $до_1$ – соль₂.
- Альт – балалардың төменгі дауысы, оның диапазоны соль_м – ми₂.

Әрқайсысына белгілі бір жас ерекшелігі сәйкес келетін балалар даусының дамуының үш сатысын ажыратамыз.

1. Жеті – он жас. Ер балалардың да қыз балалардың да дауыстары жалпы бірдей және барлығын дискантқа жатқызуымызға болады. Шартты түрде бірінші және екінші дауыстарға бөлеміз. Олардың дауыс дыбыстылығына дыбысты бас резонаторында шығару тән, фальцетті жеңіл алады, мұның барысында тек дауыс желбезектерінің шеті ғана вибрация жасайды (дауыс қуысы толық жабылмайды). Диапазон $pe_1 - pe_2$ дыбыстарымен шектеледі. Ең ыңғайлы дыбыстар – $mi_1 - la_1$. Тембрлері бірдей емес, әртүрлі болып келеді. Жетекшінің мақсаты – кішкентай диапазонның дыбыстарының барлығында дауысты дыбыстардың неғұрлым бірдей дыбысталуына қол жеткізу.

2. Он бір – он үш жас. Мутация алдындағы жас. Он бір жасқа келгенде балалар даусында, айрықша ер балаларда кеудемен дыбыстау белгілері байқала бастайды. Кеуде қуысының дамуына байланысты дауыстары толығырақ және қанығырақ болып шыға бастайды. Ер балалардың дауыстары анық дисканттар мен альттер болып бөліне бастайды. Жеңіл және сыңғырлаған дисканттардың диапазондары $pe_1 - fa_2$; альттер нығызырақ дыбысталады олардың диапазондары $si_m - do_2$.

Бұл жаста балалар даусының диапазонында үлкендердегі сияқты үш регистр анықталады: бас, аралас (микстовый) және кеуде регистрлері. Қыз балаларда бас регистрінде дыбысталу айқындала бастайды және сопрано мен альттердің тембрлерінде айрықша айырмашылық байқалмайды. Диапазонның негізгі бөлігін табиғатынан дыбыс жүргізудің аралас түрі бар орталық регистр алады. Ер балалар бір ғана регистрмен, кеуде регистрімен қолданады.

Регистрлердің шекаралары тіпті бір типтегі дауыстары барларда да жиі бірдей келмейді, және өтпелі дыбыстары бір тонға немесе одан да жоғарыға айырмашылықтары болуы мүмкін. Кейбір балалардың дауыс диапазондары жоғарыда көрсетілген диапазоннан да артық болуы мүмкін. Диапазоны екі октавадан да асатын дауыстар, айрықша кейбір ер балаларда кездеседі.

Мутация алды кезеңде дауыстар тембрлік анықтылықты және әрбір дауысқа тән, жеке тұлғасын сипаттайтын ерекшеліктерін ала бастайды. Кейбір ер балаларда ән айтуға зауқы болмайды, төменірек тесситурада айтуға тенденциясы байқалады, соған икемірек болады, дауыстары тұрақты шықпай, интонациямен таза алуға қиналады. Дисканттарда ұшқырлық, жүрдектілік жойыла бастайды. Альттер көлемді дыбысталады.

3. Он үш – он бес жас, мутациялық (өтпелі) кезең. Әншілік дауысты дамытудың келесі сатысы - мутация. Бұл кезеңде жасөспірімдер дауыс гигиенасына аса назар аударулары керек. Ер балалармен мутация кезеңіндегі сабақ барысында

аяушылық ету әдісі тиімді. Мутация дегеніміз – ағзада биологиялық жаңа белгінің пайда болуы, яғни жаңа қасиеттердің өзгерістердің пайда болуы. Балалардың 12-15 жас аралығында дауыстарының балалық дауыстан үлкендер дауысына өту кезеңі жүреді, оны мутация деп атайды. 1-2 сынып оқушыларының дауыстарында ер балалар мен қыз балаларда ешқандай айырмашылық болмайды, өте ұксас болып келеді. Ал, 3-4 сынып оқушыларының, әсіресе ер балалардың арасында альт дауысы көбейе бастайды. Сондықтан да бұл сыныптарда жаттығулар жүргізу кезінде осы өзгерістерді ескеріп отырған жөн, сөйтіп екі дауысты жеңіл әндер, хорлар үйретіле бастайды. Жетекшісі балалар дауысындағы өзгерістерді қадағалап отырады. Ал, 5 сыныпта кейбір оқушылардың дауысында мутация белгілері пайда болады. Бұл кезең қыз балаларда белгісіздеу өтіп кетеді. Кей қыз балаларда, әсіресе альт дауысына яғни төмендеу дауысқа өтетін жағдайда, олардың дауыстары кейде шығып, кейде шықпай, тамақтарының ауырғанын сезінеді. Қыз балалардың мутациядан көбінде белгісіздеу өтетіні жалпы әйелдер дауысы жоғары шамалас келеді. Қыз балалардың дауысында мутациядан кейін қою күш, дыбысында созылыңқы әлді тембрлік бояу, байсалдылық, сазды үн пайда болады. Алған демді ұзақ сөз тізбектерінен тұратын әндерге еркін жеткізе алады. Ер балалардың дауысы мутация кезеңінен ерекше ауырып, бірде шығып, бірде шықпай, күрделірек өзгерістермен өтеді. Осы кезде олар тез ашушаң, тамақтары ауырып, тіпті мінез-құлықтарында да психологиялық өзгерістердің пайда болғанын сезінуге болады. Олар өзін ересекпін деп санап, немесе тезірек үлкен болуға тырысу (жасырынып темекі шегу, үлкендер әрекетіне еліктеу) сияқты зиянды әдеттерге бой ұруға бейім келеді, мұндайда орынды ақыл-кеңес беріп отырған жөн. Ер балалардың денелері сомданып бойларының өсуі, соған сай тыныс алу, дыбыс жасау мүшелерінің өсіп-жетілуі мутацияның, яғни бүкіл ағзадағы жаңа құбылыстардың болғанын дәлелдейді. Сөйтіп, олардың жоғары дискант және альт дауысынан төмен, орташа тенор, баритон, бас сияқты үлкендер дауысына өткендігін байқаймыз.

Көпшілік ғалымдардың еңбектерінде балалар дауыстарының мутация алдындағы, мутациялық және мутациялық кезеңнен кейінгі физиологиялық ерекшеліктері көрсетіледі, әншілік дауыстың дыбысталуының (тембрінің, диапазонының, тыныс алуының және т.б.) сапасы сипатталады. Ғалымдар мұндай кезеңде ән айтуды тоқтатқан дұрыс емес дейді, бірақ олар дауыс аппаратының гигиенасының ережесін ескере отырып, дауыстарын сақтау режимін іске асыру керек деген шешімге келеді.

Мутацияның формалары әртүрлі өтеді: біреулерінде біртіндеп және байқалмай өтеді (дауыстары шаршағандығы және қырылы байқалады), ал басқа біреулерінде ол анық байқалады (ән айтып немесе сөйлесіп отырғанда даусы шықпай қалады). Мутациялық кезеңнің ұзақтығы әртүрлі болады, бірнеше ай немесе бірнеше жылға созылуы мүмкін. Мутациялық кезеңге дейін ән айтып жүрген балаларда ол әдетте тезірек өтеді. Жетекші мутация басталған кезеңін уақытында естіп және оның бірінші белгілері көріне бастағаннан шара қолдануы керек: баланы төменгі партияны айтатындардың қасына отырғызу немесе мүмкін баланы сабақтан босату керек.

4. Он алты – он тоғыз жас. Жасөспірімдік жас. Бұл жас кезеңдерінде хор үш партиядан тұрады: сопрано, альт – қыздар даусы; тенор мен баритон бірігіп бір ерлер партиясын құрайды. Партиялардың диапазоны: сопрано – до₁ – соль₂; альт – ля_м – ре₂; ерлер партиясы – си₆ – до₁.

Жасөспірімдер хорында ән айту ережелерін сақтау керек, дем алу техникасын дамыту және диапазонды жәйлап кеңейту керек. Балалар хорындағы барлық әншілік үрдіс балалардың денесінің өсу мүмкіндіктерімен және бала психикасының ерекшеліктерімен түзетілуі тиіс.

Балалар даусындағы кейбір кемшіліктерді қарайық.

1. Кейбір балалар демін ішіне қарай алып, иықтарын көтере дем алады. Мұндай дұрыс емес дем алу дыбысқа өз әсерін береді. Бұл кемшілікті болдырмау үшін балалардың назарын диафрагмаға аудару керек, Демді еркін мұрын мен ауыз арқылы біркөзгілде алып, мұның барысында иықтың көтерілмеуін қадағалау керек. Бір сөзбен айтқанда, назарды іш бұлшық еттерінің жұмысына аудару керек.

2. Үлкендерге еліктеп кейбір балалар қатты айтуға тырысады. Олар айқайлап айтса өте әдемі шығады деп ойлайды. Оларға дауыс сапасы әртүрлі түсініктерден тұратынын түсіндіру керек: тембрден, диапазоннан, дыбыс теңдігінен, дауысты игеру техникасынан. Ән айту үдерісінде вокалдық ережеге сай жүруі тиіс. Балаларды вокалдық жаттығулармен жаттықтыру керек. Мұндай жаттығулардың мақсаты – дауысты және ән айту дағдыларын дамыту болып табылады.

Балалар даусының негізгі ерекшелігі – жеңілділік және адам ағзасының жас ерекшеліктеріне байланысты сыңғырлап шығуы. Балалар даусының спецификалық ерекшеліктерін сақтауға тырысу керек. Балалар хорында академиялық және халықтық жинақталған дыбыс шектеулері үлкен әншілерге қарағанда аздау айқындалады.

Түйіндей келе, бастауыш сыныптардағы музыка сабағын ұйымдастыру кезінде жоғарыда аталған ерекшеліктер ескеріліп,

оқушылардың түрлі психологиялық жағдайына көңіл аударып, соған сәйкес музыкалық материалдар дұрыс таңдалып, оқушылардың музыкалық сұранысы қанағаттандырылып отырса, мақсат-міндетіне толық жете алады деуге болады.

ӘДЕБИЕТ

1. Бабанский Ю.К. Методы обучения в современной общеобразовательной школе. – М.: Просвещение, 1985.
2. Хмель Н.Д. Педагогический процесс как объект деятельности учителя. – Алма-Ата, 1978.
3. Кирюшин В.В. Методическое пособие в помощь руководителям хоров мальчиков. - М., 1969.
4. Шамина Л. Работа с самодеятельным хоровым коллективом. Москва: Музыка, 1985.
5. Цыпин Г.М. Психология музыкальной деятельности, проблемы, суждения, мнения. – М., 1994.
6. Анисимов П.В. Методика преподавания музыки: проблемы становления профессионального стиля // Методолого-методическая подготовка учителя музыки: Материалы У11 международной научно-практической конф. / Отв. ред. Э.Б. Абдуллин, Е.В. Николаева. – М., 2002.
7. Красильников И.В., Крюков М.А. Музыкальное искусство и педагогика завтра // Музыка в школе. – 2000. - № 3.
8. Қыдырбаева К. Хор үнділігі. – Қызылорда, 2007.

РЕЗЮМЕ

Задача сегодняшней школы - повысить качество всестороннего образования подрастающего поколения. Значительное улучшение эстетического воспитания и эстетического воспитания школьников, увязка их с национальным достоянием народа. Необходимо развивать чувство прекрасного, прививать художественный вкус, формировать умение любить произведения искусства, уважать и ценить родную природу и ее богатства.

SUMMARY

The task of today's school is to improve the quality of comprehensive education of the younger generation. Significant improvement of aesthetic education and aesthetic education of students, linking them with the national heritage of the people. It is necessary to develop a sense of beauty, to cultivate artistic taste, to form the ability to love works of art, to respect and appreciate the native nature and its riches.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ **ЭКОЛОГИЯ**

УДК 639.2. 639.3

ОЦЕНКА СОСТОЯНИЯ ЗАПАСОВ ОСНОВНЫХ ПРОМЫСЛОВЫХ ВИДОВ РЫБ ОЗЕРА ЖАНАЙ КАЗАЛИНСКОГО РАЙОНА КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Ермаханов Зауалхан,
Балымбетов Куанышбай,
Аральский филиал НИИ ЭиБАСБ Кызылординского
университета «Болашак»
Жанзаков Марат Мыктыбаевич,
кандидат сельскохозяйственных наук, доцент
Кызылординский университет «Болашак»

Озеро Жанай расположено в 44 км. от города Казалинска, вблизи аульного округа Лакалы. Площадь участка Жанай в период исследований составила 95 га., длина 1300 м., ширина 450 м. Приток от протоки Куандария и Аксай. В период исследования водность озера было удовлетворительным. Максимальная глубина при исследовании составило 4 м, минимальная 2,5 м.

Промысловая ихтиофауна оз. Жанай представлена следующими видами - сазан, лещ, аральская плотва, щука, карась, змееголовка и красноперка. Ниже приводится их биологическая характеристика. *Сазан*. В опытных уловах длина сазана колебалась от 260 до 440 мм., в среднем составляя 323 мм. Масса сазана варьировала от 470 до 2010 г., в среднем составляя 753 г. Возрастная структура за период исследований представлена четырьмя генерациями, доминировали пятилетки (табл.1).

Таблица 1. Возрастной состав сазана

Возрастной ряд	Длина рыб, мм.	Средняя длина рыб, мм.	Количество рыб, экз.	Доля рыб, %
3+	260-310	282	5	15,6
4+	280-360	320	23	71,9
5+	250-365	358	3	9,4
7+	440	440	1	3,1
Итого	260-440	323	32	100

В популяции сазана преобладали особи размером 301-350 мм. и массой 601-800 г.

Соотношение полов в стаде сазана показало, что в стаде преобладают самки. Среди самок доминировали пятилетки.

По расчетам, численность сазана оценивается в 0,558 тыс. экз., промысловый запас 0,420 тонны. На период с 01.07.2021 г. до 01.07. 2022 г. в оз. Жанай, предельный допустимый улов (ПДУ) сазана может составить 0,105 тонны.

Лещ. В опытных уловах длина леща колебалась от 160 до 300 мм., в среднем составляя 227 мм. Масса леща варьировала от 100 до 520 г., в среднем составляя 265 г. Возрастная структура представлена четырьмя генерациями, доминирующими являются шестилетки (табл. 2).

Таблица 2. Возрастной состав леща

Возрастной ряд	Длина рыб (мин-макс), мм.	Средняя длина рыб, мм.	Число рыб в каждом возрастном классе, экз.	Доля рыб, %
3+	160-215	188	3	4,1
4+	185-230	209	30	41,1
5+	220-280	241	39	53,4
6+	300	300	1	1,4
Итого	160-300	227	73	100

Размеры четырехлеток леща колебались от 160 до 215 мм., в среднем составляя 188 мм. Средняя длина тела пятилеток леща составляли 219 мм., с колебаниями от 185 до 230 мм. Основу пятилеток составляли особи длиной 181-210 мм.

Длина тела шестилеток леща колебалась от 220 до 280 мм., в среднем составляя 241 мм. Доминирующими являются особи длиной 211-240 мм. Длина тела семилеток леща составляет 300 мм. В стаде леща доминируют особи длиной 211-240 и массой 201-250.

Сравнение соотношения полов леща показывает, что в стаде резко преобладают самки. Среди самок доминируют шестилетки, а среди самцов - пятилетки.

По расчетам численность леща оценивается в 6,540 тысячи экземпляров, промысловый запас 1,733 тонн. На период с 01.07.2021 г. до 01.07.2022 г. в оз. Жанай предельный допустимый улов (ПДУ) леща может составить 0,520 тонн.

Аральская плотва. В опытных уловах аральская плотва представлена особями длиной тела от 140 до 250 мм. и общей массой тела от 50 до 350 г. Средняя длина в сетных уловах равнялась 199 мм., средняя масса тела 186 г. Возрастной ряд

представлен пятью генерациями, доминирующими являются четырехлетки (табл. 3).

Таблица 3. Возрастной состав плотвы

Возрастной ряд	Длина рыб (мин-макс), мм.	Средняя длина рыб, мм.	Число рыб в каждом возрастном классе, экз.	Значение класса, %
2+	140	140	2	9,1
3+	160-180	168	8	36,4
4+	190	190	1	4,5
5+	0	0	0	0
6+	220-240	227,5	8	36,4
7+	235-250	243	3	13,6
Итого	140-250	199	22	100

Длина тела трехлеток аральской плотвы составила 140 мм. Средняя длина четырехлеток плотвы составила 168 мм., с колебаниями от 160 до 180 мм. Размеры пятилеток плотвы составил 227мм, с колебаниями от 220 до 240 мм. Основу семилеток плотвы составили особи размером от 226-250 мм. Средняя длина восьмилеток плотвы составила 243 мм, с колебаниями от 235 до 250 мм.

В популяции аральской плотвы доминируют особи размером 151-175 мм. и массой 51-100 г. Сравнения соотношения полов аральской плотвы показывает, что в стаде резко преобладают самки. Среди самок доминирующими являются четырехлетки и семилетки.

По расчетам численность аральской плотвы оценивается 10,038 тысяч экземпляров, промысловый запас 1,867 тонн. На период с 01.07.2021 г. до 01.07.2022 г. в оз. Жанай предельный допустимый улов (ПДУ) аральской плотвы составит 0,560 тонн.

Щука. Один из хищных видов рыб, исполняющий роль биологического мелиоратора в оз. Жанай. Биологические показатели щуки неплохие. В экспериментальных уловах длина щуки колебалась от 280 до 560 мм., в среднем составляя 280 мм. Масса щуки варьировала от 180 до 1500 г., в среднем составляя 910г. Возрастной состав щуки представлен пятью генерациями, преобладающими являлись шестилетки (табл. 4).

Таблица 4. Возрастной состав щуки

Возрастной ряд	Длина рыб (мин.- макс.), мм.	Средняя длина рыб, мм.	Количество рыб, экз.	Доля рыб, %
2+	280-315	303	3	10,7
3+	295-350	329	7	25
4+	340-385	368	7	25
5+	390-440	421	8	28,6
6+	440-560	490	3	10,7
Итого	280-560	280	28	100

Размеры трехлеток щуки колебались от 280 до 315 мм., в среднем составляя 303 мм. Преобладали особи размером 301-315 мм. Средняя длина тела четырехлеток составляла 329 мм., с колебаниями от 295 до 350 мм. Доминировали особи длиной тела 326-350мм.

Длина тела пятилеток щуки колебалась от 340 до 385 мм. Средний размер пятилеток при этом составил 368 мм. Основу пятилеток составляли особи длиной 351-375 мм. Размеры шестилеток колебались от 390 до 440 мм, в среднем составляя 421 мм. Доминировали особи размером 426-440 мм. Семилетки представлены особями размером от 440 до 560 мм. Средний размер 490 мм.

В стаде щуки доминируют особи длиной 326-350 мм. и массой 301-350 г. Сравнение соотношения полов показало, что в стаде имеют некоторое преобладание самки, а среди самок – пятилетки.

По расчетам численность щуки оценивается в 0,146 тыс. экз., промысловый запас 0,133 тонн. На период с 01.07.2021 г. до 01.07.2022 г. предельный допустимый улов (ПДУ) щуки составит 0,040 тонны.

Серебряный карась. В опытных уловах длина карася колебалась от 185 до 310 мм., масса от 230 до 460 г., при средней длине тела 238 мм. и массе 354 г. Возрастной состав карася представлен четырьмя генерациями, преобладали шестилетки (табл. 5).

Таблица 5. Возрастной состав карася

Возрастной ряд	Длина рыб (мин-макс), мм.	Средняя длина рыб, мм.	Число рыб в каждом возрастном классе, экз.	Значение класса, %
3+	185-240	212	2	3,9
4+	190-225	213	11	21,6
5+	210-270	234	25	49
6+	230-310	271	13	25,5
Итого	185-310	238	51	100

Длина тела четырехлеток карася колебалась от 185 до 240, в среднем составляя 212 мм. Средняя длина пятилеток карася составила 231 мм., с колебаниями от 190 до 225 мм. Основу пятилеток составили особи длиной 211-240 мм. Размеры шестилеток карася колебались от 210 до 270 мм., в среднем составляя 234 мм. Доминирующими являлись особи размером 211-240 мм. Средний размер тела семилеток карася составил 271 мм., с колебаниями от 230 до 310 мм. Преобладали особи длиной тела 241-270 мм. В популяции карася доминировали особи размером 226-250 мм. и массой 301-350 г. В промысловом стаде карась представлен только самками.

По расчетам численность карася оценивается в 2,684 тысячи экземпляров, промысловый запас 0,950 тонн. На период с 01.07.2021 г. до 01.07.2022 г. предельный допустимый улов (ПДУ) карася составит 0,285 тонны.

Змееголовка. В опытных уловах встречались рыбы размером от 360 до 590 мм., массой от 580 до 2930 г., при средней длине тела 460 мм. и средней массе 1568 г. Возрастной состав змееголова представлен тремя генерациями, доминировали шести – и восьмилетки (табл. 6).

Таблица 6. Возрастной состав змееголова

Возрастной ряд	Длина рыб (мин.-макс.), мм.	Средняя длина рыб, мм.	Кол-во рыб, экз	Доля рыб, %
4+	370	370	1	9
5+	360-400	375	5	45,5
7+	535-590	564	5	45,5
Итого	360-590	460	11	100

Длина тела пятилетки змееголова составила 370мм. Средний размер тела шестилеток составил 375 мм., с колебаниями от 360 до 400 мм. Преобладали особи размером тела 351-375 мм. Средняя

длина тела восьмилеток змееголова составила 564 мм., с колебаниями от 535 до соотношения полов змееголова в в этом году показало преобладание самок. Среди самок преобладали шестилетки.

По расчетам численность змееголова оценивается в 0,107 тыс. экз., промысловый запас 0,167 тонны. На период с 01.07.2021 г. до 01.07.2022 г. в озере Жанай предельный допустимый улов (ПДУ) змееголова может составить 0,050 тонн.

Красноперка. В контрольных уловах встречались красноперки размером от 195 до 260 мм. и общий массой от 158 до 288 г., при средней длине тела 214 мм. и массе 237 г., доминирующими являются шестилетки (табл. 7).

Таблица 7. Возрастной состав красноперки

